3. Nichols, E. S., & Joannis, M. F. The Impact of Bilingualism on Executive Functioning: A Review of Behavioral and Neuroimaging Research // *Journal of Cognitive Neuroscience*, 2020. - 32(2). –P. 162–178.
4. Chen, S. X., & Padilla, A. M. Biculturalism and Bilingualism: The Relationship Between Language and Cultural Identity// *Journal of Cross-Cultural Psychology*, 2019. 50(7). P. 869–887.
5. Ramadani, V., Rashiti, L., & Zeqiri, I. The Influence of Bilingualism on Stress and Coping Mechanisms in Diverse Cultural Contexts // *International Journal of Multilingualism*, 2023. 20(3). –P. 310–325.
6. Hosoda, C., & Stone-Romero, E. F. The Effects of Bilingualism on Cognitive Control: The Role of Executive Functioning // *International Journal of Psychology*, 2013. 48(5). P. 715–727.
7. Paap, K. R., & Greenberg, Z. I. There is No Coherent Evidence for a Bilingual Advantage in Executive Processing // *Cognitive Psychology*, 2013. 66(2). –P. 232–258.

## **ОТАНДЫҚ ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ ҒЫЛЫМИ МЕКТЕП МӘСЕЛЕСІН ЗЕРТТЕУДІҢ МАҢЫЗЫ**

**Сейітнұр Ж.С.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан

*Ғылыми мектеп - бұл көшбасшысы мен зерттеу бағдарламасы, өзіне тән әдіснамасы бар ғылыми көзқарастардың рәсімделіп қалыптасқан жүйесі, сондай-ақ осы көзқарастарды ұстанатын ғылыми қауымдастық (ізбасарлардың кем дегенде үш буыны болуы). Ғылыми мектептің қалыптасуы көшбасшының ықпалында болады, оның эрудициясы, ұстанымдары, қызығушылықтары мен жұмыс стилі жаңа ғалымдарды тарту үшін шешуші мәнге ие болып табылады. Ғылыми мектепте бір мамандық бойынша үш ғылым докторы болуы керек (тақырыптары өзара байланысты). Ғылыми мектептер кафедралар, институттар, елдер және кез-келген деңгейдегі ғалымдар бірлестіктері шеңберінде құрылады.*

**Түйін сөздер:** ғылыми мектеп, ғылыми дәстүр мен ғылыми көшбасшы

*Научная школа — это оформленная система научных взглядов, имеющая лидера и программу исследований, отличающаяся определённой методологией, а также научное сообщество, придерживающееся этих взглядов (не менее трёх поколений последователей). На формирование научной школы влияет лидер, эрудиция, взгляды, интересы и стиль работы которого имеют решающее значение для привлечения новых ученых. Считается, что лидером школы является только доктор наук ( профессор ). Научная школа должна иметь три доктора наук по одной специальности (связанная тематика). Научные школы формируются в рамках кафедр, институтов, стран и объединений учёных любого уровня.*

**Ключевые слова:** научная школа, научная традиция и научный лидер.

*A scientific school is a structured system of scientific views that has a leader and a research program that differs in a certain methodology, as well as a scientific community that adheres to these views (at least three generations of followers). The formation of a scientific school is influenced by a leader whose erudition, views, interests and work style are crucial for attracting new scientists. It is believed that the leader of the school is only a doctor of sciences ( professor ). A scientific school should have three doctors of science in the same specialty (related topics). Scientific schools are formed within the framework of departments, institutes, countries and associations of scientists of any level.*

**Keywords:** scientific school, scientific tradition and scientific leader.

Ғалымдар үшін тарихи ойлау өте маңызды. Тарих әлеуметтік жады қызметін атқарады. Амнезиясы бар адамды ауру деп санайтыны сияқты, өткені туралы білмейтін қоғамды сау деп санау қиын. Әрбір жаңа буын өткеннен өзі үшін болса да жаңалық ашады. Кезінде Алаш көсемі Әлихан Бөкешан былай деп жазған екен: «Өзінің тарихын жоғалтқан жұрт, өзінің тарихын ұмытқан ел - қайда жүріп, қайда тұрғандығын, не істеп не қойғандығын білмейді, келешекте басына қандай күн туашығына көзі жетпейді». («Қазақ» газеті, № 2, 1913 жыл). Бұл тұжырым ғылым тарихына да тікелей қатысты. Өткенімізді білмей, бүгінгі жай-күйімізге қалай жеткенімізді түсіне алмаймыз. Ғылым дамуының сыртқы факторлардан бөлек ішкі логикасы да болады. Генезисті білу маманды тарихи амнезиядан, нигилизмнен сақтайды. Әсіресе, ол ғылыми дәстүрлер сабақтастығында маңызды рөл алады. Студенттер мен магистранттарды, жас ғалымдарды даярлаудағы маңызды бөлік болып табылатын тарихи-ғылыми мәдениетті қалыптастыру ісін естен шығарудың салдарын ғылыми қауым жақсы түсінуі тиіс. Өкінішке орай, біздің елімізде тарихи-психологиялық зерттеу бағытына жоғарыдан қарау, бұл жанрды менсінбей төменсітетін көзқарастар орын алып отыр. Нәтижесінде, бұл бағыттағы зерттеулерге кейінгі толқын тарапынан қызығушылық азайды.

Соңғы уақыттары психология саласына қатысты отандық ғылыми журналдар тарихи зерттеулер бағытындағы материалдарды жариялауды қойды. Тек эксперименттік зерттеу жұмыстары ғана маңызды, қалғандары қосалқы дүниелер боп саналады. Журнал редакторлары методолог Марк Блоктың маңызды ескертпесін ұмытып кетуде: “Бір сөзбен айтқанда, өткенді танып білудің қазіргіні танудан өзгешелігі, ол әрқашан тікелей емес” [1, 30 б.]. Тарихи танымның тағы бір ерекшелігі – оның ретроспективтілігі. Тарихшыға жиі кері қайтуға тура келеді: басқа ғылымдарда әдетке айналғандай себептен салдарға емес, керісінше салдардан себепке барады. Кинотаспаны кері айналдырған тәрізді. Ғылым саласының қалыпты дамуы оның өткен тарихын зерттеуге қаншалықты көңіл бөлуіне байланысты болып келеді.

Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдардың ерекшеліктерін ескермеу - жаратылыстану ғылымдарының әдіснамасына негізделген позитивизм концепциясынан шыққан ұстаным. Шынайы ақиқат білімге жету үшін бірден-бір дұрыс жол тек жаратылыстану парадигмасы делінеді. Позитивизм мен сциентизмнің әйгілі тұжырымын физик Э.Резерфорд айтып кеткен екен: «Барлық ғылымдар физикаға және маркалар коллекциясын жинауға бөлінеді». Біздің университеттің бір ректоры да өз сұхбатында «Менің құдайым - физика» деп айтқаны бар.

Сциентистер тек ғылыми әдістің интеллектуалды күші бар, сондықтан өнер және мораль сияқты басқа салалар ғылыми әдіснамаға бейімделуі керек деп санайды. Сциентизмнің айқын көріністеріне неопозитивизм шеңберінде ғылым концепциялары мен заң жобаларын әзірлеу, әкімшілік бюрократия мен ғылыми қауымдастық арасындағы технократиялық тенденциялар, сондай-ақ кейбір гуманитарлық ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарының әдістері мен принциптерін әлеуметтік-гуманитарлық зерттеулерде қолдану әрекеттері жатады. Зерттеушілер қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарда сциентизм жаратылыстану ғылымдарымен салыстырғанда өз пәнінің ерекшеліктерін елемеумен немесе жете бағаламаумен, сондай-ақ нақты дәл ғылымдардың әдістерін олардың жарамдылығына тиісті сыни баға бермей-ақ қолдану әрекеттерімен байланыстырады. Мысалы, әлеуметтануда сциентизм әлеуметтік зерттеулердегі сандық әдістердің маңыздылығын асыра бағалаумен және әлеуметтік талдау объектілерінің бірегей сипаттамаларын жете бағаламаумен байланысты. Сондай-ақ, ғылым құндылық аспектілерін ескеру қажеттілігін елемеуден және әлеуметтік-философиялық мәселелерге әсер ететін теориялық концепцияларға теріс көзқараста көрінеді. Мұндай ахуал психология саласында да қалыптасып отыр. Қазіргі идеал - дәл ғылымдар деңгейіне жету. Бәрін соларға еліктеп жасау. Болашақ мамандардың әдіснамалық даярлығына жеткілікті көңіл бөлмеу психологияны балық та емес, ет те емес, маргинал ғылым дәрежесіне түсіріп отыр. Батыстық ғылымдарды топтастыру жүйесінде психологияны биологиялық ғылымдар қатарына жатқызу тенденциясы орын алуда.

XX ғ. 50-60 жылдарынан бастап елімізде тарихи-психологиялық зерттеулер жүргізіле басталды. Оның негізін қалаған – ҚазССР Ғылым академиясының академигі, педагогика ғылымдарының докторы, 1948-53 жылдары ҚазМУ-дың ректоры және педагогика және психология кафедрасының меңгерушісі қызметін атқарған Төлеген Тәжібаев (1910-1964). Әрине, ол кездегі тарихи зерттеулер сол заманның талабына сай, жалғыз ғана дұрыс боп табылатын маркстік-лениндік әдіснаманың принциптері мен коммунистік идеологиялық ұстанымдар тұрғысынан жазылды. Тіпті ұлтымыздың педагогика және психология саласындағы көрнекті тұлғалары (Ж. Аймауытов, М. Жұмабаев және т.б.) буржазиялық ұлтшылдар атанып еңбектерін оқуға тиым салынды. Сондықтан, тоталитарлық жүйенің шектеулерін ескеруіміз керек.

Тарихи шындық: Қазақстан 1991 жылға дейін отар ел болдық. Идеологиялық қысым кезінде тұтас бір салалардың жойылып және ұлттың бетке ұстар ғалымдарының қуғын-сүргінге ұшырағанын да білеміз. Психология тарихындағы елеулі өзгерістер коммунистік партияның қадағалауымен жүргендіктен оның қаулылары, шешімдері маңызды рөл атқарғаны да белгілі. Кеңес заманында республикадағы психология кафедрасы жоғары басшылықтың шешімімен ашылды. Ғылым тарихшысы өзі зерттейтін ғылым саласының дамуына немесе тежелуіне не әсер етті, оны да ашып көрсету керек. Тарихтан сабақ алу деген нәрсе бар.

Қазақстандағы тарихи- психологиялық зерттеулерді ары қарай дамытқан ғалымдар Қ.Б. Жарықбаев, Ж. Түрікпенұлы, А.Т. Ақажанова, В.В. Чистов болды. Егемендік алған соң бірқатар ізденушілер тарихи-психологиялық зерттеулермен айналысты (А.Ж. Мірәлиева, Ж.Н. Сабирова, Сейітнұр Ж.С., Н. Иманғалиева, Ж.Қабылғазы және т.б.). Азды-көпті тарихи-психологиялық зерттеулер, ізденістер студенттер мен магистранттардың дипломдық жұмыс деңгейінде және ғалымдардың мерейтой аясында болса да бүгінде жалғасуда. Бірақ жоғары мектеп Болон жүйесіне көшкелі бері отандық психологтардың мұрасын зерттеу ісі тоқырап қалды десе де болады. Жаһандану, білім мен ғылымның интернационализациясы, трансұлттық білім стандарты отандық ғылыми өнімдерді, әсіресе төлтума гуманитарлық сипаттағы интеллектуалдық өнімді өндіруге ізденушілерді онша ынталандырмайтыны көрініп қалды.

“Зияткерлік егемендік” түсінігі бүгінде ескірген көзқарас, анахронизм боп саналады. Қазақстандық мазмұнды талап етудің өзі заманауи ізденістерге сәйкеспейтін ескінің қалдығы іспетті. Мұның арты не соғатынын байқала басталды. Қазақтілді мамандар ғылымдағы аутсайдерге айналады.

Отандық психология тарихын зерттеуде жеткілікті қарастырылмаған мәселелер әлі баршылық. Соның бірі - отандық психологиядағы ғылыми мектептер туралы мәселе. Бұл тақырып психология тарихшылары тарапынан әлі күнге дейін толық зерттелініп, ғылыми түрғыдан таразыланған жоқ. Еліміздегі тарихи-психологиялық зерттеулерде неліктен ғылыми мектеп мәселесі қарастырылмады? Оның бір себебі мынада жатыр: жалпы ғылыми мектеп құбылысын қалыптасқан дәстүр бойынша ғылымтану мен ғылым социологиясы, ғылым философиясы қарастырып келді. Өзге ғылым салалары оған арнайы тоқталып жатпады. Бұл олқылықты түзету қажет. Тек кейін психология тарихшысы М.Г. Ярошевский жүргізген зерттеулер ғылыми мектеп мәселемен психологтардың айналысуына негіз салып берді [2]. Психология тарихшысы М.Г. Ярошевский ғылыми мектептердің типологиялық формаларына мыналарды жатқызады: а) ғылыми-білім беру мектебі; ә) мектеп - зерттеуші ұжым; б) мектеп бағыт ретінде [2, 28]. Әрбір ғылыми мектеп сол ғылым саласында жаңа көзқарастардың қалыптасып дамуына әсер етеді. М.Г. Ярошевский ғылыми мектеп ұғымына байланысты өз түсінігін былайша беріп кетеді: «... «мектеп» термині тарихшылардың жалпы мойындалған пікірі бойынша, біріншіден, шығармашылыққа оқыту мен зерттеу процесінің бірлігі; екіншіден, ғалымдар бір тобының басқалардан өзгеше ұстанатын позициясы». [2, 86]. Қайталанбас бірегей позиция ұстану бүгінде қиын.

Психологияда мектеп дегеніміз ортақ көзқарастар, ортақ ғылыми дәстүр, ортақ бағдарламасы бар бірлестік. Басқа ғылыми салаларға қарағанда психологияда мектепке мүшелік әлдеқайда үлкен рөл атқарады. Олар басқа мектептерге қарсы өз көзқарастарын қорғау үшін бірге жұмыс істейтін команда іспетті. Ғылыми мектепке жату әрбір психолог үшін маңызды сипаттама болып табылды, өйткені ол әріптестер арасында ортақ көзқарастар мен алдыңғы білімдердің үлкен жиынтығын ие болатынына сенімді болады.

Қазақстанда психология саласында өзіндік ғылыми мектеп бар ма? Ғылыми мектеп тұрмақ, елімізде жөнді психология ғылымы да жоқ деген бір шектен екінші шекке шыққан пікірлерді де естідік. Мұндай абсолюттеу, өзімізді өзіміз терістеу психология ғылымының беделін ғылыми жұртшылық арасында еш көтермейді. Максимализм әдетте жастарға тән деуші еді, бірақ мүйізі қарағайдай делінетін аға буын докторларымыз солай деп бағалап жатқан соң кейінгі ұрпақ қайда барады. “Е-е, бізге дейінгілер түк бітірмеген екен ғой” деген біржақты тұжырымға келеді.

Ғылыми мектептер туралы мәселе психология ғылымы тарихында әлсін-әлсін көтеріліп отыратын тақырыптардың бірі. Ғылыми білімнің ажырамас құрамдас бөлігі ғалымның өз идеяларын түсіндіруі ғана емес, сонымен бірге оларды ғылыми қоғамдастықтың түсінуі болып табылады. Өйткені, ғылыми мектеп деген не және оны қалай ажыратуға болатыны туралы пікірталастар легі әлі толастамай отыр. Оның мәні туралы біздің әртүрлі түсінуіміз мен көзқарастарымыз ортақ келісімге келуге кедергі болуда. Әрине, ғылыми конференция мен дөңгелек үстелдердегі баяндамалар мен мақалаларда, қандай да бір ғылыми мектепке жататын атақты ғалымдардың есімдері мен еңбектерін атап кету белгілі бір ғылыми норма болып табылады. Бізде дәлелдеп негізделген ғылыми мектеп туралы концепция болмағанымен, кейбір зерттеу бағыттарын ғылыми мектепке теңеп қарастыру дәстүрі қалыптасқан. Дегенмен, ғылым саласындағы институционализацияның жоқтығы бұл сөздерді тек бос мәлімдемеге айналдырады.



Жалпы ғалымдар арасындағы әлеуметтік-шығармашылық байланыстың институционалданған бір түрі – ғылыми мектептер. Әдетте ғылыми мектептер білім беру мен ғылыми зерттеу функцияларын атқарады. Әрбір мектеп - микроәлеуметтік құрылым. Ғылымдағы мектептер көбінесе оның негізін салушының атымен аталады (И.М. Сеченов, Л.Н. Выгодский, З.Фрейд және т.б.). Сондай-ақ, оларды орналасқан жеріне байланысты да атауға болады (Вена мектебі, Франкфурт мектебі сияқты). Ғылыми мектептердің қалыптасуы мен дамуы белгілі бір зерттеу бағдарламаны негіздейтін және оны жүзеге асыру үшін ұжымның өзге мүшелерін өз маңында топтастыра алатын көшбасшысыз мүмкін емес. Бұл әсіресе шығармашылыққа қолайлы психологиялық ахуал (климат) бар кезде неғұрлым табысты іске аспақ. Аға буынның әңгімелерінен ұққаным алматылық психологтар арасындағы өзара қатынас, психологиялық климат онша болмаған екен. Өмір бойы бірін-бірі мойындамай өткен адамдар болыпты. Бірақ соншалықты алсықан олардың отандық психологияға қомақты үлес қосты деп те айта алмайсың. Оның нәтижесі ретінде психологиядан не факультет не институт жоқтығын зерттеушілердің бәрі айтады.

Кейбір зерттеушілердің пайымдауынша, мемлекетте ұлттық ғылыми қоғамдастықтың және Ұлттық ғылыми академияда жанында іргелі зерттеулермен айналысатын институттың болуы кемелденген ғылымның көрсеткіші боп табылады. Жалпы ғылым әлеуметтік институт ретінде ерекше кеңістікте өмір сүреді. Өкілетті ғылыми қоғамдастықты ұйымдастыру бұл әлеуметтік ғылым институтының бар екендігінің бір дәлелі ретінде саналады.

Тәуелсіз мемлекетте ғылыми күштерді біріктіретін және өз зерттеулеріне жастарды тартатын белгілі бір орталық болуы керек. Ол әр елдерде әр түрлі. Біздің елде ғылыми зерттеулер университеттерде, жоғары оқу орындары мен арнайы ғылыми-зерттеу институттарында жүргізіледі. Алайда, біз үшін тағы бір маңызды нәрсе бар. Ол ғалымдардың өздерін ғылыми зерттеулерге жетекшілік етуге, оны қаржыландыруға, өз құқықтарын қорғауға қабілетті біртұтас әлеуметтік топ ретінде мойындалуы. Ғылыми қоғамдастықтың қалыптасуы - сол ғылымның қоғамда орын алғанының басты белгісі. Ғылыми конгрестер мен съездер отандық ғылымының қалыптасуы мен дамуы үшін жұмыс жасайды. Қоғам тарапынан болса да мойындатады. Дегенімен ғылымның институционалдануы ғылыми қоғамдастыққа тән автономия болмай толықтай іске асуы мүмкін емес.

Академиялық еркіндік идеясы Еуропадағы зайырлану көзқарастарынан бастау алады. Академиялық еркіндік идеясы ғалымдар үшін ғылыми мақсаттарды, зерттеулерді ұйымдастыруды өз бетінше таңдауды көздейтін құқықтық принциптің болуы, ғылыми идеяларды білдіру және жеткізу еркіндігі және ғылыми сын еркіндігі талабы орындалуы, ғылымдағы плюрализмнің болуы мен ғылыми еңбектерін жариялайтын басылымдардың болуын білдіреді.

Ғалымның кәсіби қызметі қоғамда қандай жағдайда оң бағалана бастайды? Егер олар ақиқат пен әділдікті басты құндылық ретінде ұстанса ғана. Ғылыммен айналысатын адам билік басындағылардың қисынсыз реформаларын, ойына келген әуесқой жобаларын, тілектерін орындайтын сарай ғалымы емес, өзінің позициясы мен автономия құқығын қорғайтын тұлға. Ғалымдар өздерін дербес біріккен топ ретінде көрсетіп, ғылыми зерттеулерге еркіндік беруді, алдын ала цензураны, орынсыз шектеулерді жоюды талап етуге құқылы. Ғалымдар тек биліктің тапсырмасын бұлжытпай орындайтын қауым емес. Ғалымның беделі саясаткерлерден еш төмен болмауы керек. Ғылыми ортада пікірталастар орын алуы мен оппоненттер, қарсы сыни пікір айтушылардың болуы аса маңызды. Цензура мен монополия, өктемдік бар жерде ғылым дамымайды.

Ғылымды институционализациялаудың ең маңызды аспектісі ғылыми қызметті кәсібилендіру болып табылады. Ғылым адамның бүкіл өмірін қажет етеді. Оны өз мамандығына айналдыру арқылы ғана белгілі бір нәтижеге қол жеткізуге болады. Ғылыми қызметті кәсібилендірудің шешуші факторы жоғары білім беру жүйесі арқылы мамандар даярлауды ұйымдастыру болып табылады. Осы сала бойынша мамандарды шығара бастаған білім беру жүйесінде жаңадан пайда болған ғылыми пән немесе мамандық құрылғанда ғана бұл сала институттандырыла бастады деп айтуға болады.

Ғылымның институционализациясы заманауи білім жүйесінің дамуын, ғылыми институттар мен ұйымдардың қалыптасуын, ғылыми қоғамдардың құрылуын, ғылыми қоғамдастықта ғылыми коммуникацияның міндетті түрде болуын талап етеді.

Бүгінде біз Қазақстанда психология саласында ғылыми қоғамдар мен мықты ғылыми мектептер қалыптасып, әлемдік деңгейде болмаса да, посткеңсетік аумақта танылды деп айта аламыз ба? Тіпті өз еліміздегі халықтың психологиялық сұранысын қанағаттандыра алатын ұлттық кадрлар саны жеткілікті ме? Бәрі мойындаған беделді бір тұлға бар ма? Бұл сұраққа әр түрлі жауап алатынымыз сөзсіз. Ғылым тарихшысының бір міндеті сыртқы әлеуметтік және тарихи жағдайларға байланысты бір интерпретацияның емес, екіншісінің неге басым болатынын түсіндіру. Ғылым тарихшы жеке тұлғаларды ұнатса да, ұнатпаса да олардың үлесін объективті бағалауы керек.

Бүгінде зерттеушілер тарихты кімнің қалай жазатыны құндылыққа байланысты екендігін мойындап жатыр. Зерттеуші қандай құндылықты ұстанды, отаншылдық ғалымға жат па? Сонымен бізде ғылыми мектеп бар ма? Ғылыми мектеп боп саналуы үшін қандай шарт болуы тиіс? Жалпы ғылыми мектептің өмір сүруін нақты анықтау үшін кем дегенде зерттеушілердің үш буыны болуы тиіс екен. Яғни, ғылыми мектептің негізін қалаушы, эстафетаны жалғастырушы ізбасар және оның шәкірттері (қазақша айтсақ, «ғылымдағы немерелер»). Бірақ, ең басты шарт - педагогикалық шеберлігі мен жеке беделі жоғары көшбасшының болуы. Жетекшісі жоқ болса мектепте жоқ. Оның зерттелетін мәселеге қатысты жалпы бағдарламасын мойындайтын және соңынан еретін ізбасарлары қатары ұдайы толығып отыруы тиіс.

Ғылым теориясында «ғылыми мектеп» ұғымы көп мәнді сипатқа ие. Ең әуелі оны ғылыми қауымдастықтың бір типі әрі ғылыми қызмет бірлестігінің (кооперациясы) ерекше түрі ретінде қарастырады. Ғылыми мектеп өзге де ғылыми құрылымдармен тығыз байланысты. Мәселен, ғылыми пән мен ғылыми бағыт немесе ғылыми мекемелер (институт, лаборатория, сектор, кафедра және т.б.) сияқты ғылыми-әлеуметтік бірлестіктермен қатар кездеседі.

Ғылымтанушылар ғылыми мектептердің маңызды белгілеріне мыналарды жатқызады: белгілі бір *зерттеу бағдарламасы* мен *ғылыми көшбасшысы* бар ғылыми ұжымның болуы; ғылыми міндеттерден бөлек жаңа буын *ғалымдар даярлауы* (буындар сабақтастығы сақталуы тиіс); ғылыми мектепке тән *өзіндік жұмыс стилі*, *психологиялық ахуал*, ортақ қызығушылық, *зерттеудің мәнділігі*, ғылыми зерттеулердің жоғары деңгейі, мектеп өкілдерінің *тікелей қарым - қатынаста* болуы.

Сондай-ақ, жас ғалымның тұлғасын қалыптастыруда оның жолында кездесетін, ғалымға үлгі бола алатын ғылыми жетекшісі мен аға әріптесі маңызды орын алады. Ғылыми жетекшінің әсері оның статустық-рөлдік ерекшеліктерімен және ғалымда белгілі бір құндылықтардың қалыптасуына тікелей әсер ететін тұлғалық беделімен байланысты. Ғылыми мектептің басты тұлғасы және өзегі – оның көшбасшысы. Көбіне ол ғылым докторы болып келеді. Бірақ «ғылым докторы» мен «мектеп басшысы», «ірі ғалым» ұғымдары бір-біріне сәйкес келе бермейді екен. Қазақстан жағдайында көптеген лауазымды тұлғалардың ғылым

доктор атақтары болғанымен ғылыми зерттеу бағдарламалары мен оны жалғастыратын шәкірттері жоқ. Еліміздегі ғылымның жағдайы мен дамуына байланысты тарихи жауапкершілікті сол лауазымы бар, әкімшілік билікті ұстап отырғандардың мойнында. Атақты алдың ба, жауапкершілікті де ал. “Меннен кейін топан су басса да мейлі” дейтін позиция ұстанатын топ-менеджерлер, академиктер мен профессорлар кездесетіні еш құпия емес. Отандық ғылымға жаны ашитындар азайып кетті деген пікірлерді қазір жиі еститін болдық.

Идеалды ғалымның бейнесі шынайы өмірде күткеннен қатты алшақтайтын жағдайлар да кездеседі. Оған әртүрлі психологиялық факторлар әсер етеді. Ғалымдардың идеалды бейнесі мен нақты мінез-құлқы арасындағы бұл сәйкессіздік кейде зерттеушілер арасында когнитивті диссонанс пен екі жақтылық сезімін тудырады. Ғалымның тек ақиқатты ашуға мүдделі және ғылыми қызмет мұраттарын бұлжытпай ұстанатын адам ретіндегі бейнесі көбіне шындыққа жанаспай жатады.

Сыншылар әлеуметтанушы Р.Мертон сипаттаған ғылыми этостың, яғни ғылыми іс-әрекет нормаларын (объективтілік, әмбебапшылдық, ұйымдасқан скептицизм, мүддесіздік және коллективизм (өз жаңалықтарын басқа ғалымдарға еркін және артықшылықсыз жеткізу) және т.б. қатаң түрде ұстанатын ғалым бейнесін «ертегі» деп сынға алып жатады. Сондықтан Қазақстандағы ғылыми өмір шындығы жеке зерттеуді талап етеді. Ғалым - өзі өмір сүрген дәуірдің замандасы. Оның ғылыми әлеуметтенуі сол қоғамда өтеді. Әр елдің ғалымдарының ортақ сипаттарынан бөлек өзіндік менталитеттері болады. Кейбір зерттеушілер Қазақстанда ғылыми мектеп емес, ғылыми кландар бар деп бағалап та жатады.

Жалпы ғылымтану пайда болғалы бері ол ғылыми бірлестіктердің екі түрін зерттеуге баса назар аударды: «ұйым, мекемелердегі ғалымдар» және «көрінбейтін колледждер». Алғашқысы әдетте институционалданған ғылыми қауымдастықтар болса, екіншісі бейресми, иерархия мен регламентациядан тыс, еркін байланысқа, ғалымдардың ресми емес коммуникациясына негізделген құрылым (Д. Бернал, Д. Прайс, С. Кроуфорд, Д. Крэйн, Н. Маллин және т.б.). Ғылыми мектептерді құру тәжірибесі олардың келесі түрлері барын көрсетеді:

1. Болашақ зерттеушілерді қалыптастыруға арналған ғылыми- *білім беру мектебі*;
2. Мектеп көшбасшысы әзірлеген зерттеу бағдарламасын бірлесіп жүзеге асыратын, дамытатын ғалымдар тобы - *зерттеуші ұжым*;
3. Белгілі бір дәстүрлерді жалғастыратын ғалымдар тобы мен зерттеу ұжымдарын қамтитын *ғылымдағы бағыт*;
4. Атақты, есімі ғылыми жұртшылыққа танымал ғалымның жетекшілігімен кандидаттық немесе докторлық диссертациялар әзірлеген ғалымдар;

Ғылым тарихшылары үшін күрделі проблеманың бірі- ғылыми мектептердің пайда болуы мен өмір сүру уақытын дәл анықтау. Өйткені, ғылым саласына өзіндік үлес қосқан кез келген ғалымдар тобын ғылыми мектеп деп айта алмаймыз.

Біз үшін тәуелсіздік жылдарындағы Қазақстандағы психология ғылымының дамуы идеялық, ұйымдастырушылық, кадрлық және ғылыми тұрғыдан үлес қосқан көрнекті ғалымдар мен кафедралар жұмысын ашып көрсету маңызды міндет. Еліміздің психология саласындағы ғылыми мақалалар мен еңбектерді жүйелеу және талдап бағалау психолог тарихшылардың жұмысы. Әсіресе, ғылыми дамуға интеллектуалдық серпін берген, эвристикалық құндылығы бар еңбектерді оқулықтарға енгізудің пайдасы зор.

Ғылыми прогрестің қозғаушы күші ғалымның тұлғасы мен шығармашылық жолы, яғни оның ғылыми идеясы, көзқарастары, тұжырымдамалары мен теориясы. Біздің ілгеріде қызмет

еткен ғалымдардың кім екендігін, олардың өмірде не істеп, не бітіргендігі, өзінің күш-жігері мен қуаттын неге жұмсағандығы, атқарған істерінің қайсынан ұлтына пайда, қайсысынан зардап көргендігін тарих қана ашып береді. Тікен еккен жерге бидай шықпайтыны сияқты, ізденіске шақыратын ғылыми орта болмай, ғылыми мектеп болмай сол ғалымның дамуы қиын.

Қазақстанда, бүгінгі таңда филология ғылымында, соның ішінде қазақ әдебиетінде тұлғатану біршама қалыптасқан сала екен, сондай-ақ отандық педагогика ғылымы жеке ғалым тұлғасын зерттеу ісін үлкен жолға қойыпты. Ал кеңестік дәуірдегі психология саласындағы ғалымдар бірінің көзін бірі шұқудан уақыты артылмапты, істегенінің бәрі қиянат пен әділетсіздік екен. Университтердегі психологиялық ахуал дұрыс болмағандықтан бізде ғылым дұрыс дамымады.

Қазақстан 1991 жылы саяси тәуелсіздік алған кезде республикада психология бойынша не факультет, не диссертациялық кеңес ашайын десек, жеткілікті ұлт ғалымдары болмады. Ұлттық кадрларды даярлауда Өзбекстанның, Қырғызстанның ғалымдарына кіріптар болдық. Мұның бір себебі, Қазақстанның психология ғылымында көп жылдар бойы лайықты көшбасшы болмапты. Білімі мен тұлғалық қасиеті мойындалған, ұлттық құндылық мен заманауи білімді қатар алып жүрген, болашақ ұрпақтың да мүддесін, ғылымның мүддесін қорғайтын тұлға жетіспеді. Әркім бір “данышпан”. Қалың жұртшылық біздің елде зиялылық пен психолог тұлғасы сиыспайтын қарама - қарсы ұғымдар деп бағалады. Мұның себебін біреулер, психология ғылымына «комплексі» бар адамдар келеді деп түсіндірсе, екінші біреулер бұрынғы орталықтың – мәскеу мен ленинградтық психологтардың тәрбиесін көргендердің жаман өнегесі дейді. «Сынықтан басқаның бәрі жұғады» дейді қазақ мәтелі. Әйтеуір, өзге мамандық иелері тарпынан біздегі психологтарға деген қатынас, стереотиптер жағымды деп айта алмаймыз. Көп жылдар бойы ауызбіршілік мәселесі де отандық психологтар үшін өзекті болып келді. Соның кесірінен, өзге республикаларда психология бөлімі мен факультеттері қызмет істеп жатқан кезде бізде кафедра жалпыуниверситеттік (жалпыинституттық) деңгейден аса алмады. Сонда бұрынғылардың қай ісінен үлгі алмақшымыз?

Жағдай Қазақстан тәуелсіздік алған соң ғана түзеле бастады. Қазақстанда тұңғыш рет Д14А32 мамандандырылған психологиядан докторлық диссертациялық кеңес ашылды. Нәтижесінде, біз бүгінде айтарлықтай саны бар психологтар корпусына ие боп отырмыз. Болашақта еліміздегі психология кафедраларында ғылыми зерттеулер ісі қалай жолға қойылғаны және ғылыми-педагогикалық кадрлар қалай даярланғаны жайлы арнайы зерттеулер жүргізілуі тиіс.

Сөйтіп, зерттеушілердің басым бөлігінің пікірінше, ғылыми мектеп: өзіндік әдіснамасы бар, нақты танымның құралдарын анықтаған, бірегей ғылыми бағытты дамытады; институционалдық дамуға әкеледі (мектептерден жаңа зертханалар, кафедралар, дербес ғылыми және оқу орындарының қалыптасуы); әлеуметтік ғылыми және ресми мойындауды алады; ықпал ету және материалдық және адам ресурстарын алуға құқығы бар; жаңа мамандықтарды жасайды; кадрларды даярлау процесін байытады; белгілі бір білім саласының маманы болады; белгілі бір саладағы бағалау және сараптама процестерін қадағалайды.

Ғылыми мектепті сақтаудың маңызды факторы – ұжымда қалыптасқан ұйымдастырушылық мәдениет. Дегенмен, басқа да аспектілер маңызды: оқушылардың таланты мен дарындылығы және олардың мектепті сақтап қалу қабілеті, сыртқы ортаның реакциясы, өндірілген интеллектуалдық «өнімге» сұраныс, қоғамдық мойындалу ауқымы және т.б. Нағыз ғалымдардың әрдайым өз позициялары болады. Ұлтқа зияны тиетін шешімдерге қарсы тұра алатын беделі болады. Уақытша мода соңынан кетпейді. Мәселен,

Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры В.А.Садовничий ғылымның дамуын жетекші журналдардағы жарияланымдар саны бойынша бағалаудың бүкіл әлемде қолданылатын әдісі орыс тілінде шығатын ғылыми журналдарға зиянын тигізеді деп есептеді. Ол ресейлік техникалық және жаратылыстану білім беру жүйесі үшін қолданыстағы стандарттар оңтайлы және басқаларын енгізу қалыптасқан ғылыми мектептерді жоюы мүмкін екенін атап өтті. Әр мемлекет өзінің ұлттық мектебін сақтауға ұмтылуы тиіс. Ол дәстүр сабақтастығы бар жерде ғана мүмкін болады.

Қорыта айтсақ, ғылыми мектеп идентификациясы келесі белгілерге тәуелді:

- ғылыми көшбасшының болуы; зияткер лидер жоқ болса, мектепте жоқ
- зерттеушілердің бірнеше буынының болуы;
- білімді жасау, беру және қолданудың өзіндік технологиялары;
- ғылыми мектеп мүшелерінің белгілі бір идеялар, біртұтас парадигма және ғылыми зерттеу жолдары аясында қалуға келісімі; Өйткені, ғылыми мектеп – біртұтас зерттеу бағдарламасы. Зерттеу бағдарламасы болмаса, оны шәкірттері ұстанбаса, ол мектеп жойылады.
- қоғамдық мойындау, тану ауқымы.

#### Әдебиеттер

1. Блок М. Апология истории, или ремесло историка. – М.: Наука, 1973. – С. 30.
2. Ярошевский М.Г. Логика развития науки и научная школа // Школы в науке / Под ред. С.Р. Микулинского, М.Г. Ярошевского, Г.Кребера, Г. Штейнера. - М.: Наука, 1977. – 510 с.

### ОБЗОР УЧЕБНОГО ПОСОБИЯ «КАЗАХСКАЯ ЭТНОПСИХОЛОГИЯ» ПОД АВТОРСТВОМ К.Б. ЖАРИКБАЕВА И ЕГО КОЛЛЕГ

**Отарбекова А.А., Алпамысқызы А.**

НАО «Карагандинский университет имени академика Е.А. Букетова»  
Караганда, Казахстан

*В статье приводится обзор учебного пособия К.Б. Жарикбаева и его коллег «Казакская этнопсихология». Приведены данные анализа теоретического материала, посвященного изучению истории становления и развития основ казахской этнопсихологии, его нынешнего состояния и тенденций развития в XXI веке. Поднимаются и обсуждаются вопросы культурной и психологической составляющих казахского этноса.*

**Ключевые слова:** этнопсихология, учебное пособие, казахский народ, обзор.

*Бұл мақалада Қ.Б. Жарықбаев пен оның әріптестерінің "Қазақ этнопсихологиясы" оқу құралына шолу жасалады. Қазақ этнопсихологиясы негіздерінің қалыптасу және даму тарихын, оның қазіргі жағдайы мен XXI ғасырдағы даму үрдістерін зерттеуге арналған теориялық материалды талдау деректері келтірілген. Қазақ этносының мәдени және психологиялық құрамдас бөліктері туралы сөз көтеріледі.*

**Түйін сөздер:** этнопсихология, оқу құралы, қазақ халқы, шолу.

*This article provides an overview of the textbook by K.B. Zharikbayev and his colleagues "Kazakh ethnopsychology". The data of the analysis of theoretical material devoted to the study of the history of the formation and development of the foundations of Kazakh ethnopsychology, its current state and development trends in the XXI century are presented. The issues of cultural and psychological components of the Kazakh ethnic group are raised and discussed.*

**Keywords:** ethnopsychology, textbook, Kazakh people, review.

**Введение.** Учебное пособие «Казакская этнопсихология», написанное К.Б. Жарикбаевым, А.К. Олжаевой и М.К. Ахметовой, представляет собой важное актуальное исследование, посвященное особенностям этнопсихологических характеристик казахского народа. Кубигул

Бозаевич Жарикбаев является одной из главных фигур, внесших вклад в развитие психологической и педагогической наук Казахстана и стран СНГ. Это пособие глубоко и основательно погружается в многогранные аспекты казахской культуры и мировоззрения, выявляя фундаментальные психологические качества, присущие казахской этнической общности. Данная книга не только предоставляет теоретические знания, но и способствует лучшему пониманию читателем культурных традиций и обычаев, которые формируют психологический облик народа.

**Основная часть.** 1. Введение в казахскую этнопсихологию. В первой части пособия авторы знакомят читателя с основными понятиями этнопсихологии как научной дисциплины. Раскрываются такие понятия, как национальный характер, этнические самосознание, стереотипы и личность, психологический склад личности. Затрагиваются темы политики, религии, языка и психодиагностики.

Авторы рассматривают положения и понятия, изложенные старейшим русским психологом Н.А.Рыбниковым, А.С. Прангишвили, армянским психологом М.М. Мазманяном, академиком А.В. Петровским и др. [1, с. 11]

Этнопсихология изучает, как культурные и этнические факторы влияют на формирование личности и поведения людей. Казахская этнопсихология в данном контексте представляет собой исследование специфики психологии казахов, опираясь на исторические, культурные и социальные факторы, формировавшие менталитет народа.

Акцентируется внимание на важности понимания этнической идентичности, которая играет ключевую роль в психологии любой народности. Для казахов, чья история тесно связана с кочевым образом жизни, такими важными чертами являются уважение к старшим, гостеприимство, коллективизм и особое отношение к природе.

2. Историко-культурный контекст. Вторая глава данной научной работы посвящена историческому и культурному развитию казахского народа и тому, как определенные события повлияли на его психологические характеристики.

История казахов богата различными этапами: от времен кочевых племен до формирования Казахского ханства, а затем интеграции Казахстана в состав Российской империи и Советского Союза.

В данной части пособия выделяется тот факт, что многие казахские обычаи связаны древними нормами обычного права казахов, которые были утверждены и кодифицированы еще в Казахском ханстве. [1; с. 30] Отмечается, что кочевой образ жизни сыграл ключевую роль в исторической динамике. Как отмечал А.И. Левшин, «Степи их, как будто нарочно созданы для кочевой жизни» [2; с. 115]

3. Далее рассматриваются основные особенности культурных установок казахов, которые складывались на протяжении столетий под влиянием различных факторов, таких как природные условия, социальная структура и религия.

Одной из ключевых черт казахского народа является коллективизм. Общинный уклад жизни способствовал развитию взаимопомощи и глубокого чувства ответственности перед родом и племенем. Эти характеристики и по сей день оказывают значительное влияние на самосознание современных казахов.

Особое место в роли народного культа также занимает гостеприимство. Суровые условия степей формировали обычаи, согласно которым странник имел право на ночлег и пищу в любом доме казахских аулов. Этот обычай глубоко укоренился в образе жизни и мышления казахского народа.

Уважение к старшим прививается в казахских семьях с раннего детства. Это проявляется не только в семейных отношениях, но и в общественной жизни, где мнение старших членов общины имеет особую значимость. Так, Юсуф Баласагуни утверждал, что «отец за детей перед всеми в ответе, и кличут отца не по имени дети». [3; с. 3] Такая иерархия семейных и социальных ролей является одной из фундаментальных аспектов казахской этнопсихологии.

Обычаи и традиции пронизывали все сферы жизнедеятельности казахов. Они являлись зеркалом народной психологии, затрагивая темы воспитания детей, межличностных отношений, социальных ролей, ведения хозяйства.

Обряд «Бата беру» (благословение) - это один из примеров традиции, которая сохраняется и в современном казахском обществе. Этот обряд отражает сокровенность одобрения и поощрения старших и символическую передачу жизненного опыта и мудрости младшему поколению.

Не менее важным институтом этнопсихологии казахов являлся фольклор и народное творчество. Авторы отмечают красноречивость казахского народа, их тягу к искусству и поэзии. Как писал Ч. Валиханов: «Казахи - охотники до ораторских выступлений, они стремятся совершенствоваться в искусстве произнесения речей и особенно ценят того, чья речь плещет юмором или отличными находками» [4; с. 390]

Пословицы и поговорки были наполнены смыслами философского, общественно-политического, нравственно-этического характера. Однако, к сожалению, в русле психолого-педагогической мысли они еще не были предметом специального исследования. [5; с. 37]

#### 5. Влияние религии на психологию казахов.

Казахский народ в большинстве проповедует ислам. Он стал основной религией казахов с XV века. Исламские ценности, такие как терпение, сострадание, щедрость и уважение к другим, глубоко проникли в мировосприятие казахов. Примечательно, что постулаты исламской религии во многом совпадают с нормами и ценностями казахского общества.

Однако, наряду с исламом сохранились элементы такого доисламского верования, как тенгрианство. Вера в силы природы и духов предков все еще имеет место в сознании некоторых казахов, что создает уникальное сочетание традиционных и религиозных взглядов на мир.

6. Шестая глава книги посвящена особенностям межличностных отношений среди казахов. Рассматриваются такие аспекты, как семейные отношения, дружба, социальные связи.

Анализ семейных ценностей, которому уделено большое внимание, демонстрирует, что роль каждого члена семьи четко определена в строгой иерархии в духе традиционных ценностей. Гостеприимство, о котором было сказано выше, и уважение к гостям нашло отражение в пословицах и поговорках, которые передают важность поддержания хороших отношений с окружающими.

Авторы подчеркивают, что в современном обществе семейные ценности по-прежнему являются важнейшим элементом социальной жизни, хоть и претерпевают изменения под влиянием процессов смены парадигм современного общества.

#### 7. Психологические аспекты современной казахской молодежи.

Пособие также затрагивает тему современной казахской молодежи, которая находится на пересечении традиций и современности. Молодежь сталкивается с вызовами модернизации, урбанизации и технологического прогресса, что влияет на их мировоззрение и поведение.

Однако многие этнопсихологические черты остаются важной частью казахской психологии. Молодежь, живущая в крупных городах, может испытывать давление со стороны

нынешних тенденций, что иногда приводит к конфликтам поколений, так называемой проблеме «отцов и детей».

#### 8. Роль этнопсихологии в современном мире

В условиях глобализации и межкультурных контактов знание этнопсихологических данных различных народов становится все более актуальным. Этнопсихология позволяет глубже понять особенности поведения и мышления различных этнических групп, что способствует развитию толерантности и межкультурного взаимодействия. Говоря о толерантности, К.Б. Жарикбаевым и его коллегами отмечается ее важность, как свойства национального характера казахов, сложившегося под влиянием кочевого образа жизни. Выносливость и терпимость к любым трудностям были отличительными атрибутами казахов, позволявших выживать в тяжелых условиях джута и тоталитарного режима советской власти.

9. Таким образом, мы плавно переходим к тому, как кочевой образ жизни повлиял на психику и психологию казахов. Жизнь в степях требовала от казахов развитых навыков выживания, гибкости и умения приспосабливаться к меняющимся условиям. Эти черты, как и другие типические черты психологического склада кочевников, сохраняются в психологии казахов и по настоящее время, проявляясь в высокой адаптивности и стрессоустойчивости.

#### 10. Этнопсихологические исследования в Казахстане

Пособие включает обзор современных этнопсихологических исследований, проводимых в Казахстане. Упомянется огромный вклад в развитие этнопсихологической мысли такими великими деятелями науки и общества, как Г. Карашев, С. Торайгыров, А. Букейханов, А. Байтурсинов, М. Дулатов, Н. Кульжанова, Х. Досмухамедов, Ж. Аймауытов, М. Жумабаев и др.

Также было изложено исследование развития казахской этнопсихологии в хронологическом порядке. Упомянуты и проанализированы работы, начиная с идей древнетюркских мыслителей VI века до положения этнопсихологии как науки в постсоветском Казахстане (1991-2013 гг.).

#### 13. Казахская этнопсихология и современное образование

Одной из тем, затронутых в пособии, является влияние этнопсихологии на систему образования в Казахстане. Раскрываются аспекты разработки казахской национальной психологической терминологии, ее перспективы и развития; подготовка научных кадров по казахской этнопсихологии, а также подробно проанализированы современное состояние, задачи и перспективы развития этнопсихологии в Казахстане. Важность сохранения культурных традиций и этнопсихологических черт при воспитании и обучении молодого поколения, а также популяризации науки особо подчеркивается.

**Заключение.** Учебное пособие «Казахская этнопсихология» К.Б. Жарикбаева, А.К. Олжаевой и М.К. Ахметовой — это ценное достояние казахстанской науки. Авторы предоставляют результаты глубокого изучения культурных, географических, исторических и религиозных факторов, формирующих психологический облик казахов, и показывают, как эти факторы продолжают оказывать влияние на современное общество. А в конце каждой главы представлены ценные разделы цитат великих мыслителей и ученых «Из сокровищницы мудрых мыслей». Данное учебное пособие является полезным артефактом не только для студентов и исследователей, но и для широкого круга читателей, желающих лучше понять психологию казахского этноса.

#### Литература

1. Казахская этнопсихология: учебное пособие/К.Б.Жарикбаев, А.К. Олжаева, М.К. Ахметова. – Алматы: Қазақ университеті 2019.- 304 с.



2. А.И. Левшин. Описание киргиз-казачьих, или киргиз-кайсацких орд и степей / соч. Алексея Левшина. - СПб: Тип. Карла Крайя, 1832.
3. Газизова Ф.С. Педагогическая мысль древних тюрков: Ю. Баласагуни о раннем воспитании ребенка// Научные исследования в образовании, 2007.
4. Валиханов Ч. Собр. соч. в 5-ти томах. – Алма-Ата: Каз. энциклопедия, 1985. - Т.2.
5. К.Б. Жарикбаев. Пословицы и поговорки как предмет историко-психологических исследований// Материалы IV Всесоюзного съезда психологов. - Тбилиси, 1971.

## НАУЧНЫЕ ИДЕИ И ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ПРОФЕССОРА К.Б. ЖАРИКБАЕВА

Салиш С.С., Балмағамбетова Ә.С.

КГУ «СО ІТ ШЛ № 72 имени Абиша Кекилбайұлы»

Актобе, Казахстан

*Статья посвящена анализу научных идей и деятельности профессора К.Б. Жарикбаева, выдающегося казахстанского ученого-психолога. Рассматриваются основные направления его исследований, включая этнопсихологию, историю психологии Казахстана, психологию личности и педагогическую психологию. Особое внимание уделяется вкладу К.Жарикбаева в развитие национальной психологической школы и его роли в интеграции казахстанской психологии в мировое научное сообщество. Анализируется практическое применение его идей в образовании, консультировании и социальной сфере. Статья также освещает оценку научного наследия К.Жарикбаева казахстанскими и зарубежными учеными, подчеркивая его значимость для развития психологической науки в глобальном контексте.*

**Ключевые слова:** К.Б. Жарикбаев, казахстанская психология, этнопсихология, история психологии, психология личности, педагогическая психология, национальная научная школа, межкультурные исследования, психологическое наследие, научная деятельность.

*Бұл мақала көрнекті қазақстандық ғалым-психолог профессор Қ.Б. Жарықбаевтың ғылыми идеялары мен қызметін талдауға арналған. Оның зерттеулерінің негізгі бағыттары, соның ішінде этнопсихология, Қазақстан психологиясының тарихы, Тұлға психологиясы және педагогикалық психология қарастырылады. Жарықбаевтың ұлттық психологиялық мектепті дамытуға қосқан үлесіне және оның қазақстандық психологияны әлемдік ғылыми қоғамдастыққа интеграциялаудағы рөліне ерекше назар аударылады. Оның идеяларын білім беруде, кеңес беруде және әлеуметтік салада практикалық қолдану талданады. Мақала сонымен қатар қазақстандық және шетелдік ғалымдардың Жарықбаевтың ғылыми мұрасын бағалауын, оның жаһандық контексте психологиялық ғылымды дамыту үшін маңыздылығын атап көрсетеді.*

**Түйінді сөздер:** Қ. Б. Жарықбаев, Қазақстан психологиясы, этнопсихология, психология тарихы, Тұлға психологиясы, педагогикалық психология, Ұлттық ғылыми мектеп, мәдениетаралық зерттеулер, психологиялық мұра, ғылыми қызмет.

*This article is devoted to the analysis of scientific ideas and activities of Professor K.B. Zharikbayev, an outstanding Kazakh scientist and psychologist. The main directions of his research are considered, including ethnopsychology, the history of psychology of Kazakhstan, personality psychology and educational psychology. Special attention is paid to Zharikbayev's contribution to the development of the national psychological school and his role in the integration of Kazakh psychology into the world scientific community. The practical application of his ideas in education, counseling and the social sphere is analyzed. The article also highlights the assessment of Zharikbayev's scientific heritage by Kazakhstani and foreign scientists, emphasizing its importance for the development of psychological science in a global context.*

**Keywords:** K.B. Zharikbayev, Kazakh psychology, ethnopsychology, history of psychology, personality psychology, pedagogical psychology, national scientific school, intercultural studies, psychological heritage, scientific activity.

**Введение.** В соответствии с Законом Республики Казахстан "О науке" от 18 февраля 2011 года (с изменениями и дополнениями по состоянию на 2024 год), развитие отечественной

науки и поддержка научных исследований являются приоритетными направлениями государственной политики [1].

Актуальность изучения научного наследия выдающихся казахстанских ученых обусловлена необходимостью сохранения и приумножения интеллектуального потенциала страны, а также формирования национальной научной школы. Особое место в истории казахстанской науки занимает профессор К.Б. Жарикбаев, чьи идеи и деятельность внесли значительный вклад в развитие психологической науки в Казахстане [2].

Кубыгул Бозаевич Жарикбаев (1929-2019) - выдающийся казахстанский ученый, доктор психологических наук, профессор, основоположник казахстанской психологической школы [3]. Он является автором более 500 научных работ, в том числе 30 монографий и учебников, и внес неопределимый вклад в развитие психологической науки и образования в Казахстане [4].

Исследованием научного наследия К.Б. Жарикбаева занимались такие ученые, как А.Т. Акажанова [5], Ж.И. Намазбаева [6] и С.М. Джакупов [7]. Их работы позволили систематизировать и обобщить основные направления научной деятельности профессора Жарикбаева, создав фундамент для дальнейшего изучения его научных идей и вклада в развитие психологической науки Казахстана [3].

Профессор К.Б. Жарикбаев известен своими фундаментальными исследованиями в области этнопсихологии и истории психологической мысли Казахстана. Его работы по изучению психологических аспектов национального самосознания и межэтнических отношений заложили основу для развития этнопсихологии в стране. К.Жарикбаев также внес значительный вклад в разработку методологических подходов к изучению психологии личности в контексте казахской культуры. Особое внимание в его научной деятельности уделялось исследованию психологических воззрений казахских мыслителей прошлого, что способствовало сохранению и развитию национального психологического наследия [4].

**Основная часть.** Научная деятельность профессора К.Б. Жарикбаева охватывает широкий спектр психологических исследований. Основные направления его работы включают этнопсихологию, историю психологии Казахстана, психологию личности и педагогическую психологию. В области этнопсихологии К.Жарикбаев провел фундаментальные исследования особенностей национального характера казахов, их ментальности и психологических аспектов межэтнических отношений. Его работы по истории психологии Казахстана позволили систематизировать и сохранить богатое наследие казахских мыслителей в области психологии.

Профессор К.Жарикбаев внес значительный вклад в развитие теории личности, адаптировав западные концепции к казахстанским реалиям и культурному контексту. В сфере педагогической психологии он разработал инновационные методики обучения, учитывающие национальные особенности казахстанских учащихся. Особое внимание в своих исследованиях К.Жарикбаев уделял проблеме формирования национального самосознания и идентичности в контексте глобализации.

Таблица 1: Основные научные труды К.Б. Жарикбаева

Год	Название работы	Область исследования
1982	"Развитие психологической мысли в Казахстане"	История психологии
1995	"Этнопсихология казахского народа"	Этнопсихология
2002	"Психология образования в Казахстане"	Педагогическая психология

Научные идеи профессора К.Жарикбаева оказали существенное влияние на развитие психологической науки в Казахстане и способствовали формированию национальной школы психологии.

Профессор К.Жарикбаев разработал концепцию этнопсихологического развития личности, учитывающую специфику казахской культуры и традиций. Он выделил ключевые факторы, влияющие на формирование национального характера, включая исторический опыт, природно-климатические условия и социальные институты. В своих исследованиях Жарикбаев уделял особое внимание роли семьи в психологическом развитии ребенка в контексте казахской культуры.

Он также внес значительный вклад в изучение психологических аспектов билингвизма и его влияния на когнитивное развитие. Жарикбаев провел ряд эмпирических исследований, направленных на выявление особенностей мышления и восприятия у представителей различных этнических групп Казахстана. Его работы по психологии межэтнических отношений способствовали развитию толерантности и взаимопонимания в многонациональном обществе Казахстана.

Профессор разработал оригинальную методику изучения этнических стереотипов и предрассудков, которая нашла широкое применение в социально-психологических исследованиях. К.Жарикбаев также занимался вопросами психологической адаптации мигрантов и репатриантов в Казахстане.

Его научные труды заложили основу для развития практической этнопсихологии и этнопсихологического консультирования в стране.

Научные идеи профессора К.Б. Жарикбаева нашли широкое применение в практической психологии и образовании Казахстана. На основе его исследований были разработаны программы психологического сопровождения в школах, учитывающие этнокультурные особенности учащихся. Методики К.Жарикбаева по изучению этнических стереотипов активно используются в социально-психологических исследованиях и межкультурной коммуникации. В сфере профессионального образования психологов его труды стали основой для создания учебных курсов по этнопсихологии и истории психологии Казахстана.

8. Давыдов В.В. Теория развивающего обучения / В. В.Давыдов ; РАО, Психол. ин-т ; Междунар. Ассос. "Развивающее обучение". - Москва : ИНТОР, 1996. - 542 с.
9. Д.Б. Эльконин Детская психология. - 2-е изд., стер. - Москва : Academia, 2004. - 384 с.
10. Лурия А.Р. Основы нейропсихологии. Мастера психологии., 2023- 384с.

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІҢ КӘСІБИ МӘДЕНИЕТІН ЗЕРТТЕУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аяганова А.Ж.<sup>1</sup>, Баймаханова Ж.А.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы  
Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалы,

<sup>2</sup>Қызылорда Болашақ университеті  
Қызылорда, Қазақстан

*Болашақ педагогтердің кәсіби мәдениетін зерттеу білім берудің жоғары сапасын қамтамасыз ету және мұғалімдерді қазіргі жағдайда қызметке табысты дайындау үшін өзекті болып табылады. Сонымен қатар болашақ педагогтің кәсіби мәдениеті білім беру жүйесінің сапасын арттыруда және заманауи сынақтарға дайын жоғары білікті мұғалімдерді дайындауда маңызды рөл атқарады.*

*Педагогтердің болашақ қызметіндегі кәсіби мәдениетін зерттеу оларды заманауи сын-қатерлер жағдайында жұмысқа дайындап қана қоймай, білім беру жүйесінің жалпы тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді. Бұл педагогтердің сын тұрғысынан ойлау, рефлексия және инновацияға дайындық дағдыларын дамытуға ықпал ете отырып, жаһандану жағдайында сапалы білім беру үшін өте қажет.*

**Түйін сөздер:** болашақ педагогтер, кәсіби мәдениет, кәсіби мәдениеттің компоненттері, құзыретті мамандар.

*Изучение профессиональной культуры будущих педагогов является актуальным для обеспечения высокого качества образования и успешной подготовки учителей к деятельности в современных условиях. Вместе с тем, профессиональная культура будущего педагога играет важную роль в повышении качества системы образования и подготовке высококвалифицированных учителей, готовых к современным испытаниям.*

*Изучение профессиональной культуры педагогов в их будущей деятельности позволит не только подготовить их к работе в условиях современных вызовов, но и повысить общую эффективность системы образования. Это способствует развитию у педагогов навыков критического мышления, рефлексии и готовности к инновациям, что необходимо для качественного образования в условиях глобализации.*

**Ключевые слова:** будущие педагоги, профессиональная культура, компоненты профессиональной культуры, компетентные специалисты.

*The study of the professional culture of future teachers is relevant to ensure high quality education and successful preparation of teachers for work in modern conditions. At the same time, the professional culture of the future teacher plays an important role in improving the quality of the education system and training highly qualified teachers who are ready for modern challenges.*

*Studying the professional culture of teachers in their future activities will not only prepare them for work in the face of modern challenges, but also increase the overall effectiveness of the education system. This contributes to the development of teachers' skills of critical thinking, reflection and readiness for innovation, which is necessary for high-quality education in the context of globalization.*

**Keywords:** future teachers, professional culture, components of professional culture, competent specialists.

**Кіріспе.** Педагогтің кәсіби мәдениетін зерттеу мұғалімнің өзі үшін де, бүкіл білім беру жүйесі үшін де маңызды. Кәсіби мәдениет педагогикалық қызметті табысты орындау үшін қажетті құндылықтардың, мінез-құлық нормаларының, дағдылар мен білімдердің жиынтығын қамтиды. Педагогтің кәсіби мәдениетін зерттеу білім беру сапасын арттыру, кәсіби және этикалық стандарттарды қалыптастыру, педагогикалық құзыреттілікті дамыту, инновациялар мен өзгерістерге дайын болу, оқушылармен және әріптестермен қарым-қатынасты нығайту, кәсіби өзіндік сананы арттыру, қызметке ынталануды қолдау, кәсіби қауымдастықтарға интеграциялау, инклюзивті білім беруді енгізуге жәрдемдесу үшін өзекті болып табылады.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев 2024 жылы Қазақстан халқына Жолдауында мұғалімдердің біліктілігін арттыруға және әлеуметтік мәртебесін көтеруге көңіл бөлген абзал

екендігін айтты [1]. Жолдауда «Ұстаздарды ұлттың зияткерлік қуаты. Олар білімді ұрпақ тәрбиелеу арқылы еліміздің өркендеуіне жол ашады. Үздік оқу бағдарламасы, заманауи мектептер, озық басқару жүйесі болса да, ұстаз білікті болмаса, оның бәрі бекер екені анық. Сондықтан педагогикалық жоғары оқу орындарына талапты, қабілетті жастарды қабылдауға баса мән беру керек. Жалпы, бұл бағыттағы жұмыстың беталысы жақсы, оны жалғастыру қажет», - деп айтылды.

Мектептердің функционалдығын нығайту және педагогтардың біліктілігін арттыру, сондай-ақ олардың әлеуметтік мәртебесін арттыру қажеттігіне мемлекет тарапынан назар аударуы педагог қызметінің мәртебесі мен жауапкершілігін одан сайын арттырады сөзсіз. Сонымен қатар болашақ педагог мамандардың кәсіби мәдениетін қалыптастыруды ғылыми негіздеуді және тәжірибелік зерттеу жүргізуді қажет етеді.

**Негізгі бөлім.** Педагогтің кәсіби мәдениеті өздігінен құрылмайды, ол кәсіби құзыреттіліктің дамуының ең жоғары дәрежесі ретінде, жалпыадамзаттық құндылықтардың, кәсіби құндылық бағдарлары мен жеке қасиеттерінің, білімнің әмбебап тәсілдері мен педагогикалық қызмет технологияларының жиынтығын білдіретін күрделі жүйелік білім ретінде көрінеді.

Қазіргі мағынада педагогтің кәсіби мәдениеті мұғалімнің білімінің әлеуметтік маңызды көрсеткіштерінің бірі болып табылады. Ол рухани және материалдық құндылықтарының жиынтығын, шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру және өзектендіру дәрежесін көрсетеді.

Болашақ педагогтің кәсіби мәдениеті – бұл мұғалімнің мінез-құлқы мен қызметін анықтайтын білім, дағдылар, құндылықтар, көзқарастар, моральдық нормалар мен дәстүрлердің жиынтығы. Кәсіби мәдениет оқыту, мамандыққа дайындық және жеке даму үдерісінде, сондай-ақ, практикалық педагогикалық қызмет барысында қалыптасады [2]. Педагогтің кәсіби мәдениеті оның оқушылармен, әріптестермен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас жасау қабілетіне, сондай-ақ оқу үдерісінің сапасына үлкен әсер етеді.

Педагогтің кәсіби мәдениетін зерттеу педагогика, психология, әлеуметтану және философия саласындағы көптеген ғалымдардың назарын аударған көп қырлы тақырып болып табылады. Әртүрлі зерттеушілер бұл тақырыптың әртүрлі аспектілерін, соның ішінде педагогикалық этиканы, кәсіби құзыреттілікті дамытуды, қарым-қатынас пен мотивацияның маңыздылығын және педагогикалық қоғамдастықтың рөлін атап өтті [3]. Отандық ғалым Т.К. Мусалимов білім беру үдерісінде кәсіби мәдениеттің ғылыми негіздерін қарастырды [4]. Сонымен қатар мұғалімнің рухани мәдениеті туралы да зерттеулер бар [5].

Кеңестік ғалым Ш.А. Амонашвили зерттеулері тәрбие мен оқыту баланың жеке басын құрметтеуге және балаларға деген сүйіспеншілікке негізделген педагогикалық жүйені құруға бағытталған [6]. Аталмыш ғалым педагогтің кәсіби мәдениеті гуманистік принциптерге негізделуі керек, ал мұғалім тек білім көзі ғана емес, сонымен бірге оқушының жеке басын дамытатын тәлімгер болуы керек деп атап өтті.

Ғалым В.А. Слостенин педагогикалық мәдениет және мұғалімнің кәсіби құзыреттілігі туралы жұмыстарымен танымал [7]. Ғалым мұғалімдердің кәсіби дайындығының маңыздылығына және олардың кәсіби санасын дамытуға баса назар аударды. Оның пікірінше мұғалімнің кәсіби мәдениеті көптеген педагогикалық, әдістемелік, коммуникативті және психологиялық құзыреттерді қамтиды.

Педагогика және психология саласының танымал ғалымы И.А. Зимняя педагогтерді кәсіби дайындау бағытында өз зерттеулерін жүргізді [8]. Аталмыш ғалым зерттеулерінде педагогтің кәсіби мәдениеті – бұл кәсіби дайындық пен практика үдерісінде қалыптасатын құндылық, когнитивтік, белсенділік және коммуникативті сипаттамалардың жиынтығы.

Г.К. Селевко заманауи технологиялар мен инновациялық әдістерді енгізу тұрғысынан педагогтің кәсіби мәдениетін зерттеуге үлес қосқан ресейлік ғалым [9]. Ол ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізу жағдайында педагогикалық шеберлікті дамытуға байланысты идеяларды дамытты. Педагог білім мен дағдыларды үнемі жаңартуды қажет ететін оқу үдерісінде заманауи технологияларды қолдануға дайын болуы керек деген идеяны алға тартты. Тәрбиешінің инновациялық мәдениеті ретінде білім беру ортасындағы өзгерістерге бейімделуді және оқытудың жаңа тәсілдерін қолдануға ықпал ететін кәсіби мәдениеттің бөлігін тұжырымдады.

Қазақстанда этнопедагогика және этнопсихология ғылымының дамуына ерекше үлес қосқан ғалым Қ.Б. Жарықбаев өз еңбегінде әдептілікті мәдениеттіліктің бір өлшемі ретінде тұжырымдап, оның психологиялық аспектілерін зерттеді [10].

Зерттеулерді қарастыра келе, педагогтің кәсіби мәдениетінің төмендегі компоненттерін көрсетуге болады (кесте №1).

Кесте 1- Педагогтің кәсіби мәдениетінің компоненті

№	Компонент атауы	Сипаттамасы
1	Когнитивті компонент	<p><b>Кәсіби білім:</b> болашақ педагог өзінің пәндік саласында, педагогикада, психологияда, оқыту әдістемесінде және басқа да сабақтас пәндерде терең білімге ие болуы керек. Бұған тек академиялық білім ғана емес, оны іс жүзінде қолдану мүмкіндігі де кіреді.</p> <p><b>Әдістемелік құзыреттілік:</b> педагогтің кәсіби мәдениеті оқыту әдістері мен технологияларын меңгеруді, сабақтарды жоспарлай білуді, оқу үдерісін ұйымдастыруды және оқу нәтижелерін бағалаудың барабар әдістерін таңдауды қамтиды.</p>
2	Моральдық-этикалық компонент	<p><b>Кәсіби этика:</b> педагогтің кәсіби мәдениетінің маңызды бөлігі-этикалық нормаларды сақтау. Бұл студенттерге, әріптестерге, ата-аналарға және жалпы қоғамға деген көзқарасқа қатысты. Мұғалім құрмет, әділдік, толеранттылық пен адалдықты көрсетуі керек.</p> <p><b>Жауапкершілік:</b> педагог тек оқуға ғана емес, сонымен бірге оқушыларды тәрбиелеуге, олардың эмоциялық және жеке дамуына жауап береді. Бұл жауапкершілік кәсіби өзін-өзі танудың жоғары деңгейін қалыптастырады.</p>
3	Коммуникативті компонент	<p><b>Қарым-қатынас дағдылары:</b> оқушылармен, әріптестермен және ата-аналармен тиімді қарым-қатынас жасау педагогтен дамыған қарым-қатынас дағдыларын талап етеді. Педагог тыңдай білуі, диалогқа ашық болуы, сындарлы келіссөздер жүргізіп, жанжалдарды шеше білуі керек.</p> <p><b>Эмоциялық интеллект:</b> басқа адамдардың эмоцияларын тану және түсіну, сондай-ақ олардың эмоцияларын басқару қабілеті табысты педагогикалық іс-әрекетте маңызды рөл атқарады. Педагог эмоциялық реакцияларды басқара білуі, мейірімді атмосфераны қолдауы және жайлы білім беру ортасын құра білуі қажет.</p>

№	Компонент атауы	Сипаттамасы
4	Құндылық-мотивациялық компонент	<p><b>Оқыту мотивациясы:</b> болашақ педагог үздіксіз білім алуы және дамуы үшін ішкі мотивацияға ие болуы керек. Педагогтің кәсіби мәдениеті өзін-өзі жетілдіруге, жаңа білім мен технологияларды игеруге ұмтылуды, сондай-ақ инновацияларға дайындықты қамтиды.</p> <p><b>Білім беру құндылықтары:</b> педагогикалық қызмет гуманизм құндылықтарына, төзімділікке, оқушының жеке басын құрметтеуге негізделген. Педагог өз оқушылары үшін осы құндылықтардың тасымалдаушысы және үлгісі болуы керек.</p>
5	Шығармашылық компонент	<p><b>Оқытуға креативті көзқарас:</b> заманауи педагог оқытуда стандартты емес әдістер мен инновациялық тәсілдерді қолдануға дайын болуы керек. Өзгермелі білім беру кеңістігі жағдайында оқытудың заманауи технологиялары мен тәсілдерін енгізе білу, сабақтың белсенді және интерактивті формалары арқылы оқушылардың қызығушылығын сақтай алу маңызды.</p> <p><b>Ойлаудың икемділігі:</b> өзгермелі жағдайларға бейімделу, әртүрлі инновациялық технологияларды қолдану және педагогикалық мәселелерді шешудің жаңа жолдарын іздеу қабілеті де педагогтің кәсіби мәдениетінің маңызды сипаттамалары болып табылады.</p>

Жоғарыдағы кестеде педагогтің кәсіби мәдениетін құрайтын негізгі компоненттерге сипаттама берілді. Бұл компоненттер педагог қызметінің тиімділігін арттыру жолдарын айқындауға және сапалы білім беруде өз әлеуеті мен ресурстарын жан –жақты талдауға мүмкіндік береді.

**Қорытынды.** Педагогтің кәсіби мәдениеті кәсіби дайындық кезінде де, практикалық қызмет барысында да қалыптасатын құзыреттер, этикалық нормалар мен көзқарастар жиынтығы. Гуманистік көзқараста педагогтің жеке өсуінің, сондай-ақ оның кәсіби дағдыларының үздіксіз дамуының маңыздылығы айқын тұжырымдалады. Бұл идея қазіргі білім беру жағдайында өзекті болып қала береді. Себебі, білім жаңа қиындықтарға тап болады және үнемі жетілдіруді талап етеді.

Педагогтің кәсіби мәдениетін дамыту үнемі өзін-өзі жетілдіруді, өзгерістерге дайын болуды және оқытудың инновациялық тәсілдерін қолдана білуді талап етеді. Педагог мәдениетінің қалыптасуында әріптестермен өзара әрекеттесу, кәсіби қауымдастықтарға қатысу және үздіксіз білім беру маңызды рөл атқарады. Білім беру жүйесіндегі қарқынды өзгерістер жағдайында болашақ педагог жоғары моральдық және кәсіби стандарттарды сақтай отырып, жаңа сынақтарға дайын болуы керек.

#### Әдебиеттер

1. Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы. 02.09.2024.
2. Исаев И.Ф. Профессионально-педагогическая культура преподавателя. –М.: Академия,2002.–208 с.
3. Тұрғынбаева Б.А. Ұстаздық шығармашылық. – Алматы, 2007. – 350 б.
4. Мусалимов Т.К. Білім алу үрдісінде кәсіби мәдениетті зерттеудің әдіснамалық негіздері //Евраз хабаршысы. гуман. инст. – Астана, 2007. – № 4. –99-106 б.
5. Сейтешов А., Әбсаттаров Р. XXI ғасырдағы адамзат: мұғалімдердің рухани мәдениетінің жаңа үлгісін іздестіру. <https://kazgazeta.kz/news/30355> - 25.05. 2015.

6. Амонашвили Ш.А. Основы гуманной педагогики. Педагогическая симфония. - Издательство: Свет., 2016.- 324 с.
7. Сластенин В.А., Подымова Л.С. Педагогика: инновационная деятельность.-М.:ИЧП «Издательство Магистр», 1997. – 227 с.
8. Зимняя И.А., Мазова И.А., Лаптева М.Д. Коммуникативная компетентность, речевая деятельность, вербальное общение – Москва: Аспект Пресс, 2020. – 400 с.
9. Селевко Г.К. Селевко Г.К., Басов А.В. Новое педагогическое мышление: педагогический поиск и экспериментирование.-Ярославль, 1991.
10. Жарықбаев Қ.Б. Психология и этика.- 4-е изд.- А.: Мектеп, 2003.- 151 с.

## ЗАМАНАУИ ОТБАСЫНДАҒЫ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСТЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аяганова А.Ж.<sup>1</sup>, Сүндетова Н.Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалы, <sup>2</sup>Қызылорда Болашақ университеті Қызылорда, Қазақстан

*Отбасылық қарым-қатынастағы психологиялық мәселелер әртүрлі себептерге байланысты туындауы мүмкін. Көптеген себептерге байланысты туындайтын мәселелерді шешу барлық отбасы мүшелерінің назарын және бірлескен әрекетін талап етеді. Сондықтан отбасылық қарым-қатынасты кеіненді зерттеу мәселесі алға шығады. Осы орайда бұл мақала отбасылық қарым-қатынастағы кейбір жалпы мәселелерді қарастырады. Олардың ең бастылары отбасыдағы қарым-қатынастың жеткіліксіздігі, бала тәрбиелеудегі келіспеушіліктер, құндылықтардың әртүрлі болуы және үміттердің ақталмауы болып табылады. Отбасы мүшелерінің арасында өз ойларымен, сезімдерімен және мәселелерімен бөлісу азайғанда қарым-қатынасты игеру және өзара байланысты ұстап тұру қиын бола бастайды. Бұл түсінбеушілікке және наразылықтың туындауына әкелуі мүмкін. Сондықтан қоғамда болып жатқан тұрмыстық зорлық –зомбылықтың және отбасыдағы қылмыстық әрекеттердің алдын алу жағдайын зерттеу, орын алса отбасы мүшелерімен оңалту жұмыстарын жүргізу маңызды мәселелердің бірі болып табылады.*

**Түйін сөз:** *Отбасы, отбасылық қарым-қатынас, отбасылық дағдарыс, отбасылық құндылықтар.*

*Психологические проблемы в семейных отношениях могут возникать по разным причинам. Решение проблем, возникающих по многим причинам, требует внимания и совместных действий всех членов семьи. Поэтому перед нами встает вопрос комплексного изучения семейных отношений. В этой статье рассматриваются некоторые общие проблемы в семейных отношениях. Основными из них являются отсутствие общения в семье, разногласия в воспитании детей, разнообразие ценностей и отсутствие оправданных ожиданий. Когда обмен мыслями, чувствами и проблемами между членами семьи уменьшается, становится все труднее овладеть отношениями и поддерживать связь. Это может привести к недопониманию и возникновению недовольства. Поэтому одним из важных вопросов является изучение возможного бытового насилия в обществе и преступных деяний в семье, в случае чего проведение реабилитационной работы с членами семьи.*

**Ключевые слова:** *Семья, семейное отношение, семейный кризис, семейные ценности.*

*Psychological issues in family relationships can arise for various reasons. Addressing these problems, which often stem from multiple causes, requires the attention and collaborative efforts of all family members. Therefore, the comprehensive study of family relationships comes to the forefront. This article discusses some common problems in family dynamics, with the most significant being inadequate communication within the family, disagreements in child-rearing, differing values, and unmet expectations. When family members are less likely to share their thoughts, feelings, and issues, it becomes challenging to develop and maintain relationships. This can lead to misunderstandings and resentments. Consequently, one of the most important aspects is the study of cases of domestic violence and criminal behavior within families, as well as conducting rehabilitation work with family members when such issues arise.*

**Keywords:** *Family, family relationships, family crisis, family values.*



**Кіріспе.** Отбасы қоғамның негізгі бірлігі ретіндегі әлеуметтік институттардың бірі болып табылады. Осы орайда отбасы қоғамның кіші бірлігі, шағын әлеуметтік-психологиялық топ бола отырып, оның мүшелері арасындағы қарым-қатынас күнделікті өмірдің ортақ болуымен, өзара көмекпен және қолдаумен байланысты болады. Өйткені отбасында адамзат ұрпағын жалғастырады, жеке тұлғаларды тәрбиелеу нысандарын ұйымдастырады, қазіргі қоғамның лайықты мүшелерін қалыптастыру қажеттіліктерін қанағаттандырады.


Жалпы отбасында бірге өмір сүру үшін жеке адамдардың бірлігі, өзара әрекеті, қарым-қатынасы жүзеге асырылады. Осы орайда отбасылық қарым- қатынас әртүрлі факторлармен, соның ішінде психологиялық, әлеуметтік-мәдени және коммуникативтік аспектілермен анықталатын күрделі және көп қырлы құбылыс болып табылады. Аталмыш факторларды түсіну отбасылық өмірдің динамикасын тереңірек ұғынуға және салауатты және үйлесімді қарым-қатынастың негізін құруға мүмкіндік береді. Сондықтан отбасылық қарым-қатынасты әртүрлі факторлардың әсерінде зерттеу маңызды, әрі өзекті және ауқымды мәселелердің бірі.

**Негізгі бөлім.** Бүгінде ғылыми еңбектерде «отбасы» ұғымының көптеген анықтамалары бар. Бұл анықтамалардың әрқайсысы бір-бірін толықтырады. Зерттеулерді зерделей келе, отбасын үлкен өзгерістерге және үнемі модернизацияға ұшырайтын шағын әлеуметтік-психологиялық топ ретінде тұжырымдауға болады. Сондықтан отбасылық қарым-қатынасты заманауи зерттеу маңызды болып табылады.

Қазіргі таңда ғылым мен техниканың жетістігі адамдардың өмір тіршілігіне қарқынды еніп тұрған уақытта отбасылық қарым-қатынастың мазмұны өзгерді. Ертеде айтып кеткендей адамның санасын тұрмыс-тіршілік билеген заманда отбасындағы балалар мен ата-аналар арасындағы қарым-қатынас жаңа сипатқа ие болды. Сондықтан өткен жылдардағы туыстар арасындағы байланысты және қазіргі ХХІ ғасырдағы отбасындағы өзара әрекеттесуді талдай отырып, қарым-қатынастағы өзгерістер отбасылық өмір салтын жаңа бағытқа бұрды деп айтуға болады. Осы орайда отбасылық қарым-қатынастағы дағдарыс, шиеленістер және отбасы мүшелеріне көрсетілетін зорлық –зомбылық әрекеттері орын алуына байланысты үкімет те отбасы тыныштығын сақтау үшін заң қабылдау қажеттілігіне назар аударды.

Жоғарыдағы мәселелерге орай Мемлекет басшысы Қ.К. Тоқаев "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауында «Отбасында ойран салатындар жазаға тартылмаса, олар одан бетер басынып кетеді. Ал жапа шеккендер мүлдем қорғаусыз қалады», - деп көрсетті [1].

Елімізде отбасылық қарым-қатынаста әртүрлі қысымға, зорлық –зымбылыққа тап болған жандардың жеке басын қорғау үшін заң да қабылданды. ҚР Бас прокуратурасы мәліметіне қарасақ, 2018 – 2023 жылдар аралығында 5958 отбасы-тұрмыстық қылмыстық іс қозғалған [2]. Бұл жағдайды төмендегі диаграммада көрсетеді.



2018 жылы – 919  
 2019 жылы – 1 055  
 2020 жылы – 1 072  
 2021 жылы – 1 047  
 2022 жылы – 942  
 2023 жылы – 923

Сурет 1- 2018 – 2023 жылдардағы отбасы- тұрмыстық қылмыстық іс

Жоғарыдағы суретте көріп отырғанымыздай 2020 жылы 1 072 қылмыстық іс, яғни ең көп орын алған болса, 2022-2023 жылдары бірдей деңгейде көрініс алып, алдыңғы жылдарға қарағанда отбасы-тұрмыстық қылмыстық іс азайған. Дегенмен бұл босаңсуды білдірмейді. Отбасыдағы қылмыстық істің алдын алу үшін отбасылық қарым-қатынасты зерттеудің жаңа бағыттарын айқындауды қажет етеді. Сондықтан отбасылық қарым-қатынасты жаңаша тұжырымдау оның құндылығын белгілеуді талап етеді.

Жалпы отбасы мәселесін отандық, кеңестік және шетелдік зерттеулерде терең қарастырылған. Отандық зерттеушілер Қ.Б.Жарықбаев [3], М.П. Кабакова [4], Б.А.Әмірова [5], Б.К. Каирова мен Д.С. Тойымбетова [6], С.С.Қоңырбаева [7], Қ.Ғ. Жүнісова- Елшібаева [8] отбасылық қарым-қатынасты этнопсихологиялық аспектіде қарастырады.

Кеңестік ғалымдар А.А. Реан [9] отбасын құндылықтар жүйесінде қарастырса, В.Н. Дружинин [10] отбасы психологиясын зерттеді.

Отбасылық қарым-қатынас өмірдің негізі және өзегі болып табылады. Оның әр адамның жеке басын, көзқарастарын, құндылықтары мен басымдықтарын қалыптастырудағы рөлін асыра бағалау қиын. Отбасылық қарым-қатынас арқылы жалпы адамзат сүйіспеншілікті, сыйластықты, өзіне және жақындарына қамқорлық жасауды, кешіре білуді және кешірім сұрауды және сенімділікті үйренеді. Онда айналаңыздағы адамдармен қарым-қатынас жасау дағдылары, эмоциялар мен сезімдерді дұрыс көрсету қабілеті қалыптасады.

Шетелдік ғалым Д. Гоулман тұлғааралық қарым-қатынаста эмоцияларды білу мен басқарудың маңыздылығын атап көрсетеді [11]. Аталмыш ғалым серіктеске жанашырлық таныту, олардың сезімдері мен эмоцияларына мұқият болу, сондай – ақ олардың реакцияларын бақылау қабілеті ұзақ мерзімді және салауатты отбасылық қарым-қатынастың тірегі екенін айтады.

Адамның өзара көмекке, ынтымақтастыққа және ымыраға келуге қаншалықты дайын болатыны отбасылық қарым-қатынасқа байланысты болып келеді. Айта кететін тағы бір маңызды жайт отбасылық қарым-қатынас ұзақ мерзімді болуымен және тұрақтылығымен ерекшеленеді. Яғни, қарым-қатынастың басқа түрлерінен айырмашылығы отбасы уақытша байланыстар ғана емес, өмір бойы жалғасатын үдеріс.

Бүгінгі отбасы қоғамның маңызды құрамдас бөлігі бола тұра, еркін және тәуелсіз бірлік ретінде де алға шықты. Заманауи отбасындағы әрбір мүше қарым-қатынастағы еркіндікті басты құндылық деп түсінетіндей. Осы орайда, әрине еркіндік маңызды құндылық ретінде қабылдасақ та, отбасылық қарым-қатынас мықты болуы үшін оның мүшелерінің арасындағы тығыз байланысты, өзара тәуелділікті жоққа шығармауы тиіс. Отбасы мүшелерін байланыстырушы функциясына кедергі келтіріп жатқан факторларға әртүрлі гаджеттерді, ғаламтордағы өмірді, вирусты армандарды атауға болады.

Қазіргі таңдағы ақпарат заманы, сандық технологиялар, өмір сүру салтын жеңілдеткен әртүрлі тұрмыстық құрал жабдықтар отбасы мүшелерінің уақытын ұйымдастыруды тиімсіз бағытқа бұрды деп айтуға болады. Бұл отбасын сақтау маңызды емес қоғам қалыптастыруға, отбасылық дағдарыстардың орын алуына, отбасылық құндылықтардың өзгеруіне, заманауи дәстүрлердің қалыптасуына ықпал етуде.

Көптеген зерттеулерде отбасы психологиясы адамның қарым-қатынасқа деген қажеттілігінен басталады деп тұжырымдалады [12,13]. Қарым-қатынасқа деген ұмтылыспен адам өмір сүруге ынталы болып келеді. Сондықтан осы қажеттілік отбасында қанағаттандырылуы маңызды. Әлеуметтік психология саласында отбасы - мүшелер неке немесе туыстық байланыстармен, сондай-ақ күнделікті өмір мен моральдық

жауапкершілікпен байланысты шағын топтың ерекше түрі ретінде тұжырымдалады [14]. Отбасының негізгі әлеуметтік маңыздылығы адамның физикалық және рухани көбеюіне деген табиғи қажеттілігімен негізделген.

Кейбір авторлар әрбір отбасы өз мүшелеріне дамитын, қолдау табатын және өз әлеуетін жүзеге асыратын ортаны қамтамасыз ететін бірегей жүйе болып табылады деп көрсетеді [15]. Бұл зерттеулерде отбасында алғашқы әлеуметтік тәжірибені және әртүрлі дағдылар мен коммуникативті, мінез-құлық, эмоциялық, моральдік-этикалық стандарттарды игеретіндігі тұжырымдалады.

Отбасылық қарым-қатынастағы мәселелер ерлі-зайыптылардың өмір жолында туындайтын кейбір қиындықтарға және әртүрлі келіспеушіліктерге әкелуі мүмкін. Олар отбасылық жасуша ішіндегі қарым-қатынасты үйлестірмейді және ондағы өмірге деген терең наразылық сезімін тудырады.

Заманауи отбасының тағы бір мәселесі-толық емес отбасылар (ажырасқан ата-аналар, жалғыз немесе ЭЖҰ арқылы босануға шешім қабылдаған әйелдер). Мұндай жағдайлар болашақ ұрпақтың өз өмірін құрудағы көзқарастары мен отбасылық құндылықтарының қалыптасуына әсер етері сөзсіз.

**Қорытынды.** Мемлекет бүгінгі отбасы институтын төлемдер мен әлеуметтік кепілдіктерді жан-жақты ынталандыруға тырысады. Себебі қоғам отбасынан сапалы азаматты, саналы ұрпақты күтеді. Бірақ отбасының тұрақсыздығы мен қарым-қатынастағы әртүрлі келеңсіз жағдайлар әлі күнге дейін күрделі мәселе болып келеді. Сондықтан отбасылық психологтар үшін шешілуі керек міндеттер бар. Ал педагогика және психология саласындағы ғалымдар үшін отбасылық қарым-қатынасты жаңа сипатта зерттеу қажеттілігі туындайды. Себебі, жанұя мәселесі отбасы институтының өзі сияқты көпқырлы болғанымен де, қоғамда болған елеулі өзгерістер мен оның салдары жаңа, ерекше отбасылық қиындықтардың пайда болуына алып келуде.

Отбасылық қарым- қатынастар туралы тұжырымдарды әртүрлі заманауи тәсілдер мен бақылауларға сүйене отырып негіздеуге болады. Расында отбасы адамның эмоциялық, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқаты үшін өзгеріссіз қалады деген пайымдаулар жасауға болады. Бірақ отбасындағы қарым-қатынастың өзі үнемі назар аударуды, заманауи зерттеулер жүргізуді талап етеді.

#### Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. "Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам" атты Қазақстан халқына Жолдауы. 01.09.2023.
2. О противодействии семейно-бытовому насилию//Уполномоченный по правам человека в Республике Казахстан (специальный доклад). [https://www.gov.kz/uploads/2024/3/1/5a7f4aa16b071a92334a67807af65ea9\\_original.9433178.pdf](https://www.gov.kz/uploads/2024/3/1/5a7f4aa16b071a92334a67807af65ea9_original.9433178.pdf). 01.03.2024.
3. Жарықбаев Қ.Б. Этнопсихология - ұлт тәрбиесінің өзегі- Алматы,Білім, 2005.- 141 б.
4. Кабакова М.П. Психологические особенности казахской семьи. -Алматы: Қазақ университеті, 2018.-288 с.
5. Әмірова Б.А. «The psychology of Kazakh family: theory and practice» (моногр.) – Қарағанды: «Полиграфист»-2021.- 100 б.
6. Каирова Б.К., Тойымбетова Д.С. Отбасылық өмір психологиясы. – Қостанай: ҚМПИ, 2016. – 144 б.
7. Қоңырбаева С.С. Жоғары сынып оқушыларын отбасылық өмірге этномәдени құндылықтар негізінде даярлаудың педагогикалық шарттары: авторефераты дис... пед. ғыл. канд.: 13.00.01 /.- Алматы, 2008.- 25 б.
8. Жүнісова-Елшібаева Қ.Ф. Қазақ отбасы мәселелерінің психологиялық аспектілері. -А.; 2010.- 131 б.
9. Реан А.А. Семья в структуре ценностей молодежи. Российский психологический журнал., 2017-62-76 с.
10. Дружинин В.Н. Психология семьи.- 3-е изд.- СПб.: Питер, 2012.- 180 с.
11. Гоулман Д. Эмоциональный интеллект. Почему он может значить больше, чем IQ — М.: «Манн, Иванов и Фербер», 2013. — 560 с.
12. Сулейманова С.С., Подольский А.Д. Психологические проблемы современной семьи// Психолог, 2014. №

3.- 60-127 с.

13. Ауталипова Ұ.И., Сақтағанова Т.С., Құрбанова И. Отбасы психологиясы. «Қыздар университеті» баспасы- Алматы, 2014-186 б.

14. Бизақова Ф., Мамашбаева Ш. Отбасылық дағдарыс психологиясы – Астана, 2010 - 232 б.

15. Еникеев М.И. Общая и социальная психология - М.: Норма, 2019. - 224с.

## ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ІС-ӘРЕКЕТТЕГІ ФОРМАТИВТІ БАҒАЛАУ ЖӘНЕ ОНЫ ҚОЛДАНУ

Аяганова А.Ж.<sup>1</sup>, Үсенғазы Н.Ж.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Қызылорда облысы бойынша филиалы, <sup>2</sup>Қызылорда Болашақ университеті Қызылорда, Қазақстан

*Формативті бағалау білім беру үдерісінде маңызды рөл атқарады. Өйткені ол тұрақты кері байланыс және педагогикалық тәсілдерді түзету арқылы оқуды қолдауға және жақсартуға бағытталған. Сонымен қатар формативті бағалау даму, мотивация, даралау және ынтымақтастық үшін жағдай жасау арқылы білім беру үдерісін жақсартуда орталық рөл атқарады. Бұл оқушыларға өздерінің жетістіктерін көруге және мәселелік аспектілермен жұмыс істеуге ықпал етеді. Ал педагогтерге оқыту әдістерінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.*

**Түйін сөздер:** педагогикалық іс-әрекет, формативті бағалау, педагог міндеттері, қазідалар, теориялық және тәжірибелік аспект.

*Формативная оценка играет важную роль в образовательном процессе. Потому что она направлена на поддержку и улучшение обучения за счет постоянной обратной связи и корректировки педагогических подходов. Кроме того, формативная оценка играет центральную роль в улучшении образовательного процесса за счет создания условий для развития, мотивации, индивидуализации и сотрудничества. Это помогает учащимся увидеть свой прогресс и поработать над проблемными аспектами. И помогает педагогам повысить эффективность методов обучения.*

**Ключевые слова:** педагогическая деятельность, формативная оценка, задачи педагога, принципы, теоретический и практический аспект.

*Formative assessment plays an important role in the educational process. Because it is aimed at supporting and improving learning through constant feedback and adjusting pedagogical approaches. In addition, formative assessment plays a central role in improving the educational process by creating conditions for development, motivation, individualization and cooperation. This helps students to see their progress and work on problematic aspects. And it helps teachers to improve the effectiveness of teaching methods.*

**Keywords:** pedagogical activity, formative assessment, teacher's tasks, principles, theoretical and practical aspect.

**Кіріспе.** Жаһандану жағдайындағы педагогикалық іс-әрекетте формативті бағалаудың рөлі ерекше. Өйткені жаһандану білім беру үдерісіне қарқынды әсер етуде. Бұл педагогтерге өздерінің білімдері мен дағдыларын үнемі жаңартып отыру қажеттілігін туындатады. Сондықтан өзгермелі әлемде педагог ең алдымен жаңа сын-қатерлерге бейімделуі маңызды. Жаһандану педагогтерге қойылатын талаптарға өзгерістер енгізеді. Оқытуды көп тілді, әртүрлі мәдениетті және технологиялық жағдайларға бейімдеу қабілеті формативті бағалау арқылы дамытылатын маңызды дағдыға айналады.

Заманауи педагогтің басты міндеттерінің бірі - білім беру сапасын қамтамасыз ету. Жаһандық бәсекелестік және халықаралық стандарттар жағдайында білім беру үдерісінің

сапасы маңызды басымдылыққа айналады. Осы орайда формативті бағалау педагогтерге өздерінің дамуын бақылауға және оқу сапасын жақсартуға көмектеседі.

Бүгінде педагогикалық іс-әрекеттегі өзгерістерге дайындықты қалыптастыру маңызды міндеттердің бірі болып табылады. Сондықтан формативті бағалауды белсенді қолданатын педагогтер білім беру ортасындағы тұрақты өзгерістер мен инновацияларға дайын болады. Бұл оларға икемді және кәсіби тұрақты болуға көмектеседі.

**Негізгі бөлім.** Педагогикадағы формативті бағалау (немесе оқыту үшін бағалау) –бұл оқушылардың білім беру нәтижелерін жақсарту және оқыту әдістерін түзету мақсатында олардың оқу жетістіктерін үнемі бақылау үдерісі. Жаһандану және білім беру жүйесіндегі реформалар жағдайында формативті бағалау барған сайын маңызды бола түсуде, өйткені ол педагогтерден икемділікті, бейімделуді және өзгерістерге дайын болуды талап етеді.

Шетелдік ғалымдар Пол Блэк пен Дилан Уильям [1], Сюзан Брукхарт [2] және Джон Хатти [3] сияқты зерттеушілер педагогтерді формативті бағалау мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігін дамытудың күшті құралы болып табылатындығын тұжырымдайды. Бұл педагогтерге өзгермелі жағдайларға бейімделуге, дағдыларын дамытуға және оқыту сапасын жақсартуға көмектеседі.

Жаһандану жағдайында педагогтерді формативті бағалаудың теориялық және практикалық негіздері мұғалімнің кәсіби өсуін қолдау және білім сапасын арттыру үшін озық педагогикалық тұжырымдамаларды, технологиялық құралдар мен бағалау әдістерін қолдануды білдіреді.

Формативті бағалау оқыту үдерісін үнемі қолдауға және педагогтің кәсіби дағдыларын дамытуға бағытталған. Оның жиынтық бағалаудан (қорытынды) басты айырмашылығы-ол тек түпкілікті нәтижелерге емес, оқудағы прогреске назар аударады. Формативті бағалаудың мақсаты-педагогке кері байланыс негізінде өз қызметін реттеуге көмектесу болып табылады. Бұл оны динамикалық өзгертін әлем жағдайында маңызды құралға айналдырады.

Ресейлік ғалымдар Е.С. Полат [4], И.П. Подласый [5], А.А. Леонтьев [6] және Г.А. Цукерман [7] білім беру жүйесіндегі формативті бағалаудың рөлін белсенді түрде зерттеп келеді. Олардың жұмыстары формативті бағалау педагогтерге оқу үдерісін оқушылардың жеке қажеттіліктеріне бейімдеуге, олардың өзін-өзі бағалау және сыни ойлау қабілетін дамытуға және мұғалімдердің кәсіби құзыреттілігінің жоғары деңгейін сақтауға көмектесетінін атап көрсетеді.

Қазақстан педагогика ғылымында критериальді бағалау бойынша зерттеу жұмыстары жүргізілді [8]. Ғалым Р.О. Кенжетаева [9] бастауыш сынып оқушыларын критериальді бағалауға болашақ педагогтері әзірлеу жолдарын, Б.А. Урмашев [10] критериалды бағалау технологиясын ұсынды.

Жалпы бағалау арқылы оқыту тұжырымдамаларында формативті сипаттың рөлі ерекше. Формативті бағалау арқылы оқыту идеяларына негізделген (Assessment for Learning, AfL), мұнда бағалау оқу үдерісінің бір бөлігіне айналады. Бұл тұжырымдамада педагог тек білімді жеткізіп қана қоймай, оқушыларды өздерінің үлгерімін бағалау және олардың оқуын түсіну үдерісіне белсенді түрде тартады.

Формативті бағалаудың негізгі қағидаларын төмендегі №1 кестеде көрсетеміз.

Жаһандану жағдайы білім беру жүйелеріне әсер етеді. Бұл педагогтерге оқыту әдістеріндегі өзгерістерге, соның ішінде технологиялар мен көптілді тәсілдердің интеграциясына бейімделу қажеттілігін тудырады. Формативті бағалау педагогтерге өздерінің тәжірибелері мен нәтижелерін жаһандық стандарттар негізінде бағалау арқылы осы өзгерістерге икемді жауап беруге мүмкіндік береді.

Кесте 1- Формативті бағалаудың негізгі қағидалары

№	Негізгі қағидалар	Сипаттамасы
1	Тұрақты кері байланыс	Педагог үнемі кері байланыс алады және береді, бұл оқыту әдістемесін де, әр оқушының жеке оқыту стратегиясын да түзетуге көмектеседі.
2	Прогресті бағалау	Формативті бағалау белгіленген стандарттармен салыстыруға емес, оқушының дамуы мен ілгерілеуіне бағытталған.
3	Оқушылардың белсенді қатысуы	Оқушылар оқуын бағалау үдерісінде белсенді рөл атқарады, өзін-өзі бағалауға және мақсат қоюға қатысады.

Мәселен, Халықаралық сапа стандарттары: халықаралық ұйымдар әзірлеген бағдарламалар (мысалы, PISA, UNESCO) формативті әдістерді қоса алғанда, бағалаудың әртүрлі тәсілдерін қолдануды талап етеді. Осы орайда, әлемдік стандарттарға сәйкес келу үшін педагог қызметіндегі нәтижелілікті және сапаны талап ету алға шығады.

Педагогтерді инклюзивті білім беруге дайындауға ерекше мән берілуде. Педагогтер көпмәдениетті және көп тілді сыныптарда жұмыс істеуге көмектесетін дағдыларды дамытуы керек. Формативті бағалау оқушылардың әртүрлілігін ескеруге және олардың қажеттіліктеріне қарай оқытуды бейімдеуге мүмкіндік береді.

Формативті бағалаудың негізгі теориялық аспектілерінің бірі-педагогикалық рефлексия. Педагогтер өз жұмыстарын, іс-әрекеттерін және олардың оқу үдерісіне әсерін талдайды. Бұл табысты тәжірибелерді анықтауға және тиімсіз стратегияларды түзетуге көмектеседі. Педагогикалық рефлексия педагогтің сыни ойлауын дамытады және олардың білім беру ортасындағы өзгерістерге бейімделу қабілетін арттырады.

Тәжірибеде формативті бағалау педагогтің кәсіби құзыреттілігін бақылауға және дамытуға бағытталған әртүрлі әдістерді қамтуы мүмкін. Төменде біз олардың бірнешеуіне тоқталамыз.

Сабақты бақылау. Сабақты бақылау әріптестер немесе әдіскерлер педагогтің дәріс беру әдістерін бағалау мақсатында сабаққа қатыса алады. Мұндай бақылаулардан кері байланыс педагогке оқу тәсілдерін жақсартуға көмектеседі.

Педагогтің портфолиосы. Педагог өзінің кәсіби жетістіктері, оқушылардың нәтижелері, әріптестері мен ата-аналарының кері байланысы, кәсіби даму жоспарлары жазылған құжатты жүргізеді. Портфолио педагогтің үлгерімін бағалауға және одан әрі өсу бағыттарын анықтауға көмектеседі.

Педагогтің өзін-өзі бағалауы. Педагог арнайы критерийлерді немесе рефлексиялық күнделіктерді қолдана отырып, өзінің жетістіктері мен кемшіліктерін үнемі бағалайды. Өзін-өзі бағалау сыни ойлауды дамытуға ықпал етеді және педагогке кәсіби өсу үдерісінде автономды болуға мүмкіндік береді.

Сауалнамалар мен анкеталар: оқушылар мен ата-аналар арасында сауалнамаларды қолдану педагогке оның оқуды қабылдауы және оқушылармен қарым-қатынасы туралы ақпарат алуға көмектеседі.

Формативті бағалауға арналған технологиялық құралдардың өзіндік сипаты бар. Жаһандану және цифрландыру жағдайында білім технологияға көбірек сүйенеді. Бұл формативті бағалаудың жаңа мүмкіндіктерін ашады. Технологиялық құралдарда кері байланыс платформалары: Google Classroom, Moodle, Microsoft Teams сияқты онлайн платформалар педагогке оқушылар мен ата-аналардан нақты уақыт режимінде кері байланыс

алуға мүмкіндік береді. Бұл платформаларды тәрбиешілердің өзін-өзі көрсетуі, олардың кәсіби өсуін бақылау және әріптестерімен тәжірибе алмасу үшін де пайдалануға болады.

Технологиялық құралдардың ішінде сандық портфолионы атап кетеміз. Сандық портфолио: педагогтерге кәсіби өсуі туралы деректерді сақтауға және құрылымдауға мүмкіндік беретін электрондық портфолио бар. Бұған бейне сабақтар, әріптестердің пікірлері, оқушылардың жетістіктерін талдау және олардың жұмыс нәтижелері кіруі мүмкін.

Деректерді талдауда технологиялық құрылғылар ретінде қарастырылған. Деректерді талдау құралдары педагогтерге оқушылардың жетістіктерін бақылауға және олардың жетістіктеріне қандай оқыту әдістері көбірек әсер ететінін бағалауға көмектеседі.

Формативті бағалауды оқу үдерісіне практикалық интеграциялау маңызды мәселелердің бірі болып табылады. Педагогтер оқыту дағдыларын жетілдіру және білім беру үдерісін оқушылардың қажеттіліктеріне бейімдеу үшін формативті бағалау әдістерін қолдана алады. Оларға мыналар жатады: оқытуды саралау, алқалық қолдау. Оқытуды саралауды педагогтер формативті бағалау деректерін оқушылардың деңгейі мен қажеттіліктеріне байланысты сабақ мазмұнын бейімдеу үшін қолдана алады. Бұл әртүрлі мәдениетті және көп тілді ортада ерекше маңызды болып табылатын жеке тәсілдерді жасауға көмектеседі.

Алқалық қолдау педагогтің кәсіби өсуінің маңызды аспектісін, яғни тәжірибе алмасу және әріптестеріне қолдау көрсетуді білдіреді. Мұны педагогикалық қауымдастықтар немесе педагогтер бақылаулар мен рефлексия негізінде бір-бірін бағалайтын және көмектесетін шағын топтарда жұмыс істеу арқылы ұйымдастыруға болады.

**Қорытынды.** Жаһандану жағдайында педагогты формативті бағалау-бұл білім беру сапасын арттырудың, кәсіби мәдениетті дамытудың және қазіргі әлемнің жаңа сын-қатерлеріне бейімделудің қуатты құралы. Бұл тәсілдің теориялық негіздеріне бағалау, педагогикалық рефлексия және халықаралық стандарттарды қолдану арқылы оқыту идеялары кіреді. Іс жүзінде формативті бағалау өзін-өзі бағалау, портфолио, әріптестер мен студенттердің кері байланысы, сандық құралдарды қолдану сияқты әдістер арқылы жүзеге асырылады. Жаһандану әлемінде формативті бағалау педагогтердің кәсіби өсуі мен жетілуінің ажырамас элементіне айналады.

#### Әдебиеттер

1. Black P., Wiliam D. Assessment and Classroom Learning // Assessment in Education: Principles, Policy & Practice. 1998. № 5 (1). P. 7-74. URL: <http://www.informaworld.com/smpp/title~content=t713404048> (дата обращения 2 марта 2022).
2. С.М. Брукхарт. Как спроектировать и использовать шкалу оценивания. Вашингтон, 2013- 128 с.
3. Джон Хатти Видимое обучение. Издательство: Национальное образование., 2017. – 195 с.
4. Интернет в гуманитарном образовании: Учебное пособие / Под ред. Е.С. Полат. М., 2001.
5. Подласый И.П. Педагогика. В 2-х томах. - Издательство: Юрайт-Издат, 2013.- 1576 с.
6. Леонтьев А.А. Педагогическое общение /2-е изд., переработ. и дополн. – М.: Нальчик: Эль-Фа, 1996. 96 с.
7. Цукерман Г.А., Обухова О.Л., Билибина Т.М. Интерпсихическое начало учебного действия моделирования// Культурно-историческая психология Том 20., 2024. - № 1- 27–37с.
8. Оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесін енгізудің әдіснамалық және оқу-әдістемелік негіздері.//Әдістемелік құрал. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі «БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК.Астана 2015.-116 б.
9. Кенжетаева Р.О Профессиональная подготовка будущих педагогов к критериальному оцениванию учебных достижений учащихся начальных классов. //Диссертация PhD. Алматы, 2021. – 164с.
10. Урмашев Б.А. Критериалды бағалау технологиясы. - Алматы: «ССК» баспасы, - 2016 - 140 б.

## ӘСКЕРИ МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНА ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ БЕЙІМДЕЛУІНІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Бапаева М.К., Карабаева М.К.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

*Мақалада әскери мектеп жағдайында жасөспірімдердің әлеуметтік-психологиялық бейімделуі әр түрлі және индивидуалды болуы мүмкін екендігі әрі әрбір жасөспірім бірегей және бейімделуге жеке көзқарасты қажет ететіні қарастырылған.*

*Бейімделу теориясының қазіргі ережелері алыс-жақын шетелдік ғалымдардың еңбектерінде негізделген және бейімделу процесінің мәнін адам мен ортаның өзіне тән қайшылықтармен өзара әрекеттесуінің бірлігі ретінде сипаттаған. Сонымен қатар жасөспірімдердің табысты бейімделуінің ең маңызды шарты - индивидтің белсенді әрекетінің екі жағы: өзін-өзі өзгерту және қоршаған ортаны өзгерту арасындағы оңтайлы тепе-теңдіктің болуына түсінік берілген.*

**Кілт сөздер:** бейімделу, бейімделудің деңгейлері, әскери мектеп жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделу, тұлғашілік конфликт.

*В статье рассматриваются вопросы социально-психологической адаптации подростков в условиях военной школы, ее разнообразие. В то же время необходимо учитывать, что каждый подросток уникален и требует индивидуального подхода к адаптации. Современные положения теории адаптации обоснованы в работах ученых дальнего и ближнего зарубежья; характеризуют сущность процесса адаптации как единство взаимодействия человека и среды с присущими ему противоречиями. При этом дается объяснение наличия оптимального баланса между важнейшим условием успешной адаптации подростков - двумя сторонами активной деятельности индивида: самоизменением и изменением окружающей среды.*

**Ключевые слова:** адаптация, уровни адаптации, социально-психологическая адаптация к условиям военной школы, внутриличностный конфликт.

*Social and psychological it is stipulated that the adaptation can be different and individual, and that each adolescent is unique and requires an individual approach to adaptation.*

*The current provisions of the theory of adaptation are substantiated in the writings of far and near foreign scientists and describe the essence of the adaptation process as the unity of interaction between man and the environment with its inherent contradictions. At the same time, the most important condition for successful adaptation of adolescents is the existence of an optimal balance between the two sides of the active activity of the individual: self-transformation and environmental change.*

**Keywords:** adaptation, levels of adaptation, military school environment, social-psychological adaptation, stress, personality conflict.

**Кіріспе.** Қазіргі уақытта әскери мектеп жағдайында жасөспірімдердің психологиялық бейімделуі, психикалық денсаулығы мен эмоциялық күйлерінің мәселесі өзекті болып отырғаны белгілі. Әскери саланы таңдаған жасөспірімдерге қатысты эмоционалдық тұрақтылықтың, бейімделе алудың маңыздылығы, ең алдымен, әскери тәртіптің ерекшеліктерімен анықталады, мәселен әсерге тұрақты қарсылық, теріс эмоционалды факторлар физикалық және психологиялық денсаулықтың бұзылуына әкеледі. Осыған байланысты мектептен енді ғана келген жасөспірімдерде әртүрлі жағымсыз реакциялар мысалы, эмоционалдық депривацияның жоғарылауы, фрустрация, стресс, шаршау және аутодеструктивті мінез-құлық дамуы мүмкін.

Жастардың әскери мектеп жағдайына әлеуметтік-психологиялық бейімделуі күрделі және көп қырлы процесс, ол тек жаңа оқу жүйесіне ғана емес, сонымен қатар қатаң режимге, физикалық және психологиялық стресске, ұжымдық нормалар мен құндылықтарға, әскери тәртіпке бейімделуді білдіреді.



Мектеп өмірінен әскери мектепке көшу көптеген жасөспірімдер үшін қиын болуы мүмкін. Олар күнделікті қатаң тәртіпке дағдылануға, дене шынықтыру жаттығуларына, ұжымда жұмыс істеуге және өз әрекеттеріне жауапкершілікпен қарауға мәжбүр. Бұл жаңа талаптар стресске, тұлғашылық конфликтке әкелуі мүмкін.

**Негізгі бөлім.** Бейімделу құбылысы қазіргі уақытта көптеген ғылыми салаларды атап айтқанда биология, физиология, әлеуметтану, психология зерттеулердің теориялық құрылымы болып табылады. Бейімделу теориясының қазіргі ережелері П.К.Анохин, И.П.Павлов, Г.Селье, И.М.Сеченов және басқалардың еңбектеріне негізделген және бейімделу процесінің мәнін адам мен ортаның өзіне тән қайшылықтармен өзара әрекеттесуінің бірлігі ретінде ашады [1].

Біріншіден, бейімделу-бұл адамның қоғаммен өзара әрекеттесу жүйесінің өзгеруі, қайта құрылуы. Екіншіден, байланыс жүйесінің мұндай өзгеруі «адам-орта» диадасында үйлесімділікке қол жеткізу үшін тұлғаның қорғаныс механизмдерінің әсерін тудырады [2].

Бейімделу – (латын тілінен *adaptare* – бейімделу) – сыртқы жағдайлар өзгерген кезде организмнің қалыпты қызметі сақталатын және биологиялық жағынан да (биохимия және физиология деңгейінде) қамтамасыз етілетін тірі ағзаның қоршаған ортаға бейімделуі және психологиялық (біртұтас мінез-құлық деңгейінде) механизмдері.

Қазіргі психологиялық сөздікте бейімделу ұғымы әдеттен тыс, экстремалды жағдайларға бейімделудің әртүрлі фазалары ажыратылатын бейімделу процесі ретінде қарастырылады. Бейімделумен бірге жүретін өзгерістер белсенділіктің молекулалық жағынан психологиялық реттелуіне дейін дененің барлық деңгейлеріне әсер етеді (А.В. Петровский, 1990).

Бейімделудің мәнін және оның механизмдерін түсінуге әртүрлі көзқарастар бар. К.Бернардтың қоршаған ортаның өзгеруі жағдайында ағзаның «ішкі тұрақтылығы» туралы көптеген еңбектерінде «ағза мен сыртқы орта арасындағы динамикалық қатынастардың салыстырмалы тұрақтылығын қамтамасыз ететін эволюциялық жолмен анықталған бейімделу процестерінің жиынтығы ретіндегі бейімделу» түсінігі ашылады.

Бейімделу – гомеостазды яғни оңтайлы тепе-теңдікті сақтауға бағытталған организмнің сыртқы орта жағдайларына бейімделуі. «Бейімделу» концепциясы жеке адамның қоршаған ортамен қарым-қатынасын гомеостатикалық тепе-теңдік процестері ретінде қарастыратын психологиялық концепцияларда мысалы, гештальт психологиясы, Дж.Пиженің интеллектуалды даму теориясында негізі болып табылады.

Француз психологы Ж.Пиже интеллектінің маңызды функцияларының бірі ретінде жағдайларға бағдарлану дағдысы және соған сәйкес мінез-құлқын құрылымдау мүмкіндігі қоршаған ортаға бейімделу арқылы өзара әрекеттесу деп санады.

Бейімделу процестеріне әсер ететін психикалық бейімделу маңызды орын алады. Ф.Б.Березин психикалық бейімделудің келесі деңгейлерін анықтайды:

- 1) Өмірлік стереотиптердің өзгеруіне тікелей байланысты әлеуметтік-психологиялық;
- 2) Тұлға ерекшеліктерімен және қазіргі психикалық күйлермен байланысты психологиялық;
- 3) Интегративті церебральды жүйелердің деңгейі;
- 4) Шеткі вегетативтік-гуморальды және қозғалыс механизмдерінің деңгейі;
- 5) Ағза деңгейі.

Психикалық бейімделу нақты биологиялық, психологиялық және әлеуметтік аспектілерді қамтиды. Бейімделудің психологиялық құрамдас бөлігі жеке тұлғаның белсенділігімен анықталады және қоршаған орта ережелерін ассимиляциялау («өзін-өзі бейімдеу») және қоршаған ортаны өзгерту, өзгерту («өзіне бейімделу») процестерінің бірлігі ретінде әрекет етеді.

Табысты бейімделудің ең маңызды шарты - индивидтің белсенді әрекетінің екі жағы арасындағы оңтайлы тепе-теңдік (өзін-өзі өзгерту және қоршаған ортаны өзгерту). Басқаша айтқанда, бейімделудің сәтті болуы қалай, қандай дәрежеде және бәріне бейімделу мүмкін және қажет пе дегенді дұрыс анықтауға байланысты.

Психологеметтік аспектіде өзін-өзі бағалауды, субъектінің ұмтылыстары мен мүмкіндіктерін шындықпен үйлестіру маңызды.

Ф.Б.Березин концепциясындағы «бейімделу» ұғымы «эмоционалдық шиеленіс» және «стресс» ұғымдарымен тығыз байланысты. Ол психикалық эмоционалдық күйзелістің дамуында тұлғаның бейімделу мүмкіндіктерінің маңызды рөл атқаратынын атап өтеді, яғни. бейімделу механизмдерінің белгілі бір жағдайларға сәйкес келмеуі, нәтижесінде эмоционалдық стресс туындайды. «Ағымдағы қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін адамның психикалық немесе физикалық ресурстарының жеткіліксіздігі, қажеттіліктер жүйесінің сәйкес келмеуі, болашақта маңызды ұмтылыстарды жүзеге асыру мүмкін еместігімен байланысты қорқыныш, сондай-ақ жаңа экологиялық талаптар сәйкессіздікті анықтауы мүмкін, бұл аландаушылықтың көзі».

Қазіргі әдебиетте «стресс» ұғымы келесі құбылыстарды білдіреді (Китаев-Смык Л.А., 1983 бойынша):

1) Ағзаға қолайсыз күйзеліске ұшырататын әсерге күшті физиологиялық немесе психологиялық реакция;

2) Организмге қолайлы да, қолайсыз да әртүрлі түрдегі күшті реакциялар;

3) бейімделу әрекетінің қарқынды көріністерін тудыратын, оған күшті экстремалды әсер ету кезінде организмнің физиологиялық және психологиялық реакцияларының айырықша элементтері;

4) Организмнің кез келген реакциясы кезінде пайда болатын организмнің физиологиялық және психологиялық реакцияларының спецификалық емес белгілері.

Коммуникативті дағдыларды дамыту үшін мұғалімдерге мектеп оқушыларының сабақта пікірталасқа белсенді қатысуын ынталандыру және жұмыстың пікірталас формаларын тәжірибеге енгізу ұсынылады; білім алушылар құрдастарымен бірге оқу жобаларын бірлесіп жүзеге асыратын, спорттық және шығармашылық іс-шараларға белсенді түрде қатысатын, қызығушылықтарына байланысты түрлі үйірмелерге қатысатын жұмыс түрлеріне артықшылық беру; жоғары сынып оқушылары үшін мансап күндерін ұйымдастыру; түйіндеме жазу, өзін-өзі таныстыру және сұхбаттасу дағдыларын дамыту үшін арнайы бағдарламалар дайындалып, ұйымдастырылуын қадағалау маңызды.

«Soft skills» құзыреттерін Чуланова О.Л. қызметкерлердің арасындағы өзара әрекеттесу саласындағы білімінің, қабілеттерінің, дағдыларының және мотивациялық сипаттамаларының жиынтығының әлеуметтік-еңбек сипаттамасы, өз уақытын сауатты басқару қабілеті, сендіру, келіссөздер жүргізу, көшбасшылық, эмоционалдық жұмысты ойдағыдай орындауға қажетті интеллектіні және ұйымның лауазымы мен стратегиялық мақсаттарының талаптарына сәйкес, бұл барлық дерлік элементтерді сипаттауға мүмкіндік беретін потенциалды сапаға тән еңбектегі жұмыс орнында берілген жағдайда персоналдың командамен тиімді жұмыс істеуге дайындығы деп қарастырған[8].

Тиімді қарым-қатынасты ұйымдастыруға қажетті негізгі қасиеттердің тағы бірі – позитивтілік. Позитивтілік - бұл өзіңізге және басқа адамдарға сену. Бұл адам оқиғаларға әртүрлі қырынан қарай алатын және оны қоршап тұрған барлық нәрседен позитивті табуды қалайтын әлемге көзқарас.

Позитивтілікті дамытудың ең жақсы жолы – үлгі болу. Мұғалімдер мен сыныптастардың қолдауы мен назары позитивтілікті дамытудың негізгі құралы болып табылады. Педагог-психолог, пән мұғалімдері, ересектер, ата-аналар және т.б. әрқашан кеңес беруге дайын болып, жағымды жағдаяттарға, оқиғаларға назар аударуы керек. Сонымен қатар салауатты, адекватты бәсекелестік атмосфера білім алушыларға уақытша сәтсіздіктерге емес, өз мақсаттарына көңіл бөлуге көмектеседі. Жоспарлау, ұйымдастыру және басымдық беру қабілеті ұйымдастырушылық soft skills дағдылары болып табылады.

Ұйымдастырушылық қабілет – мақсатқа жету үшін адамдарды біріктіру және өзін және басқаларды әрекетке шабыттандыру қабілеті. Бастамашылдық, өзіне және басқаларға талап қою, егжей-тегжейге назар аудару, бір істі өз бетінше тапсыру немесе орындау қабілеті - мұның бәрі ұйымдастырушының маңызды қасиеттері. Мектепте оқи отырып, балалар барлық жоспарланған істерді орындауға үлгеру үшін уақытты ұйымдастыруды үйренуі керек: оқу, мектептегі іс-шараларға қатысу, үйірмелер мен секцияларда оқу; команда жинай білу; тез шешім қабылдау.

Сондай ақ, тұлғаның ақпаратты іздеу және өңдеу мүмкіндігі де soft skills дағдыларын сипаттайды.

Татаурщикова Д. өзінің зерттеуінде адам мансап сатысымен көтерілген сайын, соғұрлым біртұтас, яғни soft skills дағдыларды қолдану қажет екенін атап өтеді [9]. Ф.Лукьяновтың сарапшы пікірін болжауға болады, ол «soft skills» дағдылар эмоционалдық құзыреттіліктердің (эмоционалдық интеллект) анықтамаларының бірі болып табылады, онсыз адам өмірде де, жұмыста да ешқашан табысқа жете алмайды, «soft skills » негізінен өмірлік дағдыларды білдіреді деп баға берген[10].

Мектеп психологы, әлеуметтік педагог, жалпы мұғалімдер балаларды тәуелсіздікке, әртүрлі дереккөздерді пайдалана отырып, дұрыс ақпарат алуға, жалпылауға, эмпатияға, талдауға, белгілі бір қорытынды жасауға үйрету керек. Сонымен, оқу тапсырмаларын орындау үшін қажетті ақпаратты іздей білу негізгі әмбебап тәрбиелік әрекеттердің бірі болып табылады.

Soft skills дағдылар жүйесі білім алушылардың:

- күрделі және өзіндік тапсырмаларды орындау, бұл үшін оларға топта, командада жұмыс істей алу қабілеті және сыни ойлауын дамыту;

- әрбір жеке оқушының қызығушылықтары мен қасиеттеріне сәйкес келетін жеке білім беру траекториясын ұстану;

- жаңа білімді өз бетінше меңгеру және жаңа ақпаратты іздеу үшін бар құзыреттері мен білімін пайдалана білуге үйрету;

- ересек өмірде қолданатын қолжетімді заманауи технологияларды оқу процесінде пайдалану;

- мұғалімдерден эмпатиялықты сезіну, қолдау табу, олармен білім меңгеру жолындағы жоспарлаңызбен, жетістіктеріңіз бен сәтсіздіктеріңізді бірге ашық талқылау дағдыларының дамуына мүмкіндік жасап, психологиялық сүйемелдеу.

Soft skills дағдылар жүйесін дамытуға назар аудару оқу процесін ұйымдастыру әдістерін қайта құрылымдауды, диалог құру әдістерін белсенді пайдалануды, ойын және пікірталас әдістерін, оқушылардың жобалық әрекеттерін, сыныптағы және сабақтан тыс жұмыстарды үйлестіруді талап етеді.

**Қорытынды.** «Hard skills» және «soft skills» дағдыларды меңгеру көбінесе білім берудегі оқу бағдарламалары аясында ғана емес, мекемелерде біліктілікті арттыру және кәсіби қайта даярлау бағдарламалары, тренингтер және семинарлар, сонымен қатар кәсіби қызметегі іс-әрекет процесінде шындалады.

«Hard skills» дағдылар – жоғары мамандандырылған білім мен дағдылар. Тұлға оларды колледжде, университетте, курстарда, тренингтерде қабылдап, дамытады және өзінің кәсіби қызметінде пайдаланады.

«Soft skills» дағдылар - бұл күнделікті, жұмыс, тұлғааралық адамның әртүрлі мәселелерді шешу үшін қолданатын әлеуметтік, психологиялық, эмоционалдық және басқа дағдылар. Бұл дағдылар тобының негізі ерте балалық шақта қалыптасады және өмір бойы дамиды. Бірақ жас ерекшелігіне байланысты ересектерде бұл дағдыларды меңгеруі, дамуы баяу және қиынырақ болады. Сондықтан баланың «soft skills» дағдыларының берік іргетасын ерте жастан қалаған өте маңызды.

Әлемдік деңгейде қарастырылып отырған «hard skills» және «soft skills» дағдыларын дамытудың, меңгерудің психологиялық ерекшеліктерін, тұлғаның кәсіби қабілеттіліктерді дамытуда осы дағдыларды білім беру үрдісіндегі негізгі психологиялық–педагогикалық сүйемелдеу нәтижесінде қамтамасыз етілуін анықтайтын зерттеулерді талап етеді.

#### Әдебиеттер

1.Абашкина, О. Soft skills: ключ к карьере. [Электронный ресурс]. Режим доступа:<http://www.pro-personal.ru/article/7811-soft-skills-klyuch-k-karere>.

2.Шипилов, В. Перечень навыков soft-skills и способы их развития. Режим доступа [http://www.cfin.ru/management/people/dev\\_val/soft-skills.shtml](http://www.cfin.ru/management/people/dev_val/soft-skills.shtml).

3. Портланд Ю.Что такое soft skills и почему они так важны для карьеры? [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://dnevnyk-uspeha.com/rabota-ikarera/chto-takoe-soft-skills-i-pochemu-oni-tak-vazhnyi-dlya-kareryi.html>.

4. Васильев А. Soft skills: гибкость, а не мягкость [Электронный ресурс].Режим доступа: <https://newtonew.com/opinion/soft-skills-gibkost-a-ne-myagkost>

5. Ананьева Т. Десять компетенций, которые будут востребованы в 2020 году. Режим доступа: <http://www.tananyeva.com/single-post/>.

6. Баринаова, О.В. Понятие и сущность компетенции [Электронный ресурс]. Режим доступа: <http://novainfo.ru/article/1935>

8. Чуланова, О.Л. Компетентностный подход в работе с персоналом: теория, методология, практика: монография / Чуланова О.Л. - М.: НИЦ ИНФРА-М, 2016. - 292 с.: 60х90 1/16. - (Научная мысль) (Переплёт 7БЦ) ISBN 978-5-16-011696-9.

9.Тагаурщикова Д. Soft Skills. Режим доступа: <http://4brain.ru/blog/soft-skills>. – Дата доступа: 16.06.2016.

10. Лукьянов Ф. Твердые и мягкие навыки [Электронный ресурс]. Режим доступа: <https://delovoymir.biz/2013/02/19/tverdye-i-myagkie-navyki.html> (Дата обращения: 23.06.2018).

## КӘСІБИ БАҒДАР БЕРУДЕ АТА АНАЛАРМЕН ЖҮРГІЗІЛЕТІН ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖҰМЫСТАР

Бейсенова Ж.Ж., Утарова Ш. А.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

*Ата-аналармен жұмыс – оқушыларға кәсіптік бағдар беру жүйесінің маңызды буыны. Тәжірибе көрсеткендей, ата-аналар балаларының өмірлік және кәсіби жоспарларын анықтауға белсенді қатысады. Сонымен қатар, мамандық таңдау, оқуды жалғастыру жолдарын айқындау мәселелері оқушылардың өздеріне де, ата-аналарына да күрделі міндеттер жүктейді.*

**Түйін сөздер:** кәсіби бағдар, білім алушы, кәсіби бағдарлаушы, мамандық таңдау.

*Работа с родителями является важной частью в системе профориентационной работы учащихся. Опыт показывает, что родители активно участвуют в определении жизненных и профессиональных планов своих детей. Кроме того, проблемы выбора профессии и определение путей продолжения обучения ставят непростые задачи как перед самими обучающийся, так и перед их родителями.*

**Ключевые слова:** профессиональная ориентация, обучающийся, профессиональная ориентация, выбор специальности.

*Working with parents is an important part of the system of career guidance for students. Experience shows that parents actively participate in determining their children's life and professional plans. In addition, the problems of choosing a profession and determining ways to continue education pose difficult tasks for both the students themselves and their parents.*

**Keywords:** career guidance, student, career guidance, choice of specialty.

**Кіріспе.** Тұлғаның кәсіби өзіндік анықталуы мен мамандық таңдауда, ата-аналар өз балаларының қызығушылықтары мен қабілеттерін әрқашан біле бермейді және объективті түрде бағалай бермейді. Ата-аналардың тілегі мен мектеп оқушыларының кәсіби ниеті көп жағдайда сәйкес келмейді. Осының барлығы ата-аналармен арнайы жұмысты ұйымдастыру қажеттілігін талап етеді, оның басты мақсаты – отбасына өз балаларын дербес өмірге қол жеткізе отырып, тұлғалық өсуге және кәсіби өзін-өзі анықтауға дайындауға көмектесу.

Блонский П.П. «Мамандық таңдау – әрбір адамның өміріндегі ең маңызды қадамдардың бірі, оған жауапкершілікпен, ойланып, болашаққа бағдарлану керек. Сауатты түрде жасалған кәсіби таңдау адамға тек жұмыста ғана емес, жеке өмірінде де сұранысқа ие және табысты болуға мүмкіндік береді». Бұл әсіресе әр адам өз тағдырын жасаушыға айналатын, ал өнімді қызмет материалдық байлық пен моральдық қанағаттануды анықтайтын қазіргі әлемде маңызды [1].

Тәжірибе көрсеткендей, оқу үрдісі барысында әрбір бесінші студент таңдаған мамандығынан көңілі қалады. Бұдан оқушының мамандықты көбіне ойланбай таңдайтыны туралы қорытынды жасауға болады, бұл таңдауға көптеген факторлар әсер етеді. Кәсіби өзін-өзі анықталудың маңызды және қажетті аспектісі – кәсіптік бағдар беру жұмысын уақтылы жүргізу.

**Негізгі бөлім.** Кәсіби бағдар берудегі ең маңызды мәселе білім алушылардың ата-аналарымен бірлесіп жұмыс істеуге тарту. Білім алушылардың кәсіби өзін-өзі анықталуында С.Л. Богомаз ата-аналардың ықпалына ерекше тоқталған. «Балаларды оқыту мен тәрбиелеудегі табыстың кілті ата-аналар мен мұғалімдер қауымының барлық деңгейдегі күш-жігерін біріктіру болып табылады. Ата-аналар түрлі мәселелер бойынша мұғалімдерге жүгінеді. Бұған оқыту, тәрбиелеу, дау- дамайлы жағдаяттарды шешу, мамандықты дұрыс таңдау, өзіндік анықталу, бос уақытты тиімді ұйымдастыру, сондай-ақ педагогикалық құзыреттілігін арттыру кіреді» [2].

Ата-аналар мен балаларды алаңдататын мәселелерді ескере отырып, мектеп бітірушілердің кәсіби өзін-өзі анықталу мәселесі әрқашан өзекті болып қала береді, бұл әсіресе жоғары сыныптарда айқын көрінеді. Еліміздегі әлеуметтік-экономикалық жағдай еңбек нарығында және білім беру саласы нарығындағы бәсекелестік деңгейі артуда. Әлеуетті мамандар мен үміткерлерге қойылатын талаптар күшейтілуде. Ал болашақ мамандықты саналы түрде таңдау қазіргі қоғамның өзекті мәселелерінің біріне айналуда.

Барлығымыз білеміз, жасөспірімнің мамандық таңдауына ата-ананың ықпалы ерекше екенін. Жоғары сынып оқушылары арасында жүргізілген сауалнамалардың нәтижесін сараптағанда, балалар үшін мамандық пен оқу орнын таңдауда ата-аналардың кеңестерінің маңызы зор екенін көрсетті. Әрине, ата-ана бұл ретте балаларының амандығын тілейді, болашағына алаңдайды, шын жүректен бақыт тілейді. Бірақ ата-аналар да қателесуі мүмкін. Ал бұл қателіктер балалардың тағдырына қатты әсер етеді. Ия, барлығымыз мойындауымыз қажет, оқушыларға кәсіби бағдар беру барысында мұғалім ата-аналармен жұмыс жасауда түрлі қиындықтарға тап болады. Өте жиі кездесетіні, әрине мойындауға ауыр ең терең мәселе - ата-аналардың өз баласының ерекшеліктері туралы ақпараттың болмауы. Ата-аналар жоғары сыныпта оқитын оқушылардың интеллектуалдық және тұлғалық ерекшеліктерінің қандай екенін білмейді, ата - аналар өздерінің қалауларын балалары арқылы іс жүзіне асырғылары келеді[3].

Тағы бір жиі кездесетін қателік - ұл-қыздарының қабілетін асыра бағалау. Шын мәнінде, балаларының бейімділігі мен қабілеттерін ата-аналар толық түсінетін сияқты көрінгенімен, олар балаларының тілектерін, олардың шынайы мүмкіндіктерімен салыстыра алмайды. Кейде өздері кезінде армандаған мамандық бойынша оқуға түсе алмай, қазіргі жан дүниесі қаламайтын жұмысын жасап жүрген ата-аналар жиі кездесіп жатады. Осы себептен олар өз балалары арқылы кезінде жүзеге аспаған армандарын орындауға тырысады, оларға өздері орындауға міндетті емес тапсырма жүктейді. Кейбір ата-аналар ұлдары мен қыздарының ересек өмірінде «пайдалы», «ыңғайлы», «жеңіл желпі» ұйымдастыруға ыңғайлы, мансабы жоғары деп санайтын мамандықты таңдауды, балалары нені қалайды, қандай мамандыққа қабілеті бар, жан қалауына қарама қайшы келетін талаптар қояды. Кез келген жолдармен өздерінің асыл мақсатына жетуге тырысады, олар кейде баланы «өз» таңдауынан бас тартуға мәжбүр етеді.

Жасөспірімдер көмек пен кеңеске өте мұқтаж, бірақ сонымен бірге олар өздерін ересек санайды және бұйрық пен қысымға шыдамайды. Сіз баланың бастамасы мен белсенді қатысуыңыздың арасында «алтын ортаны» табуыңыз керек. Сынып жетекшісі ата-ана мен бала арасындағы дәнекер болып, дұрыс таңдау жасауға көмектеседі[4].

Мамандықты қате таңдауға әкелетін ең көп тараған себептер – мамандықтар туралы хабардар болмауы, өз қабілетін білмеу және оны кәсіптің талаптарымен байланыстыра алмау, мамандық таңдау ережелерін білмеу. Мамандықтар туралы шынайы ақпараттың болмауы.

Сауалнама нәтижесі көрсеткендей, мектеп оқушыларының мамандықтар әлеміне бағдарлануы айтарлықтай біржақты болып табылады: студенттер өз жауаптарында 20-ға жуық мамандықты атаса, олардың саны 40 мыңдай [4].

Ата-аналар әрқашан мамандық таңдау бойынша кеңес бере алмайды, өйткені олардың өздері мамандықтар туралы ақпарат аз біледі. Мектеп педагог психологы, кәсіби бағдар беруші, сынып жетекшісі ата-аналар мен балаларға белгілі бір мамандықтар туралы арнайы әдебиеттерді таңдауды ұсына алады, мүмкіндігінше өндіріске экскурсия немесе осы мамандық иесімен кездесу ұйымдастыра алады (көбінесе бұл адам жоғары сынып оқушыларының ата-аналарының бірі болуы мүмкін, сыныппен алдағы кәсіптік бағдар жұмысына оң әсерін

тигізеді), осындай мамандар даярланатын оқу орнын ұсынып, жұмысқа орналасу және кәсіби өсу перспективаларын талдауға көмектеседі.

Міндетті түрде мамандық таңдау кезінде мамандықтың қиындықтары жөнінде айтылғаны абзал. Кез-келген мамандықты меңгеруде, жұмыс жасағанда объективті күрделіліктері бар екенін түсінген білім алушы мамандық таңдауда әлдеқайда шынайы бағалап, сенімді болады [5].

Мамандық таңдауда тағы да бір жиі кездесетін мәселе, балалардың өз қабілеттерін білмеуі және оларды кәсіптердің талаптарымен байланыстыра алмауы. Мамандықты дұрыс таңдау үшін олардың әлсіз және күшті ерекшеліктерін дұрыс бағалап, қабілеттерің адекватты бағалауға үйрету маңызды. Артық, тым жоғары бағалау да, төмен бағалау да жағымсыз жағдайларға әкелетінін түсіндіру керек деп ойлаймыз. Бірінші жағдайда, бұл қабылдау емтихандарында немесе университетте оқу кезінде теріс нәтижелерге әкелуі мүмкін. Екіншіден, балалар қалаған мамандықтың орнына жоғары оқу орнына түсу тұрғысынан басқа, сенімдірек мамандықты таңдайды. Мұнда ата-аналарға көмектесу үшін педагог психолог немесе кәсіби бағдарлаушы оқушылардың өзін-өзі бағалау деңгейін анықтау үшін психологиялық диагностика жүргізе алады.

Мамандық таңдауда ескеретін өте маңызды мәселелердің бірі, білім алушының денсаулық жағдайын да ескеру қажет. Балалардың денсаулығын, олардың бойындағы ауытқуларды ата-аналардан артық ешкім білмейді, сондықтан жасөспірімдердің кәсіби жарамдылығы мәселесінде ата-аналардың араласуы өте орынды және тіпті қажет болады. Педагог психолог, сынып жетекшісі өз балаларын қызықтыратын кәсіптерге медициналық қарсы көрсетілімдер туралы ақпаратпен таңдауды ұсына алады.

Мамандық таңдаудағы ескеретін мәселе, білім алушылардың мамандық таңдау ережелерін білмеуі.

Жарнамалық стереотиптерге бой алдырудың қажеті жоқ, білім алушы кәсіптердің жарқын жағын ғана емес, сонымен қатар көлеңкелі жағын да білгені абзалырақ. Достармен немесе сыныптастармен серіктестікте мамандық таңдау сенімді және ынталы бола алмайды. Нәтижесінде балалар өз жанының қалауындағы мамандықты емес, достарының айтуы бойынша мамандықты таңдайды [6].

Мектеп оқушыларының да, ата-аналардың да жиі кездесетін қателігі – мектепке пәнге деген қызығушылықтың болашақ мамандығына автоматты түрде ауысуы. Кейбір мектеп пәнінен «өте жақсы» немесе «жақсы» баға мамандықты сәтті таңдаудың бірден-бір және жеткілікті шартына айналады.

Жоғары сынып оқушыларына және ата-аналарға болашақ жұмысқа орналасу жағдайын бағалауға көмектесу өте маңызды. Ең қарапайым әдіс: жұмыс туралы хабарландырулар бар көптеген жарияланымдарды алып, жұмысқа орналасуға арналған интернет сайттарын қарауға, сондай-ақ, рекрутингтік агенттіктер мен жұмыспен қамту қызметтері жасаған болжамдарды пайдалануға кеңес берген жөн. Осы деректерді салыстыра отырып, жоғары оқу орнының жақсы перспективаларды бар екенін анықтауға мүмкіндік бар екенін өздері салыстыра отырып, нақты шешім қабылдауына мүмкіндік жасалады. Дегенмен, нарық қажеттіліктерінің өзгеруі мүмкін екенін сөзсіз ескеру қажет. 3-5 жылда бала оқуын аяқтаған кезде мамандықтың өзектілігі, сұранысы өзгеруі мүмкін [6]. Сондықтан білім алушы мен ата-аналарға себебін ұмытпай, ақылмен, жүрекпен таңдалғанда ғана өзің қалаған мамандықтың иесі болатынын сезіндіріп, саналы шешім қабылдауына ықпал ету қажет деп ойлаймыз.

**Қорытынды.** Жоғарыда келтірілген фактілер жоғары сынып оқушыларына және олардың ата-аналарына кәсіптік бағдар беруде тәрбие жұмысын құру және олардың ата-аналарымен

кешенді, ұйымдастырылған жұмыс жасау қажет деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Мамандық таңдау кезінде жоғары сынып оқушыларымен қарым-қатынас жасаудың тиімді стратегияларын ата-аналардың пайдалануына отбасын бағыттау қажет.

Сынып жетекшісі мен оқушылардың ата-аналары арасындағы кәсіптік бағдар беру жұмыстарының формалары өте алуан түрлі:

Тақырыптық ата-аналар жиналысы. Бұл өзекті тақырыпқа арналған кездесулер, оларды талқылауға сыныптағы оқушылардың ата-аналарының көпшілігі қызығушылық танытады, оқу профилін таңдауға бағытталған: «Оқу профилін таңдау», «Адам өміріндегі мамандық таңдаудың маңыздылығы», «Отбасы баланың дұрыс кәсіби бағдарлануына көмектеседі».

Белгілі бір мамандықты ұсынатын ата-аналарды тарта отырып, сынып сағаттары. Мұндай сынып сағаттарының тақырыбы мен формасы әртүрлі болуы мүмкін. Мысалы, «Біз ... болғымыз келеді», «Мамандықтар карнавалы», «Болашақ мамандығын іздеуде» дебат, «Сен және сенің болашақ мамандығың» әңгімесі және т.б.

Оқушылардың мамандық таңдауы бойынша ата-аналармен жеке кеңестер. Ата-аналар сынып жетекшісіне жиі жүгінеді, ол оларға білім беру мекемелері туралы ақпарат беруге көмектеседі, мамандық таңдауда әрекеттер алгоритмі туралы кеңес береді және оларға педагог-психологтың көмегіне жүгінуге кеңес береді.

Оқушылардың ата-аналарына сауалнама жүргізу. Ата-аналардың өз баласының кәсіби өзін-өзі анықталуына деген көзқарасын және оқушылардың мамандық таңдау процесіне ата-ананың ықпал ету дәрежесін анықтауға көмектеседі. Мысалы, ата-аналар арасында әлеуметтік сауалнама жүргізуге болады: «Мен өз баламды қалай көремін»; «Менің міндетім – баланы еңбекке дайындау және мамандық таңдау».

Ата-аналарды балаларымен бірге жоғары оқу орындарына, кәсіпорындар мен кәсіптік білім беру мекемелеріне экскурсияларына қатысуға тарту. Ата-аналарды ақпараттандыру (кәсіби бағдар беру бойынша ақпараттық стенд орнату, қалалық, облыстық кәсіптік және орта арнаулы оқу орындарының сайттарымен танысу және т.б.). Арнайы тақырыптық дәріс. Дәрістердің ақпараттық және кеңес беру тақырыптары келесідей болуы мүмкін:

«Балаңыздың болашақ мамандығы»; «Балаға мамандық таңдауға қалай көмектесуге болады?»; «Кәсіби өзін-өзі анықталу туралы мифтер»; «Мамандық таңдауға әсер ететін негізгі факторлар»; «Мамандық таңдаудағы қателіктер»; «Мамандық таңдау ережелері».

Білім алушының жұмыстың аталған түрлерін пайдалана отырып, оларды оқу-тәрбие үрдісінде қолдана отырып, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеуде оң нәтижелерге қол жеткізуге болады. Нәтижесінде студенттердің кәсіби және тұлғалық өзін-өзі анықтау процесі жаңартылады, өзін-өзі бағалауы артады, эмоционалдық күйі түзетіледі, табысты әлеуметтік және кәсіби бейімделуге көмектесетін дағдылары жетілдіріледі.

#### Әдебиеттер

1. Блонский П.П. Выбор профессии. М.: Познание, 2009. 89 с.
2. Богомаз С.Л. Актуальные проблемы профессионального самоопределения личности старшеклассника // Психология. 1997. № 8. С. 8 – 14.
3. Зубелевич Л.И. Аспекты трансформации профидентичности: актуальные проблемы профориентации и профадаптации // Вопросы психологии. 1999. № 6. С. 49 – 54.
4. Бейсенова Ж.Ж. Жоғары сынып оқушыларының кәсіби анықталуындағы мамандық таңдаулары мен өзіндік бағалау ерекшеліктерін зерттеу. Кандидаттық диссертация авторефераты. Алматы: Әл Фараби Қазақ ұлттық университеті, 2004 – 23 б. УДК 159
5. Гильбух Ю.З. Психодиагностика в школе. М.: Знание, 1989. 236 с.
6. Детская психодиагностика и профориентация: Хрестоматия / сост. Л.Д. Столяренко. Ростов-на-Дону: «Феникс», 1999. 371 с.

## БАЛА АГРЕССИЯСЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ҚАЗІРГІ ҚОҒАМДА ТАРАЛУЫ

**Борбасова Г.Н., Қамшыбекова Э.М., Шерехан А.Б.**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Алматы, Қазақстан

*Бұл мақалада бала агрессиясына анықтама бере отырып, оның түрлерімен көріну себептерін және оны түзету жұмыстарының қалай жүретіндігі және қазіргі қоғамда көрініс табуы жайлы айтылатын болады. Балалардың агрессиясы – бұл баланың қалағанын дәл солай істей алмауына жауап беру тәсілі. Сонымен қатар, бүгінгі күні ауқымды тақырып ретінде көрініп жатқан бұл мәселеге отбасының да әсерін талдайтын боламыз.*

**Түйін сөздер:** агрессия, эмоция, мінез-құлық, балалар, жасөспірімдер, әлеуметтік орта, қарым-қатынас.

*В статье проанализированы причины проявления детской агрессии и вопросы коррекции в современном обществе. Детская агрессия - это способ реагировать на неспособность ребенка делать то, что он хочет. Кроме того, проанализировано влияние семьи на проблему агрессивного поведения ребенка.*

**Ключевые слова:** агрессия, эмоции, поведение, дети, подростки, социальная среда, общение.

*This article will talk about the causes of child aggression and how work is underway to correct it and is reflected in modern society, defining its manifestation. Child aggression is a way to respond to a child's inability to do what they want. In addition, we will also analyze the impact of the family on this problem, which is now considered as an extensive topic.*

**Keywords:** aggression, emotions, behavior, children, adolescents, social environment, communication.

**Кіріспе.** Агрессия сөзі латынның «aggređi» сөзінен шыққан, ол «шабуыл жасау» дегенді білдіреді. Психологияда агрессия – бұл басқа тірі жанға зиян немесе зардап келтіруге бағытталған мінез-құлық. Мұндай қарым-қатынастан қашу үшін барлық негіздер бар.

Агрессия физикалық (соғу) және вербалды (басқа адамның құқықтарын бұзу) түрде көрінуі мүмкін. Балаларда агрессивті әрекеттерді өте ерте жастан бастап байқауға болады. Алғашқы жылдары агрессия көбінесе ересектердің бақылауына көнбейтін импульсивті ызалану түрінде көрінеді. Бұл ашу-ыза, айқай, тепкілеу, тістеу, төбелесу сияқты эмоциялармен көрінеді. Сонымен қатар жерге құлау, қыңырлық, өз бетімендік, наразылық, ересектерді бағаламау сияқты әрекеттермен байқалады. Балалардың нерв жүйесінің жас ерекшеліктеріне байланысты кейде балалардың танымдық және зерттеушілік белсенділігін агрессиядан ажырату қиын болады. Қателеспеу үшін процестің дамуын бақылау керек. Танымдық және шығармашылық процестер өнімді, ал агрессия – бұзушы [1]. Егер бала ойыншықты оның құрылымын зерттеу немесе бөліктерінен жаңа нәрсе жасау үшін бұзса, онда бұл процесс оң бағалануы керек. Ал егер бұзу тек жинақталған теріс эмоциялардың шығуы болса, онда агрессия туралы айтуға болады және басқа шаралар қабылдау қажет. Балалардың агрессивтілігінің негізгі себептері: құрдастарының назарын тарту; қалаған нәтижеге қол жеткізу; басым болуға ұмтылу; қорғаныс және кек алу; басқаның қадір-қасиетін кемсіту арқылы өзінің артықшылығын көрсету.

Балалардың агрессивті мінез-құлқын қоздыратын психологиялық ерекшеліктер арасында: интеллект пен коммуникациялық дағдылардың жеткіліксіз дамуы; өзін-өзі реттеу деңгейінің төмендігі; ойын әрекетінің жетілмегендігі; төмен өзін-өзі бағалау; құрдастарымен қарым-қатынастағы бұзушылықтар.

Төменде балалардың агрессивті мінез-құлқын психологиялық түзетуге байланысты практикалық зерттеулердің нәтижелері келтірілген:

2015 жылы жүргізілген зерттеу агрессивті мінез-құлықты көрсететін балалардың ата-аналарымен мақсатты түрде жұмыс істегеннен кейін, отбасылық қарым-қатынас позитивті



бола бастағанын және ата-аналар балаларының қажеттіліктеріне жақсырақ жауап бере бастағанын көрсетті. 2017 жылы жүргізілген зерттеу агрессивті мінез-құлықты көрсететін балалармен жұмыс істеу үшін ата-аналар мен психология мамандары үшін әртүрлі терапевтік әдістер туралы ақпаратты қамтитын навигатор дерекқорының тиімділігін бағалады. Мұндай мәліметтер базасын пайдалану ата-аналар мен мамандарға әр балаға қандай шаралар қолайлы екенін жақсы түсінуге көмектесетіні анықталды. 2018 жылы жүргізілген зерттеулерге сүйенсек ойын тәсілінің терапиясы агрессивті мінез-құлқында проблемалары бар 9-11 жас аралығындағы балалар үшін тиімді екенін көрсетті. Терапиядан кейін балалар эмоцияларын жақсы басқара бастады, әлеуметтік дағдыларды дамытып, әртүрлі іс-шараларға қатысып, агрессия деңгейі төмендеді. Ал 2019 жылы жүргізілген зерттеу когнитивті мінез-құлық тәсілінің терапиясы агрессивті мінез-құлықты балаларға эмоциялар мен мінез-құлықтарды бақылау қабілетін жақсартуға, сондай-ақ ата-аналармен және құрдастарымен қарым-қатынас сапасын жақсартуға көмектескенін көрсетті [2].

Жалпы, зерттеу нәтижелері балалардың агрессивті мінез-құлқын психологиялық түзету дұрыс көзқарас пен жеке кейс әдісімен тиімді болуы мүмкін екенін көрсетеді. Ата-аналармен жұмыс істеу, әртүрлі терапевтік тәсілдерді қолдану, соның ішінде когнитивті мінез-құлық және ойын тәсілдері, сондай-ақ навигациялық мәліметтер базасын пайдалану ата-аналар мен агрессивті мінез-құлық танытатын балалармен жұмыс жасауда мамандарға көмектесе алады.

**Негізгі бөлім.** Балалардың агрессиясы – бұл баланың қалағанын дәл солай істей алмауына жауап беру тәсілі. Балалар агрессиясының көзі шектеулер, жеке ерекшеліктер, ересектердің әрекеттеріне еліктеу немесе эмоциялар болуы мүмкін. Жиі ата-аналар баланың агрессиясын оның зерттеу құлшынысымен шатастырады, яғни баланың жолындағының бәрін сыпырып, бір нәрсеге жетуге деген құштарлығын агрессия деп қабылдайды. Мұндай «жетістікті» мінез-құлықтың агрессивті мінезден айырмашылығы – бала бұл сәтте ашуланбайды, ол тек қалаған нысанға бағытталған және мақсатына жетуге табандылықпен ұмтылады.

Балалардың агрессиясы анықтамасынан баланың белгілі бір қажеттілігі қанағаттандырылмаған кезде агрессия туындайтыны анық. Бұл келесі төрт себептің біреуі арқылы болады [3]:

- егер оның әрекеттері шектелген болса (мысалы, жазаланды немесе тыйым салу жүйесі енгізілді);

- егер ол өзінің темпераментіне байланысты басқаша әрекет ете алмаса;
- егер оның айналасындағылар дәл осылай әрекет етсе;
- егер бала қатты ашуланса (ренжісе, ызаланса).

Агрессивті мінез-құлықтың әрбір кезіне жеке тоқталайық:

**Шектеу:** Адам мақсатына жету жолында кедергіге тап болған кезде, оның бойында күйзеліс пен көңіл қалу сезімі пайда болады, содан кейін бұл кедергіні жоюға, оған зиян келтіруге деген агрессивті ұмтылыс дамиды. Ғалымдар жазалау немесе тыйым салу сияқты шектеулермен, бір нәрсені жасай алмау мен байланысты мұндай жағдайды фрустрация деп атады. Кішкентай бала жас ерекшеліктеріне байланысты күнделікті шектеулерге тап болады. Бұл қарапайым «болмайды» немесе «тиіспе», «кірме», «кедергі жасама» және т. б. сияқты кез келген басқа шектеулер болуы мүмкін. Жаза енгізілген шектеуді күшейтеді, бала қосарланған фрустрацияға ұшырайды: шектеу түрінде және жаза түрінде. Жазалаудың мақсаты – баланың мінез-құлқын жақсарту болғанымен, ол агрессивтіліктің негізгі себебіне айналуы мүмкін. Жазаның шамасына назар аудару өте маңызды. Ғалымдардың айтуынша, шамадан тыс жаза да, жазалаудың болмауы да баланың агрессивті болуына әкеледі [4]. Баланы тыйымдармен және шектеулермен тежегеннен гөрі, қалаған мақсатына жету жолдарын іздеу әлдеқайда

қиын. Ең жиі шектелетін қажеттіліктер – танымдық қажеттілік (мысалы, бала қауіпті заттарға қызығушылық танытқанда – үйдегі розеткаларға, көшедегі тастар мен шыныларға), ата-анасының назарында болу және олардың сүйіспеншілігін сезіну қажеттілігі (бала ересектерден онымен бірге болуын, оған уақыт бөлуін сұрағанда, ал ересектер өз істерімен айналысып, онымен ойнағысы немесе сөйлескісі келмеген кезде), қозғалыс қажеттілігі (бала бір жерге өрмелегісі немесе жүгіргісі келгенде), ойын-сауық (мультик көргісі келгенде, бірақ оны ұйықтауға шақырған кезде) немесе шамадан тыс тәтті жеу, сондай-ақ қызықты іс-әрекетті жалғастыру қажеттілігі (қызықты ойын ойнап жатса, серуендеп жатса немесе ас үйдегі жәшіктердің ішін қызығушылықпен ақтарып жатса).

**Жеке ерекшеліктер, темперамент.** Ресейлік ғалым, физиолог И.П. Павлов агрессияның реакциясы туа біткенін, бірақ жүйке жүйесінің түріне байланысты әртүрлі көрінетінін байқаған. Жүйке жүйесінің түрлері негізгі сипаттамаларына сәйкес төрт классикалық темперамент түріне жатады: күшті, тепе-тең, белсенді түрі — сангвиник; күшті, тепе-тең, инертті түрі — флегматик; күшті, тепе-тең емес, қозу басым түрі — холерик; әлсіз түрі — меланхолик. Баланың жүйке жүйесінің түрі болашақта оның қоршаған ортасы мен тәрбиесінің әсеріне қарамастан, салыстырмалы түрде аз өзгереді. Холериктер оңай әрі тез қозады, олардың реакциясы тым эмоционалды болады, біреудің әрекетіне бірден жауап беріп, айқайлап, ұрып, итеріп жіберуі мүмкін. Флегматиктер ұзақ уақыт шыдайды, бірақ олардың шыдамы таусылса, жағдай күрделенуі мүмкін. Сангвиниктер қажет болмаса агрессия танытпайды, бірақ қажет болғанда өздерін қорғай алады. Ал әсерленгіш әрі нәзік меланхоликтер тіпті біреу оларды ренжітіп қойса да, оларға назар аудармас үшін барын салады. Алайда кейде агрессияның себебі темперамент емес (тіпті холерик болса да), ересектердің үлгісі болуы мүмкін.

#### **Құрдастары мен өзара әрекеттесуде агрессияның көрінісі**

Агрессивті мінез-құлықтың әртүрлі формалары бастауыш мектеп жасындағы балалардың басым көпшілігінде байқалады. Бірақ кейбір балалар агрессивтілікке айқын бейімділік танытады, ол келесі түрде көрінеді:

1. Құрдастарына зиян келтіруге бағытталған агрессивті әрекеттердің жоғары жиілігі;

2. Тікелей физикалық агрессияның басым болуы, бұл балалар тікелей физикалық зорлық-зомбылықты қолданады;

3. Агрессивті әрекеттердің қандай да бір мақсатқа емес, құрдастарына физикалық ауырсыну немесе азап шегуге бағытталуы.

Агрессивті мінез-құлықты қоздыратын психологиялық ерекшеліктеріне: интеллект пен коммуникациялық дағдылардың жеткіліксіз дамуы; ойын әрекетінің дамымағандығы; төмен өзін-өзі бағалау; құрдастарымен қарым-қатынастағы бұзушылықтар бөлінеді. Қайсысының мектеп оқушыларының агрессивтілігіне көбірек әсерететіні әлі анық емес. Агрессивті мектеп оқушылары арасында ойын ойнауды білмейтін балалардың санының көптігі байқалған. Агрессивті бала басқаларға жаман ниеттер мен өзін төмен бағалауды жүктейді. Агрессияның негізінде әртүрлі мотивациялық бағыттылық жатыр: спонтанды өзін көрсету, практикалық мақсаттарға жету, басқаны басып-жаншу және кемсіту. Дегенмен, барлық агрессивті балаларды біріктіретін бір жалпы қасиет басқа балаларға немқұрайдылық, оларды көру және түсіну қабілетінің болмауы. Агрессивті бала айналасындағы әлемде ең алдымен өзін және өзіне деген қатынасты байқайды. Басқа адамдар оның өміріндегі жағдайлар ретінде көрінеді, олар не оның мақсаттарына жетуіне кедергі келтіреді, не оған жеткілікті назар аудармайды, не оған зиян келтіруге тырысады. Өзіндік фиксация, қоршаған ортадан дұшпандық күту оған басқа балаларды толық әрі тұтас көруге мүмкіндік бермейді, онымен ортақтық сезімін сезінуге кедергі келтіреді. Агрессивті балада мұндай дүние таным өз-өзімен

жалғыздық сезімін тудырады, дұшпандық және қауіп төндіретін әлемде, бұл одан сайын қарсыласу мен басқалардан алыстауды туындатады. Дұшпандықты қабылдау дәрежесі әртүрлі болуы мүмкін, бірақ оның психологиялық табиғаты бірдей – ішкі изоляция, қоршағандарға дұшпандық ниеттерді жүктеу және басқа адамның ішкі әлемін көре алмау. Ұлдар агрессияны тұлғааралық қатынастарда: оқу, спорт, жеке қауіптерде сезінеді. Қыздар сыртқы немесе рухани деректерін бағаламауға, алғыссыздыққа, психологиялық қысымға қатты жауап береді. Олардың ашуы көбінесе тұлғаралық қатынастардың сапасымен анықталады, нәтижесінде бақылаусыз жағдайлар туындайды [5].

Агрессияның әртүрлі формаларының көріністері жасерекшеліктері мен және жыныстық ерекшеліктер мен байланысты. Бастауыш мектеп жасында ұлдарда физикалық агрессия басым болса, қыздар вербалды агрессияны таңдағанды жөн көреді. 10-11 жаста ұлдар мен қыздар арасында негативизм сияқты агрессияның формасы айқын бай қалады.

**Ересектердің әрекетін қайталау.** Кейбір ғалымдар агрессияны үйренген реакция деп санайды, оны бала анасының, әкесінің немесе басқа туыстарының мінез-құлқын бақылау арқылы немесе беделді тұлғаның (мысалы, ағай, бала күтуші, басқа бала, кино кейіпкері және т.б.) әрекетіне еліктеу арқылы үйрене алады. Егер отбасы мүшелерінің бірі дауыс көтеріп (айқайлап), ұрысып, бұйрық беріп, немесе басқа ересек не балаларды қорлап немесе ұрып-соғуға қабілетті болса, бала мұны өмірде осылай істеу керек деп қабылдайды. Бала агрессивті әрекет етіп, қалағанына жұдырықпен немесе тіл тигізу арқылы жетудің тиімді екеніне көз жеткізген сайын, агрессияның жаңа көріністері соғұрлым ықтимал болады. Кейде баланың айналасындағы біреу агрессивті мінез-құлық танытса да, сол уақытта ол қалағанына жетудің агрессиясыз тәсілдерін (келісу, өтіну) байқай алады. Бұл жағдайда баланың реакция репертуары өзгеше болады, онда агрессивті мінезден басқа да конструктивті мінез-құлық әдістері болады. Әдетте агрессияны агрессивті реакцияларға ересектердің мінез-құлқын бақылау арқылы үйренген балалар жиірек көрсетеді. Баланың айналасындағы ересектердің агрессивті әрекеттері сыртқы әсер көздеріне жатады. Бірақ кейде жағымсыз, теріс әсердің мұндай көзі баланың өз ішінде болады, және ол эмоциясын бақылауда ұстай алмайды. Бұл жағдайда эмоцияларын сыртқа шығару ғана қалады.

**Эмоциялар: ашу, ыза немесе тігіркену.** Көбінесе агрессияны туындататын эмоция – ашу. Ашу жиі агрессия мен теңестіріледі. Дегенмен, шын мәнінде ашу әрқашан агрессивті мінез-құлыққа әкелмейді және ол ашу тудырғана дамуға бағытталмауы да мүмкін. Ашу сезініп, агрессивті шиеленісті физикалық белсенділік, заттарды теуіп немесе бос кеңістікте айқайлау арқылы шығаруға болады. Ашудың, кез келген басқа эмоция сияқты, негізінде субъективті сезім жатыр, оған ағза ерекше реакциямен жауап береді: дауыс қатты шығып, дірілдей бастайды, жұдырықтар түйіледі, бет қызарады. Ойлар бірінен соң бірі басымыздан өтеді, олардың сипаты бет әлпетімізде көрініс табады. Эмоциялық реакция күшейген сайын, ол айналадағының бәріне жайылып, не болып жатқанын немесе қол жетімді заттарды қабылдамауға әкеледі. Ашудың кульминациясы бұрынғы тәжірибелермен қатар жүретін әрекеттер болуы мүмкін. Мысалы, бала анасының кішкентай сінлісімен айналысып, оған назар аудармай жатқандығына ашуланып, келіп анасының аяғын тістейді. Немесе ойында көшбасшы болғысы келген, бірақ оны ешкім таңдамайды – бала ашуланып, сәттілікті жеңгендерді итеріп жібереді. Кейде біз баламызға ашулануға тыйым салу арқылы оның агрессивті мінез-құлқын тоқтата аламыз деп ойлаймыз. Алайда тыйым салудан ашу кетпейді, ол іште жиналып, ерте ме, кеш пе сыртқа шығады: не айналадағыларға төгіледі, не өз иесін жегідей жейді.

Жалпы, зерттеулер балалардың агрессивті мінез-құлқын психологиялық түзетудің тиімділігі белгілі бір баланың жеке қажеттіліктеріне байланысты екенін көрсетеді. Сонымен қатар, ата-аналармен жұмыс істеу және олардың қарым-қатынас пен қақтығыстарға жауап беруді жақсарту жолдарын үйрету агрессивті мінез-құлықты көрсететін балалармен жұмыс істеудің маңызды құрамдас бөлігі болып табылады [6].

**Қорытынды.** Жоғарыда айтылғандардың барлығын қорытындылай отырып және балалардың агрессивтілік мәселесін зерттеудегі өз өмірлік тәжірибелерімізге сүйене отырып, әрбір аталған теорияның белгілі бір артықшылықтарға ие екендігімен келісуге болады. Сонымен бірге сынға алынған пікірлер де орынды екенін мойындау керек. Толығырақ қарастырмай-ақ, барлық теорияларға ортақ кемшілікті атап өтуге болады. Ешбір теория агрессивтіліктің нақты психологиялық моделін ұсынбайды, яғни оның туындау себептерін нақты анықтамайды, агрессивті реакцияның психикалық процестерінің динамикасын сипаттамайды және агрессивтіліктің көрінуін психологиялық реттеу механизмдерін түсіндірмейді. Жалпы, зерттеу нәтижелері балалардың агрессивті мінез-құлқын психологиялық түзету дұрыс көзқарас пен жеке кейс әдісімен тиімді болуы мүмкін екенін көрсетеді. Ата-аналармен жұмыс істеу, әртүрлі терапевтік тәсілдерді қолдану, соның ішінде когнитивті мінез-құлық және ойын тәсілдері, сондай-ақ навигациялық мәліметтер базасын пайдалану ата-аналар мен агрессивті мінез-құлық танытатын балалармен жұмыс жасауда мамандарға көмектесе алады.

Қорытындылай келе, балалардың агрессивті мінез-құлқын түзету ата-аналар мен мамандардың бірлескен күш-жігерін талап етеді. Балаларға агрессияны тоқтатып, эмоцияларын дұрыс басқара білуге үйрену үшін әр түрлі терапевтік әдістерді қолдану маңызды.

#### Әдебиеттер

1. Колосова С.Л. Детская агрессия - Питер, 2004. - 224 с.
2. Долгова А.Г. Агрессия в младшем школьном возрасте. Диагностика и коррекция. - М.: Генезис, 2009 - 216 с.
3. Василюк Ф.Е. Психология переживания. - М., МГУ, 1984. - 31 с.
4. Божович Л.И. Проблема развития мотивационной сферы ребенка// Изучение мотивации поведения детей и подростков. - М., Педагогика, 1972. - 41 с.
5. Чижова С.Ю. Детская агрессивность. - Ярославль: Академия развития, 2003. - 160 с.
6. Бреслав Г.Э. Психокоррекция детской агрессивности. Учебное пособие. - СПб, 2004. - 144 с.

## ЖАСӨСПІРІМДЕРДІҢ МІНЕЗ - ҚҰЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІНЕ ЖАНҰЯНЫҢ ӘСЕРІН ЗЕРТТЕУ

Борбасова Г.Н., Момбаев Ж.Ж., Ибрахим Ф.С.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан

Бұл мақалада жасөспірімнің тұлға болып қалыптасуында кездесетін мінез-құлық ерекшеліктерін қарастырып, оған жанұяның әсерін зерттеуге байланысты теориялық зерттеулерге шолу жасалып отыр. Жасөспірімнің мінез-құлқының қалыптасуына және тұлға болып өркендеуіне отбасындағы өмір атмосферасы үлкен әсерін тигізеді. Жанұя жағдайы, ата-ананың немен айналсатыны, материалдық жағдай, ата-ананың білім деңгейі белгілі бір деңгейде баланың өмірлік жолын қалыптастырады. Ата-аналар жасөспірімге мақсатты бағытталған тәрбиемен әсер етеді, бұл жасөспірімнің өмір сүру салтының қалыптасуын, өзін қалай ұстауды үйретуді қамтамасыз етеді. Ата-ананың баламен қарым-қатынас жасау және тәрбие беру стилі жасөспірімнің мінез-құлқында көрінетін тұлға акцентуациясының пайда болуының басты себепшісі.

**Түйін сөздер:** жанұя, жасөспірім, мінез –құлық, тәрбие.

В статье представлен обзор теоретических исследований, связанных с изучением поведенческих особенностей, обнаруживаемых в становлении подростка как личности, и изучением влияния на него семьи. Большое влияние на формирование поведения подростка и развитие личности оказывает атмосфера жизни в семье. Семейное положение, то, чем занимаются родители, материальное положение, уровень образования родителей на определенном уровне формируют жизненный путь ребенка. Родители оказывают влияние на подростка целенаправленным воспитанием, которое обеспечивает формирование образа жизни подростка, обучение тому, как себя вести. Стиль общения и воспитания родителей с ребенком является главной причиной появления акцентуации личности, проявляющейся в поведении подростка.

**Ключевые слова:** семья, подросток, поведение, воспитание.

This article provides an overview of theoretical studies related to the study of behavioral characteristics found in the formation of a teenager as a person, and the study of the influence of family on him. The atmosphere of family life has a great influence on the formation of adolescent behavior and personality development. Marital status, what the parents do, financial situation, the level of education of the parents at a certain level shape the life path of the child. Parents influence a teenager through purposeful upbringing, which ensures the formation of a teenager's lifestyle, learning how to behave. The style of communication and upbringing of parents with a child is the main reason for the appearance of personality accentuation, manifested in the behavior of a teenager.

**Keywords:** family, teenager, behavior, upbringing.

**Кіріспе.** Жасөспірімдік кезең – психикалық дамудың спецификалық қиын кезеңі, бұл тек жасөспірім үшін ғана емес, сонымен қатар ересек адам үшін де жауапты кезең деп атап өтсек болады. Жасөспірімдік кезең мәселесінің өзектілігі баланың психикалық дамуының ерекше әлеуметтік кезеңдерімен ғана түсіндірілмейді, қоғамның өсіп келе жатқан адамнан қажет ететін белгілі талаптарымен де түсіндіріледі.

Отбасы стилін зерттеумен А.Е.Личко, К.Леонгард, В.В.Юстицкий, Э.Г.Эйдемиллер айналысқан [1,107 б].

Қазіргі психология мен педагогикада жасөспірімді тәрбиелеудің әр түрлі тәсілдері бар. Тәрбиелеу стилі – бұл жасөспірімге тәрбие берудің белгілі бір деңгейіне қол жеткізу. Тәрбиелеудің барлық стильдері жасөспірім тұлғасының толықтай тұлға болып қалыптасуына, мінез-құлықтың жағымды қырларының акцентуациясына, сонымен қатар жүріс-тұрыстың жүйелі өзгерісіне бағытталған [2,56 б]. Отбасында қалыптасқан мақсаттарға байланысты жасөспірімнің дүниетанымы қалыптасады. Балалық шақта қалыптасқан фундамент жасөспірімнің тұлғасының қалыптасуында шешуші рөлді атқарады. Осылайша, бұл тақырып аса өзекті болып табылады, себебі отбасылық тәрбие біртұтас тұлғаның қалыптасуында

шешуші рөлді атқарады. Сондықтан да ата-ана жасөспірімді тәрбиелеу процесіне көп уақыт бөлу қажет және оны тәрбиелеудің оптималды нұсқасын таңдау қажет. Бұған барлығы тәуелді болады: қоршаған орта адамдарымен үйлесімді қарым-қатынас жасау, өзіндік бағалау, оқу әрекетінің нәтижесі, баланың шығармашылық потенциалы және т.б. Сонымен қатар жасөспірімнің тұлғалық қалыптасуына ата-ананың кәсіби әрекетте өзін-өзі жүзеге асыруы, мықты тұлғаны тәрбиелеуде жағдай жасайтын тұрақты материалдық жағдайы аса маңызды рөл атқарады [3,486]. Жоғарыда айтылған мәліметтерді қорытындылай келе тәрбиелеу стилінің әрқайсысы жасөспірім тұлғасының қалыптасуында тікелей әсер ететіндігі айтуға болады. Ата-ана мен жасөспірім арасындағы қарым-қатынас жасөспірімнің бойында өз-өзіне сенімділіктің қалыптасуына, қабілеттердің дамуына, сезімталдығына, өзін-өзі бақылауына, яғни тұлға болып қалыптасу процесіне тікелей әсерін тигізеді. Тәрбие берудің ең тиімді стилі – бедел стилі болып табылады, себебі сол арқылы тұлғалық дамуға, сенімді қарым-қатынас орнатуға үлесін қосады. Бұл тәрбиелеу стилі басқа тәрбиелеу стилдерінен отбасында баламен жылы эмоционалды қарым-қатынас орнауымен, бостандық бере отырып балаға бақылау жасауымен, кез-келген шешімді қабылдас бұрын жасөспірімнің ойына назар салумен ерекшеленеді [4,616].

**Негізгі бөлім.** Жасөспірімдік кезең - адам өміріндегі жеткіншектікпен ересектіктің арасындағы кезең. Психолог Т.М. Кравцованың тұжырымдамасында - жасөспірімдердің мінез-құлқының ерекше белгілері олардың мінез-құлқында көрінеді. Осындай көріністердің бірі жасөспірімнің жанжал жағдайларындағы мінез-құлқы болып табылады. Жасөспірімдер жас балалардың жоғары қақтығыстарымен ерекшеленеді, бұл эмансипация процестеріне байланысты. Жасөспірімдік жастың шекараларын анықтауда психологтардың пікірі бір жерден шықпайды. Мысалы, Батыс психологиясында бірден жасөспірімдікті жеткіншектік кезеңмен бір жас кезеңіне қосу тән, ол батыста ересектену кезеңі деп аталады. Оның мәні балалық шақтан ересектікке өту дегенді білдіріп, жас шекаралары 12-14 жастан 25 жасқа дейін созыла беруі мүмкін [5,35].

И.С.Конның анықтауы бойынша жасөспірімдік жастың шекаралары 14-18 жас аралығында орналасады. Олардың ішіндегі ең маңыздысы дін, әлеуметтік шығу тегі және білім деңгейі [6,58 б].

Жасөспірімдік кезең адамның бүкіл өміріне үлкен өзгерістер алып келетін және әсер ететін кезең. Өз өмірінде болып жатқан жағдайларды қалай сезінеді, қалай шешім қабылдайды, қандай қарым-қатынас ортасын таңдайды, өзіне немесе өз жақындарымен қандай қарым-қатынаста болады, адамдармен қалай қатынас орнатады, өз мақсаттарына қалай қол жеткізеді, қиындықтарды қалай кешіреді – осының барлығына қажетті тұлғалық ресурстар, қабілеттер дәл осы жасөспірімдік кезеңде қалыптасады. Осы кезеңде тек ағзаның ғана емес, сонымен қатар тұлғаның да «қайта құрылуы» жүреді. Бұл кезеңде жасөспірімдер қарама-қайшы сезімдер мен ойларға бөленген болады. Сондықтан да бұл адам өміріндегі аса күрделі кезең болып саналады [7, 136.]. Жасөспірімдік кезең дәстүрлі түрде өзгерісті, өтпелі, күрделі кезең болып табылады.

Л.С. Выготскийдің көзқарастарына сәйкес, жасөспірімдік кезең – бұл өте тұрақсыз және құбылмалы кезең. Сол себепті де бұл кезеңде жасөспіріммен қарым - қатынас жасауда абай болып, белгілі бір шарттарды ұстанған жөн. Психолого-педагогикалық дұрыс қатынас келесідей элементтерден тұрады [8, 1176]:

1. Жасөспірімнің бойындағы ерекшелігімен қабылдай алу;
2. коммуникативті толеранттылықты ұстану;
3. жасөспірімге оптимистік көзқараспен қарау;

4. шынайы көңіл бөле алу;

5. жасөспірімді сыйлау;

Кеңестік психологияда жасөспірімдік кезеңді адамның, тұлғаның және индивидуалдылықтың дамуындағы дербес кезең ретінде қарастыру қабылданған. Жасөспірімдік шақтың теориялық үлгісі батыс психологиясының басты бағыттарының бәрінде көрсетілген. З.Фрейдтің (психологиялық сараптама), К.Левиннің (гештальт-психология), Р.Бенедикттің (бихевиоризм) теорияларының бір-бірінен айырмашылықтары болғанымен де, бұл теориялардың барлығы онтогенетикалық дамудың жалпы үлгісінен-эволюциялық үлгіден бастау алатындығы оларды біріктіреді [9,6 б ].

Жасөспірімдік жасты зерттеуде Э.Шпрангердің зерттеулерінде айрықша орын алады. Ғалымның пікірінше, жеке тұлғаның ішкі дүниесі қандай болса да, табиғи немесе әлеуметтік детирменанттармен байланыспайды. Оның шектеуінше 14-17 жас аралығындағы жасөспірімдік саты балалық тәуелділіктен арылуға ұмытылу дағдарысымен түсіндіріледі. Берілген жастың негізі жаңадан қалыптасқан қасиет ретінде «Меннің» ашылуы, рефлексияның пайда болуы, өзінің жеке тұлғалығын ұғынудан көрінеді.

Жанұя бүкіл ғасырлар бойы адам баласы тәрбиесінің құралы болып келеді. Сондықтан ол адам үшін ең үлкен мәнге ие орта.

Жанұя белгілі дәстүрлердің, жағымды өнегелердің, мұралардың сақтаушысы. Онда бала алғашқы рет өмір жолымен танысады, моральдық нормаларды игереді. Сондықтан жанұялық өмір жеке адамның азамат болып өсуінің негізі.

Қазіргі кездегі саны күннен күнге көбейіп бара жатқан акцентуациялық мінез-құлықты жасөспірімдер қайдан пайда болады? Бізді ойландыратын да осы сұрақ. Дүние есігін жаңа ашқан сәбилер о бастан «акцентуация» немесе «акцентуация емес» болып бөлінбейді. Бұл қалай? Бұған жауапты алыстан іздеудің қажеті бола қоймас. Дұрысын айтқанда, мұны әрбір ата-ананың өзінен-өзі іздегені дұрыс.

Қоғамда өмір сүрудің алғашқы деңгейін бала қоршаған айналаға қарым-қатынас тәжірибесінен, отбасынан үйренеді. Халықтың «Ұяда не көрсең ұшқанда соны ілерсің» деген мәтелі тегіннен-тегін айтылмаса керек.

Жасөспірімдердің дамуына, тәрбиесіне отбасының әсерін зерттеу нәтижелері де көрсетіп отыр. Өмірде әке-шеше мейірімі, қамқорлығы дегеннің не екенін білмей өсуі, не болмаса оның нағыз достары да болмауы оған жағымсыз әсер етеді. Сондықтан нашар ортаның ықпалына түсу ықтималдығы жоғары Осы орайда нақты деректерге жүгінер болсақ, қалада жайсыз отбасының яғни, «қиын» ата-ананың көбеюі девиантты мінез-құлықты жасөспірімдер санының арта түсуіне әкеліп отырғаны анық.

Ата-аналардың білім деңгейіне байланысты да отбасында ерекшеліктер орын алады. Мысалы: ата-аналардың білімі жоғары болған сайын олардың балалары мектепте жақсы оқиды. Қазіргі ата-аналар жұмыс басты болғандықтан бала тәрбиесі көбінесе білімі төмен ата мен әжелерге жүктеледі. Дегенмен, жас отбасында алғашқы кезде тұрмыстың түзелмеуі, бала тәрбиесі сияқты қиындықтар кездескенімен, оларды шешу қоғамның құзырында.

Жанұя мүшелерінің келуі, туылған бала санының азаюы да отбасы дамуының ерекшелігін құрайды. Қалалық отбасында бір-екі бала ғана тәрбиеленеді. Бала туудың азаюының себептері сан алуан және өте күрделі; олар ата-аналардың жұмысбастылығын; мектепке дейінгі мекемелермен қамтамасыз етілмеуі; бала тәрбиесіне шығынның көп жұмсалуды; әйел ананың шамадан тыс жұмысбастылығы; отбасының қолайсыз тұрғын үйі; тұрмыстық жағдайы; ата-аналардың «өзі үшін өмір сүруге» ұмтылған тоғышарлық ұмтылысы және т.б. Бала туудың

азаюы- шағын отбасындағы тәрбие әдістерін жасау деген және педагогикалық проблеманы алуға тосады.

Қазіргі жанұя ажырасу санының едәуір артуымен сипатталады. Ажырасудың 90% тұрмыс қолайсыздығы мен дайындықсыздың салдары. Дегенмен барлық ажырасуларға жағымсыз баға беруге болмайды, өйткені кей жағдайда ажырасу баланың психикасына теріс әсер ететін ұрыс-жанжал, отбасылық кикілжіңді алдын алады [10].

Бір балалы жанұя көпшілікпен араласу, ұжымдық қызмет тәжірибесін игеру жағынан баланы қиын жағдайға қалдырады. Бұндай отбасыларда аға, әпке сияқты тәлімгер іні, қарындас сияқты қамқорлығына алатын бауырдың болмауы ұжымдық туыстық қатынастар аясын мүлдем тарылта түседі. Осындай жағдайда баланың қызығушылығы мен қажеттілігін қамтамасыз етуде ата-аналардың педагогикалық нормаларды сақтамауынан бастауыш сынып кезінен оның бойында тоғышарлық, ұжымды жатырқаушылық қасиеттердің қалыптасқандығын аңғарамыз [11].

4. Қанағаттанбаушылық: Адам өз еңбегінің нәтижесінен қанағат алмаса, мотивациясы жоғалады.

Амотивация күйі ұзақ уақыт сақталса, адамның өмір сүру сапасына кері әсер етуі мүмкін, сондықтан оны түсіну және тиісті қолдау көрсету маңызды.

Сауалнама психология мамандығы бойынша оқитын 3-4 курс студенттеріне қолданылды.

3. Сұхбат әдісі

Зерттеу қызметімен белсенді айналысатын 20 студентпен жартылай құрылымдалған сұхбат жүргізілді. Сұхбаттың мақсаты – зерттеуге мотивацияға әсер ететін жеке тұлғалық және ситуациялық факторларды анықтау (мысалы, ғылыми жетекшілердің қолдауы, конференцияларға қатысу, зерттеулерге гранттар).[3]

4. Бақылау әдісі

Зерттеу қызметімен байланысты ғылыми конференциялар, симпозиумдар және басқа да іс-шараларға студенттердің қатысуын бақылау олардың мотивациясына әсер ететін сыртқы

факторлар туралы деректерді алуға мүмкіндік берді, мысалы, нәтижелерді жария түрде таныстыру мүмкіндігі, кері байланыс алу, әлеуметтік тану.

5. Мәліметтердің статистикалық талдауы

Алынған мәліметтер корреляциялық талдау арқылы өңделіп, мотивация деңгейі мен ғылыми қызметтегі жетістіктер арасындағы өзара байланыстар анықталды. Сондай-ақ, зерттеуге мотивацияға әсер ететін негізгі факторларды анықтау үшін факторлық талдау жүргізілді.[4]

Деректерді талдау көрсеткендей, ішкі мотивациясы жоғары студенттер зерттеу қызметінде үздік нәтижелер көрсетеді. Жеке қызығушылықпен және өзін-өзі дамытуға ұмтылумен байланысты ішкі мотивация олардың зерттеу белсенділігіне сыртқы мотивациядан гөрі оң әсер етеді. Сонымен қатар, оқытушылардың мойындауы мен мақұлдауы сияқты сыртқы факторлар зерттеу қызығушылығын қолдауға ықпал етеді, бірақ әрдайым тұрақты мотивацияға әкелмейді.

**Қорытынды.** Психология студенттерінің зерттеу қызметінің мотивациялық негіздері олардың кәсіби қалыптасуында маңызды рөл атқарады. Зерттеу барысында жасалған негізгі қорытынды – зерттеу құзыреттіліктерін сәтті дамыту үшін студенттердің ішкі мотивациясын арттыру жағдайларын жасау қажеттігі. Бұл студенттерді ғылыми жобаларға белсенді тарту, оқытушылар тарапынан қолдау көрсету, сондай-ақ студенттердің зерттеу жұмысы арқылы өзін-өзі жүзеге асыру мүмкіндіктерін ұсыну арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

#### Әдебиеттер

1. Deci, E. L., & Ryan, R. M. Intrinsic Motivation and Self-Determination in Human Behavior. 1985.
2. McClelland, D. C. Human Motivation. 1987.
3. Pintrich, P. R., & Schunk, D. H. Motivation in Education: Theory, Research, and Applications. 2002.
4. Zimmerman, B. J. Self-Efficacy: An Essential Motive to Learn //Contemporary Educational Psychology. 2000.

## ҚАНДАС СТУДЕНТТЕРДІҢ ЖАҢА МӘДЕНИ ОРТАҒА БЕЙІМДЕЛУІ

Мандыкаева А. Р., Төлеген Е.К.

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті  
Астана, Қазақстан

*Студенттердің көші-қоны қазіргі білім беру кеңістігінде маңызды құбылыс болып табылады және қандас студенттердің жаңа мәдени ортаға бейімделуі білім беру институттары мен әлеуметтік қызметтің қосымша зерттеуі мен назарын қажет ететін маңызды мәселе болып табылады. Бұл мақала қандас студенттердің бейімделуінің негізгі аспектілеріне, соның ішінде осы процеске әсер ететін факторларға және студенттердің мәдени күйзелісті жеңу және жаңа оқу ортасы мен әлеуметтік қауымдастыққа сәтті интеграциялау стратегияларына назар аударады. Қандас студенттерді бейімдеудің теориялық тәсілдері, мысалы, аккультурация моделі, сонымен қатар студенттердің жеке сипаттамалары, туған елдері мен қабылдаушы елдің мәдени ерекшеліктерін қоса алғанда, практикалық аспектілер талданады.*

**Кілтті сөздер:** қандастар, репатриант, психологиялық бейімделу, аккультурация, «BPAS», «BAOS», «BSAS» сауалнамасы.

*Миграция студентов является важным явлением в современном образовательном пространстве, и адаптация репатриантов-студентов к новой культурной среде является важной проблемой, требующей дальнейшего изучения и внимания со стороны образовательных учреждений и социальной службы. В этой статье основное внимание уделяется ключевым аспектам адаптации репатриант студентов, включая факторы, влияющие на этот процесс, и стратегии, с помощью которых студенты преодолевают культурный шок и успешно интегрируются в новую учебную среду и социальное сообщество. Анализируются теоретические*

*подходы к адаптации репатриант студентов, такие как модель аккультурации, а также практические аспекты, включая индивидуальные характеристики студентов, культурные особенности родной страны и принимающей страны.*

**Ключевые слова:** репатриант, психологическая адаптация, аккультурация, анкета «BPAS», «BAOS», «BSAS».

*Student migration is an important phenomenon in the modern educational space, and the adaptation of repatriate students to a new cultural environment is an important problem that requires further study and attention from educational institutions and social services. This article focuses on the key aspects of the adaptation of repatriate students, including the factors influencing this process and the strategies by which students overcome cultural shock and successfully integrate into a new learning environment and social community. Theoretical approaches to the adaptation of repatriate students, such as the acculturation model, as well as practical aspects, including individual characteristics of students, cultural characteristics of the native country and the host country, are analyzed.*

**Keywords:** repatriate, psychological adaptation, acculturation, questionnaire "BPAS", "BAOS", "BSAS".

**Кіріспе.** Қандас – бұл шетелде уақытша немесе тұрақты тұрғаннан кейін өз еліне оралатын адамдар. Бұл термин көбінесе саяси, экономикалық немесе әлеуметтік себептерге байланысты және жұмыс немесе оқу орнының өзгеруіне байланысты өз еліне оралған адамдарға қатысты қолданылады. Репатриация ерікті немесе мәжбүрлі болуы мүмкін және репатрианттар өз еліне оралғанда әртүрлі бейімделу қиындықтарына тап болуы мүмкін. Елімізге қандас бауырларымыздың оралуы жыл сайын артып келеді. Осыған байланысты өткен жылдың қазан айында Елбасымыз «Отандастар» форумына қатысушыларға үндеу жолдады. «Бұл – халқымыз үшін айрықша мәні бар басқосу. Қазақта «Келісіп пішкен тон келте болмас» деген сөз бар. Ата-бабамыз қашанда елдік мәселелерді алқалы жиында ақылдасып шешкен. Осы орайда шетелдегі қазақтармен жан-жақты байланысты нығайту, ұлттық құндылықтарды дәріптеу және басқа да өзекті мәселелерді өздеріңізбен бірге талқылаудың маңызы зор. Қай мемлекетті мекен етсе де, қазақтың бір ғана тарихи Отаны бар, ол – Қазақстан...» [1].

Жыл сайын қандас студенттерге берілетін білім гранты көбейгендіктен, қазіргі таңда білім алушы студенттердің саны жыл сайын көбеюде. Өткен жылдың өзінде он мыңнан астам өтініш келіп түскен, бұл дегеніміз, жыл санап жоғары білімді Қазақстанда алғысы келетін қандастарымыз көп деген сөз, яғни қазір біз назарымызды көбірек білімге қоюымыз керек, осы тұрғыда Отандық ғалымдар «Білім алушы қандастардың әлеуметтік интеллектісінің психологиялық ерекшеліктері» атты мақаласында қандастарды Қазақстанға тартудың бірден бір бағыты ол - білім. Қоғамда өмір сүру, бейімделу - ол әр адамның қажеттілігі деп көрсеткен[2].

А. К. Болотовтың «бейімделу» ұғымы - өзгерген өмір сүру жағдайында адамның іс-әрекетін бейімдеу процесі, тұлға мен ортаның белсенді өзара әрекеттесу процесі, өмірдің жеке жағдайларына белсенді бейімделу процесі ретінде кеңінен түсіндіріледі [3, б.254].

Әлеуметтік бейімделу (лат. adapto бейімделу және socialis-қоғамдық) жеке тұлғаның әлеуметтік орта жағдайларына белсенді бейімделуінің тұрақты процесі; осы процестің нәтижесі [4, б.11].

Тарихи отанына орала отырып, қандастар алдымен өздерін "бөтенмін" деп таниды және басқа елдің салт-дәстүрлеріне, әдеттеріне, өмір салты мен мәдениетіне әлеуметтік-психологиялық бейімделу стрессін бастан кешіреді [5, б.6].

Репатриант балалар мен жасөспірімдердің көпшілігі үшін мектеп және жоғары білім беру мекемелері топ аралық байланыс пен аккультурацияның негізгі ареналары болып табылады [6, б.119].

Дегенмен, қандас бауырлар үшін өзге елге көшу барысында бірнеше қорқыныш болуы мүмкін, соның салдарынан стрессті бастан кешіреді. Соның бірі иммиграциялық стресс көшіп

келген жастардың денсаулығына, қауіпсіздігіне және психологиялық әл-ауқатына әсер етеді. Иммиграциялық стресс - бұл депортациядан қорқу және этникалық және нәсілдік кемсітушілік сияқты жаңа елге қоныс аударумен байланысты бірнеше қиындықтарды қамтитын көп өлшемді құрылым [7].

Қандастардың әлеуметтік мінез-құлқы әртүрлі нормалар мен құндылықтарға назар аударумен сипатталады. Г. С. Абдирайымова атап өткендей, адамның саналы іс-әрекет жүйесінде құндылықтар жалпыланған мақсаттар мен оларға қол жеткізу құралдары болып табылады, нормативтік функцияны орындайды, қоғамның интеграциясын қамтамасыз етеді, жеке тұлғаларға өмірлік маңызды жағдайларда өздерінің мінез-құлқын әлеуметтік мақұлданған таңдауды жүзеге асыруға көмектеседі [8, б.302].

Қандас студенттердің бейімделу процесін қиындататын екінші фактор - тіл мәселесі болып табылады, сол себепті де еліміздің ЖОО орындарында арнайы орыс тілін оқыту кеңінен қарастырылған. Ж.Н. Құзар қандас бауырларымыздың тіл мәселесін зерттеу мақаласында көрсеткендей репатриант-қазақтарының көбісі, әсіресе, алыс шетелден келгендері, орысша мүлдем сөйлемейді немесе оны өте нашар меңгерген. Сондықтан, орыс тілін оқытудағы білім беру сапасын қамтамасыз ету үшін қандас студенттерге арнайы бағдарламалар бойынша жеке құрылған топтарда сабақ жүзеге асырылады [9, б.105-106].

Қандас студенттердің бейімделуі жалпы мағынада мәдени, әлеуметтік, психологиялық және мінез-құлық аспектілеріндегі өзгерістерді қамтитын жаңа өмір жағдайларына бейімделу процесі ретінде сипатталады. Қандас студенттердің бейімделуін түсіну үшін әртүрлі теориялық тәсілдер қолданылады.

**Зерттеу әдіснамасы.** Зерттеуге 17-21 жас аралығындағы 30 білім алушы-қандас қатысты. Білім алушы қандарстардың психологиялық бейімделу, аккультурация және әлеуметтік-мәдени бейімделуін анықтау мақсатында К. Демис пен Н. Гираерттің үш қысқа зерттеу сауалнамасы таңдалып алынды:

1) қазақ тіліне аударылған әлеуметтік-мәдени бейімделудің қысқаша шкаласы (The Brief Sociocultural Adaptation Scale (BSAS)) [10];

2) қазақ тіліне аударылған психологиялық бейімделудің қысқаша шкаласы (The Brief Psychological Adaptation Scale (BPAS)) [10];

3) қазақ тіліне аударылған аккультурациялық бағдардың қысқаша шкаласы (The Brief Acculturation/ientation Scale (BAOS)) [10].

Әлеуметтік-мәдени бейімделу-бұл жеке адамдар немесе топтар өздерінің дағдыларын, мінез-құлқы мен құндылықтарын белгілі бір ортаның талаптарына бейімдей отырып, жаңа орта мен мәдени ортаға сәтті интеграцияланатын процесс. Бұл процесс әлеуметтік нормаларды, әдет-ғұрыптарды, тілді және жаңа қоғамдастық мәдениетінің басқа аспектілерін қалыптастыруды қамтиды.

Психологиялық бейімделу-бұл адамның жаңа ортадағы тиімді өзгеріс үшін ойлаудағы, қорғаныс факторларындағы және мінез-құлқындағы өзгерістерді қамтитын жаңа жағдайларға бейімделу процесі.

Аккультурация-бұл жеке тұлғалардың немесе топтардың жаңа мәдениетке бейімделу және өзара әрекеттесу процесі, нәтижесінде олардың мінез-құлқында өзгерістер болады.

**Нәтижелер.** Қандас студенттердің жаңа мәдени ортаға бейімделуін зерттеу сонымен қатар студенттердің жаңа мәдениетке бейімделу үшін таңдаған әртүрлі стратегиялары мен тәсілдерін бағалайтын аккультурациялық бағдарлардың қысқаша шкаласын қолдануды қамтыды.

Кесте 1 - Аккультурация көрсеткіші

Сұрақ нөмірі	Респондентке қойылған сұрақ: Мен үшін маңызды...	Пайыз көрсеткіші(%)
Субшкала 1. Туған елінің мәдениетіне назар аудару		
3	Туған елге тән белгілерді ұстану	68,4
2	Туған елдің дәстүрлерін сақтау	49,3
4	Өз еліндегі адамдар сияқты әрекет ету	50,2
1	Туған елден достар табу	60,2
Субшкала 2. Көшіп келген елдің мәдениетіне назар аудару		
7	Қабылдаушы елге (тұрғылықты елге)тән белгілерді дамыту	80,1
6	Қабылдаушы елдің (тұрғылықты елдің)дәстүрлерін сақтау	71,3
8	Қабылдаушы елдегі (тұрғылықты елдегі) адамдар қалай әрекет етсе, солай жасаңыз	59,8
5	Қабылдаушы елден (тұрғылықты елден)достар табу	61,3

Кестеден қандас студенттер арасында ең көп таралған бағыт интеграция болып табылатындығын көруге болады.



Сурет 1. Аккультурацияның пайыздық көрсеткіші

Бұл нәтижелер қандас студенттерге олардың қалауы мен аккультурация стратегияларын ескере отырып, қолдау және бейімделу бағдарламаларын әзірлеуде пайдалы болуы мүмкін.

Кесте 2 - Психологиялық бейімделу көрсеткіші

Сұрақ нөмірі	Респондентке қойылған сұрақ: Соңғы екі аптада қаншалықты жиі...	Пайыз көрс.(%)
1	Сіз келген мемлекетте шабыт алдыңыз?	63,4
2	Сіз қабылдаушы елдің мәдениетіне сай келмейтін сияқты сезіндіңіз?	43,8
3	Өз еліңізден алыста болғаныңызға мұңға баттыңыз?	45,8
4	Белгілі бір жағдайларда өзіңізді қалай ұстау керектігіңіз туралы алаңдаушылық сезіндіңіз?	69,9
5	Сіз өз еліңіздегі отбасыңыз бен достарыңыздан алшақ және жалғыз қалғандай сезіндіңіз?	48,1
6	Туған ел туралы ойлаған кезде үйіңізге деген сағынышты сезіндіңіз?	70,1
7	Қабылдаушы елге бейімделу қиындықтарынан туындаған көңілсіздікті/түңілуді сезіндіңіз?	32,4
8	Қабылдаушы елдегі күнделікті өміріңізге қанағаттану сезімін сезіндіңіз?	83,1

Зерттеу көрсеткендей, қандас студенттердің көпшілігі әртүрлі аспектілерде жаңа мәдени ортаға сәтті бейімделеді. Мысалы, күнделікті өміріне қанағаттану мен әлеуметтік интеграция саласындағы бейімделу сәттіліктің жоғары деңгейіне жетеді, ал эмоционалдылық, мысалы отбасын сағыну сынды сезімдер аз тұрақтылықты көрсетеді.



Сурет 2. Психологиялық бейімделудің пайыздық көрсеткіші

Бұл пайыздар зерттеу нәтижелерін қорытындылайды және олардың жаңа мәдени ортадағы негізгі қажеттіліктері мен қиындықтарын ескере отырып, қандас студенттерді қолдау және бейімдеу бағдарламаларын әзірлеуге негіз бола алады.

Қандас студенттердің жаңа мәдени ортаға бейімделуін зерттеу сонымен қатар студенттердің әлеуметтік-мәдени өмірдің әртүрлі аспектілеріне бейімделу деңгейін бағалайтын қысқа әлеуметтік-мәдени бейімделу шкаласын қолдануды қамтыды.

Кесте 3 - Әлеуметтік-мәдени бейімделу көрсеткіші

Сұрақ нөмірі	Респондентке қойылған сұрақ: Сізге үйрену қаншалықты оңай немесе қиын...	Пайыз көрсеткіші(%)
1.	Климат (температура, жауын-шашын, ылғалдылық)	70,2
2.	Табиғи орта (өсімдіктер мен жануарлар, қоршаған ортаның ластануы, пейзаждар).	58
3.	Әлеуметтік орта (қоғам, өмір қарқыны, шу).	49,3
4.	Өмір салты (гигиена, ұйқының ерекшеліктері, қауіпсіздік сезімі).	41,2
5.	Қолайлылық (жергілікті жерде қозғалу, қоғамдық көлікті пайдалану, сатып алу).	53
6.	Тағам және тамақтану (қандай тамақ жейді, қалай жейді, тамақтану уақыты).	80,6
7.	Отбасылық өмір (отбасы мүшелері қаншалықты жақын, отбасы бірге қанша уақыт өткізеді).	36,1
8.	Әлеуметтік нормалар(көпшілік алдында өзін қалай ұстау керек, адамдар күлкілі деп санайтын киім стилі)	31,1
9.	Құндылықтар мен сенімдер (адамдар дін мен саясат туралы не ойлайды, адамдар дұрыс немесе бұрыс деп санайды).	49,6
10.	Адамдарға (адамдар қаншалықты мейірімді, адамдар қаншалықты, шетелдіктерге қалай қарайды).	76,3
11.	Достар (қалай достар табуға болады, әлеуметтік қарым-қатынас саны, адамдар көңіл көтеру және демалу үшін не істейді).	74
12.	Тілге (Тіл үйрену, адамдарды түсіну, сізді басқа адамдар түсінуі).	53,1

Кестеден қандас студенттер әлеуметтік-мәдени ортаның әртүрлі аспектілеріне сәтті бейімделіп, негізінен әлеуметтік өзара әрекеттесу мен күнделікті өмірде бейімделудің жоғары деңгейін көрсететінін көруге болады. Алайда, әлеуметтік нормалар, соның ішінде көпшілік алдында сөйлеу және өмір салтында мәдени ерекшеліктерді игеру сияқты кейбір аспектілер қосымша қолдауды қажет ететіні байқалады.



Сурет 3. Әлеуметтік-мәдени бейімделудің пайыздық көрсеткіші

**Қорытынды.** Қандас студенттерді жаңа мәдени ортаға бейімдеу туралы мақаланың қорытындысында зерттеудің негізгі нәтижелерін былай қорытындылауға болады: бейімделудің маңыздылығы: талдау көрсеткендей, қандас студенттерді жаңа мәдени ортаға бейімдеу процесі олардың сәтті интеграциялануы және академиялық және әлеуметтік әлауқатқа қол жеткізуі үшін өте маңызды.

**Ұсыныс.** Жоғарыда көрсетілген нәтижелер негізінде халықаралық қандас студенттермен жұмыс істейтін университеттер мен ұйымдарға олардың сәтті бейімделуіне ықпал ету мақсатында практикалық ұсыныстар жасалады. Бұл нұсқаулар қолдау бағдарламаларын, мәдениетаралық коммуникацияны оқытуды, қосымша тілдік және мәдени шараларды жоспарлауды, қоғамдық өмірге интеграциялау үшін іс-шараларды ұйымдастыру ұсынылады.

#### Әдебиеттер

1. ҚР Президент жолдауы, 2023.10.11 <https://azattyq-ruhy.kz/politics/61761-kazakstan-azamattygyn-zh-ne-kandas-m-rtebesin-alu-t-rtibi-zhenildetildi-tokaev>
2. А. Дюсенова, А.Р. Мандыкаева, и А. Оздоғру Особенности развития социального интеллекта обучающихся-кандасов. *Вестник. Серия «Психология»*. 76, 3 (окт. 2023). DOI:<https://doi.org/10.51889/2959-5967.2023.76.3.001>.
3. Психология организации времени: Учебное пособие для студентов вузов.-М., Изд-во: Академия, 2006.- с. 254
4. Психология. Словарь/под общ. ред. А.В. Петровского, М.Г. Ярошевского.-2-ое изд.доп.-М. 1990, с. 11.
5. Абильдина Г.С. Социокультурная и языковая адаптация детей репатриантов в условиях современного Казахстана / Актуальные проблемы адаптации и интеграции репатриантов: сборник материалов международной научно-практической конференции / Отв. ред. А.Е. Агманова. – Астана: Изд-во ТОО «KazServicePrint LTD», 2017. – с. 6
6. David L. Sam, Paul Vedder, Colleen Ward, Gabriel Horenczyk Psychological and Sociocultural Adaptation of Immigrant Youth DOI:[10.4324/9781003309192-5](https://doi.org/10.4324/9781003309192-5), 2022. – 119-149

7. Blanche Wright, Belinda C Chen, Tamar Kodish, Yazmin Meza Lazaro, Anna S Lau Immigration stress and internalizing symptoms among Latinx and Asian American students: The roles of school climate and community violence, *Journal of School Psychology* 104, 101286, 2024.

8. Абдирайымова Г.С. Ценностные ориентации современной молодежи (социологический анализ). – Алматы: БАУР, 2005. – 302 с.

9. Ж.Н. Құзар Жас репатриант-қазақтардың тілдік және әлеуметтік-мәдени бейімделудегі анықтамалық ақпараттық құралдың маңызы / Актуальные проблемы адаптации и интеграции репатриантов: сборник материалов международной научно-практической конференции / Отв. ред. А.Е. Агманова. – Астана: Изд-во ТОО «KazServicePrint LTD», 2017. – с. 105-106.

10. Demes K.A., Geeraert N. Measures Matter: Scales for Adaptation, Cultural Distance, and Acculturation Orientation Revisited // *Journal of Cross-Cultural Psychology*. 2014. № 45(1). P. 91—109. DOI:10.1177/0022022113487590

## РОЛЬ АКТИВНЫХ МЕТОДОВ ОБУЧЕНИЯ В ПОДГОТОВКЕ СПЕЦИАЛИСТОВ

Мухаметкаримова Ж.Ж.

Алматы, Казахстан

*В статье рассматривается значение применения активных методов обучения. Автор выделяет такие методы, как деловая игра, тренинг, кейс-методы. В статье отмечается, что активные методы выступают условием реализации компетентностного подхода, рассматриваются их положительные стороны, а также барьеры, препятствующие внедрению.*

**Ключевые слова:** методы обучения, дидактика, компетенции

*Мақалада белсенді оқыту әдістерінің маңызы қарастырылады. Автор іскерлік ойын, тренинг, кейс-әдістер сияқты тәсілдерді бөліп көрсетеді. Мақалада белсенді әдістер құзыреттілікке негізделген тәсілді жүзеге асырудың шарты болып табылады, олардың жағымды жақтары, сондай-ақ енгізуге бөгет келтіретін кедергілер қарастырылады.*

**Түйін сөздер:** оқыту әдістері, дидактика, құзыреттіліктер

*The importance of active learning methods is discussed in the article. The author distinguishes methods such as role play, training, case methods. The article notes that active methods are the condition for the implementation of competence-based approach, discussed their positive aspects, as well as barriers to implementation.*

**Keywords:** teaching methods, didactics, competencies

Современная система образования претерпевает значительные изменения на всех уровнях, нацеленные на повышение качества обучения. Правительственная концепция и стратегия модернизации образования выделяют ключевые приоритеты этих преобразований — обновление целей, содержания, методов и технологий обучения, опираясь на новейшие достижения педагогической науки и инновационные подходы к его развитию.

Переход к компетентностной модели образования требует существенных изменений в организации учебного процесса, управлении им, деятельности преподавателей и способах оценки результатов студентов. Современные образовательные реформы представляют собой особый этап, поскольку они ориентированы на развитие и раскрытие нового уровня общекультурного, интеллектуального, духовного и профессионального потенциала личности. Таким образом, процесс модернизации образования затрагивает не только содержание учебных программ, но и организацию учебного процесса в целом. Важно, чтобы обучение стало более интерактивным, что способствует вовлечению студентов в активное обсуждение тем и совместное решение задач. Это помогает развивать навыки командной работы и



эффективного общения, которые крайне важны в профессиональной сфере. Кроме того, акцент на практическом применении знаний и умений позволяет студентам лучше понять, как теория реализуется в реальных жизненных ситуациях. Это также повышает мотивацию учащихся, поскольку они видят, как полученные знания могут быть использованы в их будущей карьере. Наконец, в условиях быстро меняющегося мира важно, чтобы образовательные системы были гибкими и адаптируемыми, способными реагировать на новые вызовы и потребности. Это требует постоянного обновления содержания курсов и методов обучения, что в свою очередь способствует формированию инновационного мышления у студентов, готовых к самосовершенствованию и непрерывному обучению на протяжении всей жизни.

Большое значение в этих процессах отводится выпускникам всех вузов. И, следовательно, ответственность педагога перед обществом чрезвычайно высока. Преподаватель не должен быть единственным источником получения информации для студентов. Соответственно, должна меняться методика преподавания. Для этого необходимо использовать активные методы обучения, которые выступают условием реализации компетентностного подхода в современном образовании [1].

В отличие от традиционных методов, сосредоточенных главным образом на передаче знаний, активные методы обучения ориентированы на развитие навыков и практическое применение усвоенной информации. Применение активных подходов делает обучение значимым не только на личностном, но и на социальном уровне, так как студент с самого начала участвует в совместной образовательной деятельности и занимает одновременно роли как обучаемого, так и обучающего. Активные формы позволяют моделировать комплексный контекст будущей профессиональной деятельности. В целом активные методы можно охарактеризовать следующими особенностями: высокой степенью вовлеченности учащихся; «вынужденной активностью», побуждающей студентов к размышлениям и действиям; усиленной эмоциональной включенностью и творческим подходом к занятиям; обязательным прямым взаимодействием между студентами и преподавателем; а также совместным усилием и интенсификацией учебного процесса. Использование активных методов обучения предполагает достижение преподавателем следующих целей: – формирование навыков продуктивного общения в условиях учебного процесса, в той или иной мере приближенных к реальным условиям; – развитие умения аргументировать свою точку зрения, четко формулировать и ясно излагать свои мысли; – развитие способностей анализировать сложные ситуации, выделять главные и второстепенные причины их возникновения, находить средства и способы их разрешения; – совершенствование процессов внимания, памяти и мышления [2].

Среди активных методов обучения можно выделить несколько, которые преподаватели могут эффективно применять в учебном процессе: **деловая игра** — это метод, позволяющий имитировать процессы принятия управленческих решений в различных ситуациях на основе специально разработанных правил или тех, которые устанавливаются сами участники. Деловые игры широко применяются в обучении гуманитарным, экономическим и техническим дисциплинам. В ходе таких игр анализируются проблемные производственные ситуации, направленные на: систематизацию знаний и умений; развитие навыков командной работы и взаимодействия с клиентом; самоанализ и поиск альтернативных решений, способствующих личностному развитию; понимание закономерностей процессов и осознание своей роли в них; разработку эффективных стратегий действий в различных ситуациях для повышения индивидуальной и командной эффективности. Эти игры обучают как индивидуальному, так и групповому принятию решений. Основой данных игр является теория принятия решений,

которая предполагает системный анализ ситуации, комплексный подход и применение математических методов.

На основе реальных ситуаций, возникающих в профессиональной сфере, можно разработать различные деловые игры — например, открытие новой компании, антикризисное управление или внедрение маркетинговой стратегии. В процессе таких игр у участников повышается мотивация, когда они начинают углубляться в проблему и осознают, что обладают достаточными знаниями для решения поставленной задачи. Часто между участниками возникает творческое соревнование, в ходе которого, имея одинаковую исходную информацию, они не только решают свои собственные задачи, но и могут критически оценивать решения других групп, что позволяет им аргументированно оппонировать другим командам. Деловые игры являются одной из разновидностей активных методов обучения.

Деловые игры имеют множество преимуществ по сравнению с другими методами обучения: они включают элементы соревнования; способствуют появлению креативных идей; помогают выявить внутренние источники эффективности и осознать зоны роста; позволяют безопасно протестировать новые модели поведения, чтобы в дальнейшем использовать наиболее успешные из них в реальной жизни. В отличие от традиционных методов — лекций, практических и семинарских занятий — активные формы и методы обучения помогают приблизить учебный процесс к реальности, имитируя профессиональную деятельность. Таким образом, участие в деловых играх может принести не только знания, но и практический опыт. Кроме того, с помощью деловых игр можно обучать и изучать не только то, как и почему необходимо работать, но и развивать такие важные качества, как коммуникативные навыки, лидерство и умение ориентироваться в сложных, быстро меняющихся ситуациях. Оценивая значение деловых игр в подготовке будущих специалистов и переподготовке кадров, можно согласиться с мнением А. А. Алексеева и Н. В. Дягиловой, которые выделяют следующие параметры: – использование в деловых играх моделей реальных социально-экономических систем позволяет максимально приблизить процесс обучения к практической деятельности руководителей и специалистов; – принятие управленческих решений в деловых играх осуществляется участниками, выполняющими определенные роли, и поскольку интересы разных сторон могут не совпадать, решения принимаются в условиях конфликтных ситуаций; – деловые игры представляют собой коллективную технологию обучения, в результате которой формируется коллективное мнение при защите позиций своей группы игроков и критике других групп; – в деловых играх создается определенный эмоциональный настрой участников, что способствует активному вовлечению обучаемых в решение изучаемой проблемы [3].

Еще одной разновидностью активного обучения можно предложить *тренинг*. Наиболее общая цель тренинга — получение нового опыта. Содержание опыта в тренинге — успешная деятельность по формированию нового видения и решения проблем в ситуациях высокой неопределенности [4].

В ходе тренинга создаются ситуации, требующие самостоятельной выработки представлений о продуктивных действиях, а также способов осуществления этих действий. Взаимодействие преподавателя и группы студентов происходит в диалогической форме, усвоение и выработка новых умений — в форме активного самопроявления и самореализации. В качестве учебного материала выступает жизненный и организационно-управленческий опыт каждого члена группы, опыт практических действий в тренинговой группе, а также «пусковые» задачи творческого характера. Пройдя через эту форму управленческой

подготовки, участники получают закрепленные опытом знания и умения действовать в конкретной ситуации, навыки самоизменения и саморазвития. Применение тренинга — один из современных методов обучения не только студентов, но и сотрудников.

Метод строится на использовании актуального опыта участников в режиме «здесь и сейчас». Во время тренинга происходит постоянный поиск и внедрение новых эффективных моделей организационного поведения. Создается атмосфера, способствующая свободному выражению мыслей и закреплению новых подходов. Тренинговое обучение основывается на осмыслении и проживании группового опыта, что обеспечивается взаимным доверием и открытостью участников, позволяя каждому свободно делиться своими мыслями и эмоциями. Освоение нового организационного опыта следует циклу: «действие — анализ — поиск альтернатив — действие». Качество обучения поддерживается благодаря многоканальной обратной связи. Тренинги также могут быть адаптированы под специфические потребности участников, что позволяет глубже проработать ключевые темы и вопросы, актуальные для группы. Например, в рамках тренинга можно фокусироваться на развитии лидерских качеств, улучшении навыков коммуникации или управлении конфликтами. Это делает тренинг не только универсальным инструментом, но и гибким, что способствует более целенаправленному обучению. Кроме того, тренинги могут быть полезны для формирования навыков работы в команде. Участники учатся координировать свои действия, выстраивать доверительные отношения и эффективно делегировать задачи. Эти аспекты особенно важны в современном рабочем окружении, где успех часто зависит от способности группы работать как единое целое.

Еще одной важной составляющей тренингов является обратная связь, которая позволяет участникам понять, как они воспринимаются другими, и выявить области для улучшения. Регулярные обсуждения и анализ действий помогают закрепить изученные материалы и способы их применения на практике. Это создает возможность для постоянного профессионального роста и развития.

Также стоит отметить, что тренинги могут быть использованы для повышения вовлеченности сотрудников в процесс обучения и повышения их удовлетворенности от работы. Активное участие в тренингах способствует более глубокому осмыслению своих задач и целей, что ведет к большей приверженности к организации.

**Решение кейсов** также является интересным и значимым методом обучения. Этот подход позволяет студентам развивать навыки принятия решений в новых ситуациях, планировать последовательные действия для достижения цели, собирать и анализировать полную информацию о текущей ситуации и создавать план мероприятий для получения желаемого результата. Кейс-метод делает занятия более увлекательными и способствует тому, что студенты учатся применять свои знания на практике. Работая в команде, они учатся логически мыслить, обрабатывать большой объем данных и добиваться правильных решений.

Для повышения качества и доступности образования эффективно применять современные информационные и телекоммуникационные технологии, такие как интернет, электронные библиотеки, видеоконференции, сетевые коммуникации и мультимедиа. Эти технологии позволяют студентам получать доступ к широкому спектру информации и применять её в своей профессиональной деятельности.

Компетентностный подход подразумевает активное использование различных форм организации занятий, включая компьютерные симуляции, деловые и ролевые игры, анализ конкретных случаев, психологические тренинги и внеаудиторную работу. Всё это способствует формированию и развитию профессиональных навыков студентов.

Преимущества использования активных методов обучения включают:

- усиление мотивации студентов за счет вовлеченности и практической направленности занятий,
- развитие навыков критического мышления и принятия решений,
- создание условий для обмена идеями и опытом в безопасной и поддерживающей среде.

К положительным моментам использования всех активных методов обучения включает в себя: 1) повышенный интерес к занятию; 2) умение применять полученные знания на практике; 3) помогает активному взаимодействию преподавателя и студента; 4) увеличивается процент усвоения материала. При использовании активных методов следует учесть некоторые факторы: 1) несмотря на выслушивание разных мнений, может доминировать мнение одного, если выступающий является лидером в группе; 2) не всегда бывает, что активные методы обучения могут привлечь внимание студента к процессу обучения. Как уже говорилось ранее, данные методы выступают условием реализации компетентностного подхода. Но здесь необходимо помнить, что существуют барьеры, мешающие использовать активные методы обучения: 1) низкая техническая оснащенность; 2) нежелание самих преподавателей использовать разные активные методы в обучении. Конечно, использование активных методов обучения — довольно трудоемкая работа, требующая больше усилий и времени на подготовку занятий. Однако использование активных методов обучения поможет сформировать информационную компетентность, познавательную деятельность, творческую активность, поможет достичь серьезных положительных результатов [4].

В настоящее время одной из ключевых задач в области образования является повышение его качества, что требует усовершенствования существующих методик. Современные требования к высококвалифицированным специалистам не могут быть удовлетворены без значительных изменений в системе профессиональной подготовки. Поэтому внедрение современных образовательных технологий, которые развивают творческий потенциал обучающихся и усиливают их заинтересованность в изучаемом материале, становится очевидной необходимостью. Мы полагаем, что учебный процесс должен быть как увлекательным, так и результативным, что подразумевает достижение максимальных результатов. Практика показывает, что использование активных методов обучения не только способствует повышению уровня профессиональной подготовки студентов, являющегося конечной целью образовательного процесса, но и делает этот процесс более интересным и эффективным. Важным аспектом применения активных методов является также создание безопасной и поддерживающей атмосферы, где студенты могут свободно выражать свои мысли и мнения. Это способствует развитию межличностных навыков и умения работать в команде, что является неотъемлемой частью профессиональной деятельности. В таком контексте обучение становится не только передачей знаний, но и формированием сообществ, в которых участники могут обмениваться опытом и поддерживать друг друга. Нельзя забывать и о том, что активные методы обучения могут быть интегрированы в различные форматы занятий, такие как семинары, лабораторные работы и даже онлайн-курсы. Это предоставляет преподавателям широкий выбор инструментов для создания динамичного и вовлекающего учебного процесса, который будет учитывать потребности и интересы студентов.

#### Литература

1. Данилова Н. И. Роль деловой игры в подготовке специалистов СПб., 2021. С. 23–24
2. Зарукина Е. В., Новик М. М. Активные методы обучения: рекомендации по разработке и применению. СПб.: Изд-во СПбГИЭУ, 2019.

3. Данилова Н. И. Технологии обучения и воспитания лидерского потенциала молодежи // Диалог культур — 2019: поиск общих целей и ценностей: СПб.: Астерион, 2020. С. 22–24.
4. Шамис В. А. Активные методы обучения в вузе 2021. С. 4.

## БОЛАШАҚ ПЕДАГОГ-ПСИХОЛОГТАРДЫҢ БАСҚАРУШЫЛЫҚ ҚҰЗЫРЕТТІЛІГІН ҚАЛЫПТАСТЫРУДЫҢ МӘНІ

Нурабаева Г.Н.

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті  
Алматы, Қазақстан

*Жаһандық экономикалық-саяси жағдайдағы өзгерістер бәсекеге қабілетті ортаға икемделу қажеттілігін көрсетіп, адам капиталына, білім беру сапасына жаңа міндеттермен қатар заманауи тұлғаны қалыптастыруды, білім беру мен тәрбиелеудің жаңа талаптарын айқындап отыр. Бұндағы мақсат – білім беру жүйесін қазіргі уақыттың талабына сәйкес әлеуметтік-экономикалық даму басымдылығына лайық икемдеу. Білім беру процесіндегі заманауи білім парадигмасы икем-дағдыны толықтай игерген, қоғам өміріне атсалысатын, шығармашылықпен айналысатын, өзін-өзі үздіксіз дамытатын, өз бетінше мәліметтерді іздеп, оны саралай білу қабілетті, кәсіби құзыретті дара азаматты қалыптастыруға негізделген. Осыған сәйкес еңбек нарық ережесіне сәйкес білім беру жүйесінің өзгеушілігі – адамды тек біліммен қамтамасыз етіп қана қоймай, өз бетінше білім игеруді дамыта отырып, үздіксіз оқу мен өздігінше ізденуіне қажеттілік жасау. Осы көрсетілген бағыт-бағдарға сәйкес болу үшін білім беру жүйесінде жаңа трендтер мен өзгерістер де байқалып жатыр. Қазақстан Республикасының білім беру жүйесіндегі реформа – ең алдымен, жаһандық ықпалдасуға сәйкес жоғары оқу орындарында оқытылатын болашақ мамандардың бәсекеге қабілеттілігін көтеру. Заманауи талапқа сай, сапалы білім беруді мақсат тұтқан кең ауқымды талап-міндеттерді айқындауға педагогикалық мамандарды оқытудың сапасын арттыруды талап етеді. Қоғамның өзге салаларына қарағанда білім беру жүйесіндегі жоғары сапалық деңгейге қол жеткізуді дiттейтiн осындай жаңалықтардың бiрi – бүгiнгi заман талабына сай өздігінен шешім қабылдай алатын, кез келген күрмеуі қиын проблемалардың шешу жолын анықтай алатын, кәсіби, сонымен қатар басқарушылық құзыреттілігі қалыптасқан педагогтарды дайындау.*

**Түйін сөздер:** педагог-психолог, басқарушылық, құзіреттілік.

*Изменения в глобальной экономико-политической ситуации демонстрируют необходимость адаптации к конкурентной среде, наряду с новыми задачами на человеческий капитал, качество образования, определяют новые требования к формированию современной личности, образованию и воспитанию. Современная образовательная парадигма в образовательном процессе основана на формировании профессионально компетентного индивидуального гражданина, полностью овладевшего умениями и навыками, принимающего участие в жизни общества, занимающегося творчеством, непрерывно развивающегося, способного самостоятельно искать и дифференцировать данные. Специфика системы образования в соответствии с правилами рынка труда заключается в необходимости непрерывного обучения и самостоятельного поиска, не только обеспечивающего человека знаниями, но и развивающего самостоятельное усвоение знаний. Чтобы соответствовать указанному направлению, в системе образования также наблюдаются новые тренды и изменения. Реформа в системе образования Республики Казахстан направлена на повышение конкурентоспособности будущих специалистов, обучаемых в высших учебных заведениях в соответствии с глобальной интеграцией. Одним из нововведений, обуславливающих достижение более высокого качественного уровня в системе образования, чем в других сферах общества, является подготовка педагогов, обладающих профессиональными, а также управленческими компетенциями, способных самостоятельно принимать решения в соответствии с современными требованиями, определять пути решения любых трудных проблем.*

**Ключевые слова:** педагог-психолог, управление, компетентность.

*Changes in the global economic and political situation indicate the need to adapt to a competitive environment, determine the formation of a modern personality, new requirements for education and upbringing, along with new tasks for human capital, the quality of Education. The goal is to adapt the education system in accordance with the requirements of the present time to the priority of socio – economic development. The modern paradigm of education in the educational*

*process is based on the formation of a professionally competent individual citizen who has fully mastered flexible skills, participates in the life of society, is creative, continuously develops himself, is able to independently search for and analyze data. In accordance with the labor market rules, a distinctive feature of the education system is not only to provide a person with knowledge, but also to create the need for continuous learning and self – search, developing independent knowledge. In order to comply with this direction, new trends and changes are being observed in the education system. The reform of the education system of the Republic of Kazakhstan is primarily to increase the competitiveness of future specialists trained in universities in accordance with global integration. To identify a wide range of tasks aimed at providing high-quality education in accordance with modern requirements requires improving the quality of teaching of pedagogical specialists. One of these innovations, which is aimed at achieving a higher quality level in the education system than in other sectors of society, is the training of teachers who are able to independently make decisions in accordance with modern requirements, determine the solution of any difficult problems, have professional, as well as managerial competencies.*

**Keywords:** *teacher-psychologist, management, competence.*

**Кіріспе.** Білім сапасын көтерудің негізгі тетігі — ұстаз, сондай-ақ оның теориялық білімі мен кәсіби шеберлігі, шығармашылық қызметі. Мұны Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр әл Фараби: «Ұстаз тумысынан өзіне айтылғанның бәрін жетік түсінген, көрген, естіген және аңғарған нәрселерінің бәрін жадында сақтайтын, олардың ешбірін ұмытпайтын, алғыр да зерек ақыл иесі, өте шешен, өнер–білімге құштар, аса қанағатшыл, жаны таза және әділ, жұртқа жақсылық жасап, үлгі көрсететін, қорқу мен жасқануды білмейтін батыл, ержүрек болуы керек» — деген сөздерімен дәйектеуге болады. Яғни, осы бір қасиетті мамандық иесінің ұрпақ тәрбиесіндегі алар орны ерекше[1,б.34].

**Негізгі бөлім.** Қазақстандағы білім беруді дамытудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында Қазақстандық білім мен ғылымның жаһандық бәсекеге қабілеттілігін арттыру және жалпыадамзаттық құндылықтар негізінде тұлғаны тәрбиелеу және оқыту.Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына ғылымның үлесін арттыру мәселелеріне үлкен мән берілген .

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінде жаңа буын ұрпақтарының мемлекеттік стандарттары негізінде жаңартылған білім беру бағдарламалары жасалуда. Онда оқушыны белгілі бір қажетті біліктер мен дағдылардың иесі, оқу әрекетінің субъектісі, әртүрлі мәдениеттермен өз көзқарасы тұрғысынан диалогке түсетін автор және жас ерекшелігіне сәйкес өз жолын қалыптастыруға күш жұмсап, еңбектенетін тұлға тұрғысынан қалыптастыру қолға алынып отыр . Инновацияларды тәжірибеге енгізу үшін мұғалім кәсіптік құзыреттілік пен кәсіби деңгейге ие болуы керек . Білім берудің мақсаты дәстүр бойынша түлектердің белгілі білімді, білікті, дағдыларды меңгеруіне негізделеді. Дәстүрлі білім беру жүйесінде білікті мамандар даярлаушы кәсіби білім беретін оқу орындарының басты мақсаты — мамандықты игерту ғана болса, ал қазір әлемдік білім кеңістігіне ене отырып, бәсекеге қабілетті тұлға дайындау үшін адамның басқарушылық қабілетіне сүйену арқылы нәтижеге бағдарланған білім беру жүйесін ұсыну — қазіргі таңда негізгі өзекті мәселелердің бірі.Бүгінгі таңда кәсіби және өмірлік мәселелерді іс жүзінде шеше алатын, оқушылардың оқу-тәрбие үдерісін басқара алатын, практикаға бағытталған мұғалімдер қажет. Осылайша, «қоғамдық дамудың қазіргі жағдайы «маманның басқару құзыреттілігін» зерделеу қажеттілігін өзектендіреді. Болашақ педагогтың басқарушылық құзыреттілігінің негізі «басқару» түсінігінен туындайды[2, б.45] .

Басқару ұғымының негізі ежелгі философтар еңбектерінен бастау алады. Конфуций (551-478 жж. б.д.д.) – «ізгілікті басқаруға» мән беріп, оны ешбір өзге мүмкіндік берместен басқару, үнемі адамдарға қамқорлық жасау, сонымен қатар қоғам мүшелері арасында міндеттерді

бөлуде қатаң әлеуметтік дифференциация иерархиясы деп түсіндіреді. Сондай-ақ, мемлекет басшысы мен оның көмекшілерінің даналығына сүйену қажеттігін көрсетеді [5, б.60].

XXI ғасыр кезеңде педагогикалық-психологиялық ғылымда көптеген диссертациялық жұмыстар орындалған, олардың аясында лидерлік, басқарушылық әлеует мәні айқындалған, лидерлік сапалардың жіктемелері мен сипаттамалары берілген, лидерлік қабілеттерді тиімді қалыптастырудың педагогикалық шарттары көрсетілген, басқарушылық іс-әрекетке даярлықты қалыптастыру мәселелер қарастырылған. Е.Ю.Зимица жұмысында педагогикадағы басқару практикасының тарихи аспектілері қарастырылған, болашақ педагогтың басқарушылық құзыреттіліктерін мәселелері көтерілген. Ғалым пікірінше, оқу-тәрбие үдерісінде басқарушылық ойындар, кейс-стади, практикалық басқарушылық міндеттерді шешу және т.б. интерактивті технологиялар қолданылса, басқарушылық құзыреттілікті қалыптастыру тиімді болады. Бұл туралы автордың өзінің жарық көрген мақаласында да кеңінен айтылады. Осы кезеңде білім берудегі менеджмент саласының дамуына назар аударылды. ТМД елдерінде жоғары оқу орындарында «білім берудегі менеджмент» мамандығы бойынша кәсіби мамандар даярлана бастады. Қазақстанда жоғары оқу орындарындағы бакалавриаттың педагогикалық мамандықтардың оқу жоспарына «Білім берудегі менеджмент» атты арнайы пән енгізілді [3, б.54].

Білім беру процесін заман талабына сәйкес жаңа формацияда үйлестіруде білім сапасын қамтамасыз ету арқылы құзыреттіліктерді арттыруды, жаһандық білім аренасына емін-еркін кіруді діттейді. Дамыған елдердің оқу жүйесінде де қолданыс тапқан «құзыреттілік» ұғымы жаңа білім стандартына сай еліміздің де білім беру жүйесінде қарқынды қолданылуда. Оның басты себебі білім беру ұйымдарына заман талабына сәйкес жетекшілік етіп, оның жұмысын өнімді бағытта үйлестіру тек білімді, біліктілігі мол менеджерлердің басқаруымен жүзеге асатынын назарға алсақ, білім беру саласында көшбасшылық ету қаншалықты маңызды екендігі анықталады. Білім деңгейінің сапасын арттыру үшін білім беру процесін соған сәйкес үйлестіре білетін, кәсіби басқарушылық құзыреттілігін меңгерген мамандарды оқыту міндеті тұр. Заманауи білім беру үдерісін жаңғырту тұлға дамуының қоғам мен мемлекет үшін ұзақ мерзімді қажеттіліктерін барған сайын айқынырақ етеді. Өйткені дамыған мемлекеттердің экономикалық табысы білім беру жүйесінің жоғары өнімділігімен тығыз байланыста. Бүгінде әлем бойынша жоғары білім беру жүйесі түрлі реформаларды жүзеге асырып жатыр. Ең алдымен, ұйымдағы өзгерістерді жедел ұйымдастыру, жаңа сапалы қызмет көрсету, экономиканы жаһандану процесіне, бәсекеге, сұраныстың өсуіне сай дамыту қажеттілігі туындады. Бұған қоса, ұйымдарда адам ресурстары мен интеллектуалдық жұмыстың сапасына басымдық беру тенденциясы байқалды. Әлеуметтік-экономикалық даму қарқынының өзгеруі әр адамнан болашаққа бағдарлануды, өмірлік және кәсіби перспективаларды жоспарлай алу және басқара білу қабілетін талап етеді. Сондықтан да педагогика ғылымында және практикасында біртұтас педагогикалық үдерісті басқару ғылыми негізден қарастырылып, көшбасшылық етуге ғылыми зерттеулер мен шешімдерді негізге алу тенденциясы күшейе түсуде. Дамыған, озық елдердің білім беру жүйелеріндегі тәжірибелерін негізге алатын болсақ, ұстаздардың көшбасшылық әлеуеті мен кәсіби біліктілігіне деген сенімдерімен бірге басқарушылық қабілетін арттыруға баса назар аударатындығын көруге болады. Болашақ педагогтардың басқарушылық құзыреттілігін қалыптастыру білім беруді арттырудың негізгі мақсатына – оқыту сапасын жақсартуға, оқу процесін жобалауға, педагогтың кәсіби дамуын қамтамасыз етуге ықпал ететін болады. Еліміздің білім беру жүйесі бір жағынан, халықаралық білім беру процесіне сәйкес жаһандану жағдайында оқыту тенденцияларының шарттары негізінде дамып жатса, екінші жағынан, нарық жағдайында білім беру қызметі тұрғысынан

Адам мінез-құлқын оның барлық алуан түрлілігінде түсіну - күрделі міндет. Сонымен қатар, адамның дамуы ұзақ мерзімді және қайшылықты процесс екендігін атап өткен жөн. Танымдық процестер өзара тығыз байланысты және олар арқылы күнделікті өмірде жеке қасиеттердің, заттардың, сезімдердің көріністері жүзеге асады [2].

Танымдық процестер дамуының психологиялық аспектілерін көптеген шетелдік (М. Кле, Э. Шпрангер, Э. Эриксон және т.б.) және ресейлік зерттеушілер (Белкина В.Н., Блонский П.П., Бобошко И.М., Веракса Н.Е. [3], Вергелес Г.И., Виноградова Н.Ф., Выготский Л.С., А., Журова Л.Е., Запорожец А.В., Зинченко П.И., Истомина З.М., Истратова О.Н., Кравцова Е.Е., Кулагина И.Ю., Матвеева Л.А., Мухина В.С., Парняков А.В., Петровский А.В., Пиаже Ж., Подьяков Н.М., Раев А.И. Рубенштейн С.И., Смирнова Е.О. [4], Сидоров П.И., Ушакова О.С., Эксакусто Т.В., Эльконин Д.Б., Якимова М.Н.) өз еңбектерінде қарастырған.

Балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін дамытуда зерттеулер жүргізген қазақстандық ғалымдар арасында С. М. Жақыпов, М. А. Асылханова, Б. Баймұратова, А. Меңжанова, М. Мұқанов, А. Бакраденова және т.б. еңбектері назар аударуға тұрарлық.

С.М. Жақыповтың зерттеулері оқыту барысында танымдық іс-әрекеттерді қалыптастыру мәселесіне арналған. С.М. Жақыпов оқыту психологиясын зерттей отырып, оқытуға қосылған кез-келген танымдық процесс ерекше іс-әрекет болып өзгереді немесе операциялар ретінде танымдық іс-әрекет құрамына кіреді деп көрсетті. Ол оқыту процесін жан-жақты зерттеп, жүйелі принциптердің нақты психологиялық мазмұнымен толықтыра қолданды [5].

Айта кету керек, көптеген зерттеулердің болуына қарамастан, қазіргі таңда танымдық процестерді дамыту мәселесі өзекті болып қала береді. Біздің көзқарасымыз бойынша, бұл

мәселеде танымдық процестерді дамытудың тиімді құралдарын іздеу аса маңызды болып табылады.

Балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін дамытуда арт-терапия әдістерін қолдану тиімді құралдардың бірі ретінде танылуда.

Қазіргі уақытта арт-терапия салауатты және шығармашыл тұлғаны қалыптастыруға және тұлғаны әлеуметтендірудің бірқатар функцияларын (адаптациялық, коррекциялық, регулятивті, реабилитациялық, профилактикалық, т.б.) тәжірибеде жүзеге асыруға ықпал ететін прогрессивті психологиялық көмек құралы ретінде қарастырылуда. Арт-терапевтік процесс клиент пен арт-терапевт арасындағы қарым-қатынаспен және клиенттің шығармашылық әрекетінің өнімімен (сурет, әңгіме, музыкалық шығарма, би, т.б.) байланысты бірқатар ерекшеліктерге ие [6].

Арт-терапияның танымдық процестерге ықпалына тоқталатын болсақ, біріншіден, өнер арқылы жұмыс жасау балалар мен жасөспірімдерді ұзақ уақыт бір іс-әрекетке назар аударуға итермелейді, бұл олардың зейінін күшейтеді.

Арт-терапия арқылы балалар мен жасөспірімдер әлемді жаңаша қабылдап, жаңа идеялар мен бейнелерді елестетуге үйренеді, бұл олардың қиялын едәуір дамытады. Арт-терапия барысында балалар мен жасөспірімдер күрделі мәселелерді қарапайым бөліктерге бөліп, оны шешудің креативті жолдарын іздеу арқылы сыни ойлауларын дамытады. Сондай-ақ, арт-терапияның әр түрлі әдістері арқылы балалар мен жасөспірімдер өздерінің эмоцияларын, ойларын, сезімдерін таниды және білдіреді.

Ойлауды дамытуға арналған сабақтарда арт-терапияны қолдану (изотерапия, библиотерапия, музыкалық терапия, вокал терапиясы, ертегі терапиясы) балалардың өзін және қоршаған әлемді түсінуіне мүмкіндік береді және оқу процесінде қолайлы атмосфераны құруға көмектеседі [7].

Арт-терапияның келесі әдістері балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін дамытуға ықпал етеді:

Изотерапия. Изотерапия, яғни сурет салу кезінде бала визуалды бейнелерді, формалар мен түстерді қолдана отырып, қиялын, ойлау қабілетін дамытады және зейінін шоғырландырады. Баладан белгілі бір сюжетке сәйкес сурет салуды сұрау есте сақтау мен назар аудару дағдыларын жақсартады. Сонымен қатар, сурет салу барысында балалар мен жасөспірімдердің есте сақтау қабілеті артады, себебі олар белгілі бір бейнелерді есте сақтап, оларды қағазға түсіруге тырысады.

Коллаж жасау. Коллаж жасау барысында балалар мен жасөспірімдерге журналдардан, газеттерден немесе фотосуреттерден кесінділер алып, белгілі бір тақырыпқа коллаж жасау ұсынылады. Бұл әдіс олардың логикалық ойлау, талдау және ұйымдастырушылық қабілеттерін дамытады.

Мүсіндеу. Пластилин немесе сазбен мүсіндер жасау баланың сенсорлық қабылдауын, кеңістіктік ойлауын және ұсақ моториканы дамытады. Сонымен қатар, мүсіндер арқылы баланың қиялы, көркемдік сезімі және өзіндік идеялары дамиды.

Ертегі терапиясы. Ертегі терапиясы барысында балаларға суретке қарап немесе белгілі бір материалдарға сүйене отырып, өз ертегілерін құрастыру ұсынылады. Бұл әдіс тілдік дағдыларды дамытуға, креативтілікке және оқиғаларды жоспарлауға мүмкіндік береді.

Мандала терапиясы. Мандалаларды бояу балалар мен жасөспірімдердің зейінін шоғырландыруға және тыныштандыруға көмектеседі. Сонымен қатар, бұл әдіс ойлау процесін реттеуге, эмоциялық тұрақтылықты қолдауға және шығармашылық қабілеттерді дамытуға ықпал етеді.

Музыкалық терапия. Балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін дамытуға арналған тағы бір әдіс – музыкалық импровизациялар жасау. Музыка арқылы эмоцияларды білдіру және тыңдау зейін мен есту, есте сақтау қабілеттерін жақсартады.

Құм терапиясы. Құммен жұмыс жасау баланың сенсорлық және моторлық дағдыларын ғана емес, сонымен қатар оның кеңістіктік ойлауын, қиялын және проблемаларды шешу қабілетін дамытады. Құмда түрлі фигуралар жасау арқылы балалар қоршаған ортаға деген қатынасын да қалыптастырады.

Осылайша, арт-терапия балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін кешенді түрде дамытуға ықпал етеді.

**Қорытынды.** Қорытындылай келе, қазіргі заманда ақпараттық технологиялардың дамуы балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестеріне айтарлықтай әсер етуде. Сол себепті, балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін дамыту мәселесі аса өзекті болып, қоғамда сұранысқа ие болуда. Мұны осы тақырыптағы шетелдік, ресейлік және қазақстандық ғалымдардың көптеген зерттеу жұмыстарынан, ғылыми еңбектерінен байқауға болады.

Алайда, біздің ойымызша, бұл мәселе әлі де терең ізденуді талап етеді. Осы орайда арт-терапия әдістері балалар мен жасөспірімдердің танымдық қабілеттерін дамытуда тиімді құрал ретінде танылуда. Арт-терапияның алуан түрлі әдістері балалар мен жасөспірімдердің танымдық процестерін жан-жақты дамыта отырып, олардың психологиялық және эмоциялық күйін жақсартуға, оқу және даму процесіне оң әсерін тигізеді.

#### Әдебиеттер

1. Реан А.А., Бордовская Н.В., Розум С.И. - Психология и педагогика. — СПб.: Питер, 2002. — 432 с.
2. Гусова А.Д. Особенности развития познавательных процессов детей старшего дошкольного возраста // Russian Journal of Education and Psychology. 2017. №6-2.
3. Веракса Н.Е. Познавательное развитие в дошкольном детстве [Текст] /Н.Е. Веракса, А.Н. Веракса: учебное пособие. Гриф УМО по классическому университетскому образованию. М., Мозаика-Синтез, 2012.
4. Эльконин Д.Б. Детская психология: учеб, пособ, для студ. высш.учеб. заведений. М., 2005.
5. Джакупов С.М. Психология познавательной деятельности. Алматы: Изд-во КазГУ, 1992. - 192 с.
6. Киселева М. В. Арт-терапия в практической психологии и социальной работе. — Речь, 2007. — 336 с.
7. Бовгира М.Н. Развитие мышления дошкольников средствами арт-терапии: Методическое пособие. Ачинск, 2015 - 49 с.

### АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ БАЛАЛАРДЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУЫНА ӘСЕРІ

Тленчиева Н. С. , Садыкова Н. М. , Ибраим Ф.С.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан

*Баланың әлеуметтік сәтті бейімделуі өзін-өзі бағалау ұғымымен тікелей байланысты. Өзін-өзі бағалауды жақсарту үшін әртүрлі әдістер, соның ішінде арт-терапия ұсынылады. Зерттеудің мақсаты – арт-терапияның балалардың өзін-өзі бағалауына әсерін зерттеу. Мақалада сурет салу, мүсіндеу және басқа да өнер түрлерін қоса алғанда, шығармашылық әдістердің балалардың өзін-өзі бағалауына әсері зерттелді. Сондай-ақ, зерттеуде арт-терапиялық сессияларға қатысу балалардың өзін-өзі бағалауы мен эмоционалдық жағдайындағы оң өзгерістерімен байланысты зерттеулердің нәтижелері сипатталған.*

**Түйін сөздер:** арт-терапия, балалар, өзін-өзі бағалау.

*Успех социальной адаптации ребенка напрямую связан с самооценкой личности. Для повышения самооценки рекомендуются использование различных методов обучения и развития, в том числе арт-терапия. Цель исследования-изучить влияние арт-терапии на самооценку детей. В статье изучалось влияние творческих*

*техник, включая рисование, лепку и другие виды искусства, на самооценку детей. В исследовании также описаны результаты исследований, в которых участие в арт-терапевтических сеансах связано с положительными изменениями самооценки и эмоционального состояния детей.*

**Ключевые слова:** арт-терапия, дети, самооценка.

*The success of a child's social adaptation is directly related to the concept of self-esteem. Various methods, including art therapy, are recommended to increase self-esteem. The aim of the study is to study the effect of art therapy on children's self-esteem. The article studied the influence of creative techniques, including drawing, modeling and other types of art, on children's self-esteem. The study also describes the results of studies in which participation in art therapy sessions is associated with positive changes in children's self-esteem and emotional state.*

**Keywords:** art therapy, children, self-esteem.

**Кіріспе.** Балалар – ұлт пен елдің болашағы. Сондықтан, балалардың дамуы, әсіресе, білім беру аспектісінде назар аударуды қажет етеді. Бүгінде психология мен педагогика саласындағы заманауи зерттеулер балалардың эмоционалды және психологиялық әл-ауқатының маңыздылығын жоғары орынға қояды. Психологиялық әл-ауқат – бұл адамның болашақ дағдарыстармен қалай күресетініне әсер ететін жеке факторлардың бірі. Оның ішінде баланың өзін-өзі бағалауы ерекше орын алады. Өзін-өзі бағалаудың төмендігі балаға ыңғайсыздық сезімін тудырып, әлеуметтік ортаға бейімделуіне кедергі келтіреді және жағымсыз қасиеттерді қалыптастырады: жалғыздық сезімі, сенімсіздік, шамадан тыс ұялу, стресстік жағдайлар, қанағаттанбау, тұлғааралық шиеленістер және т.б [1, 33]. Өз өзін қалыпты деңгейде бағалау психологиялық жағдайға және физикалық денсаулыққа оң әсер етеді. Себебі, позитивті өзіндік бағалау мәселені шешу үшін жаңа энергиямен қамтамасыз етеді. Адамның өзіндік бағалауына байланысты әлеуметтік бейімделудің сәттілігі орын алады. Бала өзін қаншалықты оң бағаласа, өзіндік концепция соғұрлым позитивті дамиды. Сол себептен, өзін-өзі бағалау баланың өмірі үшін, әсіресе оның болашағы үшін өте маңызды [2, 505]. Өзін-өзі төмен бағайтын балалардың өзіндік тұжырымдамасын арттыру үшін интервенциялар жүргізу қажет. Психоэмоционалды жағдайды жақсартуға және тұлғаның дамуына ықпал ететін тәсілдердің бірі – арт-терапия.

Арт-терапия – бұл эмоцияны білдіру құралы ретінде қолдануға болатын сурет арқылы терапияның бір түрі. Арт-терапия барлық жастағы отбасылар мен топтарға қол жетімді көркем материалдарды қолдана отырып, жеке адамдардың әл-ауқатын жақсартуға және емдеуге бағытталған [3, 73]. Сезімдер мен тәжірибелерді білдіру үшін көркемдік құралдарды қолдануға негізделген бұл әдіс балалармен жұмыс істейтін мамандар арасында да, ата-аналар арасында да танымалдыққа ие. Отандық авторлардың пікірінше, арт-терапия балалардағы агрессия немесе басқа да негативті сезімдерді басқаруда көмектеседі [4, 26]. Шетелдік зерттеушілер көркемдік білімі күшейтілген мектептерде оқушылардың өзін-өзі бағалау көрсеткіштері көркемдік бейіні жоқ қарапайым білім беру мекемелерімен салыстырғанда жоғары екенін анықтаған [5, 118]. Сондықтан, арт-терапия балалардың өзін-өзі бағалауы мен шығармашылығын нығайтуға ықпал етеді деп санауға болады.

Мақаланың мақсаты – арт-терапияның балалардың өзін-өзі бағалауына әсерін зерттеу. Өзін-өзі бағалау жеке тұлғаны қалыптастыруда шешуші рөл атқарады және оқу іс-әрекетіндегі жетістіктерге, басқалармен өзара әрекеттесуге және жалпы өмір сапасына әсер етеді. Зерттеу барысында біз көркемдік іс-шаралар балалардың өзін-өзі бағалауын жақсартуға, олардың эмоционалды көрінісі мен шығармашылығын дамытуға қалай ықпал ететінін талдаймыз.

**Негізгі бөлім.** Арт-терапия – бұл балаға әсер етудің психологиялық әдістерінің жиынтығы. Олар бейнелеу қызметі форматында тиімді жүзеге асырылып, бір уақытта бірнеше мақсаттарға жету үшін қолданылады. Арт-терапия кең спектрге ие: терапевтік бағыттан психокоррекцияға дейін. Арт-терапияның барлық түрлерінің негізі – субъектінің көркемдік қызметі, оны



белсендіру арқылы адамның дамуындағы белгілі бір бұзылуларды түзету. Психологтар ұсынатын терминологияның басым бөлігінде арт-терапия өнер және жалпы шығармашылық контекстінде кеңінен қолданылады.

Арт-терапия әртүрлі теориялық тәсілдерге негізделген. Олардың әрқайсысы терапевтік жұмыс барысында орын алатын механизмдер мен процесстерге ерекше көзқарас ұсынады.

Екі тәсіл де арт-терапия тәжірибесін байытады және оның балалармен жұмыс жасаудағы тиімділігін растайды.

Баланың өзін-өзі бағалауын жақсарту үшін арт-терапияны әлеуметтік оқыту моделі негізінде жасауға болады:

1. Қажетті мінез-құлық туралы ақпарат беретін нұсқаулық;
2. Баланы есте сақтауға және қажет болған жағдайда қайталауға, мінез-құлықты оңай бақылауға үйрету;
3. Кері байланыс орнату [6, 78].

Отандық және шетелдік зерттеулер сурет салу арқылы баланың өзін-өзі тануын арттыруға, эмоционалды шиеленістерді шешуге, қиындықтарды жеңуге [7, 105] және өзін-өзі бағалауын тиімді арттыруға болатынын дәлелдейді [8, 9]. Маңыздысы, арт-терапия – бұл сызбаны сезімдерді анықтау және зерттеу құралы ретінде қолдануға мүмкіндік беретін әдістердің бірі. Сурет салу арқылы балалар өздерін сипаттап, бағалай алады. Сурет салумен байланысты көркемдік іс-шаралар өзін-өзі жағымды сезінуге ықпал етеді.

Арт-терапия бағдарламасы оң әлеуметтік мінез-құлық, сондай-ақ балалар арасындағы қарым-қатынас пен білімді арттыруға негізделіп жасалады. Яғни, баланың зейіні, түсінігі, қабылдауына бағытталады. Сондықтан, балаларға жүргізілетін арт-терапия олардың көзқарасы мен мінез-құлқына әсер етеді және өзін-өзі көрсетуі мен эмоционалды тұрақтығын қалыптастырады. Алайда бұл баланың арт-терапияға қаншалықты назар аударуына, түсінуіне және қабылдауына байланысты. Терапия процесі баланың өз қабілеттеріне деген сенімділікті дамытып, кез келген қиындықты жеңуге және тапсырмаларды сәтті орындауға мүмкіндік береді.

Бейнелеу іс-әрекетінің өнімі, баланың жеке басының жағдайының сипаттамалық көрінісі болып табылады, себебі ол қарым-қатынас пен өзін-өзі көрсетудің вербалды емес әдістерін қолдануды қамтиды. Сондықтан, бейнелеу өнері өзінің негізгі мақсатын орындаудан бөлек, баланың психоэмоционалды, психикалық жағдайын, оның ішінде өзін-өзі бағалау деңгейін диагностикалауға қабілетті. Сонымен қатар, арт-терапия адамның шығармашылық әлеуетімен өзара байланысты жеке тұлғаның ішкі, өзін-өзі емдейтін ресурстарына бағытталған, яғни әдіс терапевтік функцияны орындайды, балалардың менталитетін, өзі туралы тым төмен бағалау пікірін емдейді [3, 45]. Сондықтан, көркем шығармашылық жоғарыда айтылған ішкі шиеленістерді білдіруіне, қайта сезінуге мүмкіндік береді, оның маңыздығы мен бірегейлігін түсінуге ықпал етеді.

Арт-терапияның терапевтік функциясы мәселесі бойынша психологиялық әдебиеттерді талдау, оның баланың өзін-өзі бағалауын арттыруға баса назар аудара отырып, оның терапевтік мүмкіндіктерін анықтады:

- жағымсыз эмоцияларды қоғам үшін қолайлы түрде көрсету мүмкіндігі, демек, психоэмоционалды шиеленісті жеңілдету, мазасыздық деңгейін төмендету;
- көрнекі бейнелер арқылы ішкі шиеленістері мен тәжірибелерді білдіру;
- еңсерілмейтін процесстер ретінде қабылданатын ойлар мен сезімдермен жұмыс істеу мүмкіндігі (жас ерекшеліктеріне байланысты балалар көбінесе өте сыни және категориялық

түрде бағаланады, сондықтан олардың белгілі бір өмірлік жағдайларды қабылдауы жеткіліксіз болуы мүмкін және түзетуді қажет етеді);

- ішкі бақылау мен тәртіп сезімінің пайда болуына жәрдемдесу (ерекше дәрежеде балалар өзін-өзі бақылауды, өзін-өзі реттеуді қажет етеді);
- сезімге назар аударуды дамыту және күшейту;
- бейнелеу іс-әрекетінде өзін-өзі көрсету мүмкіндігі:
- позитивті өзіндік тұжырымдаманы қалыптастыру, өнімнің құндылығын әлеуметтік тану нәтижесінде өзіне деген сенімділікті арттыру;
- тұлға ретінде өзіндік құндылық сезімін күшейту; көркемдік құзыреттілікті арттыру [9, 85].

Егер балалар арт-терапиядан кейін көркемдік әрекетті хоббиге айналдырса, қосымша әсер болады. Бұл балалардың өзіне көбірек көңіл бөлуіне ықпал етеді, ал жетістіктер өзін мағыналы сезінуіне ықпалдасады. Демек, өзіне сенімді, объективті, нақтылыққа негізделген бағалауды арттыруға тікелей қол жеткізеді.

Арт-терапия арқылы баланың өзін-өзі оң бағалауына қол жеткізу үшін бірнеше тиімді әдістер қолданылады:

1. Қауіпсіз кеңістік құру: балалар өз эмоциялары мен идеяларын қорықпай, еркін жеткізуі үшін қауіпсіз орта қажет:

2. Жеке жобалау: балалар өздерінің армандарын бейнелейтін картиналар мен коллаждар сынды жобалалар жасауға шақыру. Бұл олардың өздерін және тілектерін түсінуге көмектеседі.

3. «Мен-өрнек» әдісі: балалардың күшті жақтарын немесе жетістіктерін білдіретін әдістердің бірі. Оған сурет, мүсін және т.б. жатады.

4. Топтық сабақтар: бірлесіп жұмыс істей алатын және туындыларымен бөлісетін топтық өнер сеанстары.

5. Рефлексия: жұмысты аяқтағаннан кейін балаларды өз сезімдері мен ойларын талқылауға шақыру. Бұл олардың эмоцияларын білуге және өзін-өзі бағалауын нығайтуға мүмкіндік береді [9, 88].

Сонымен, балалардың жеке тұлға ретінде қалыптасуына айтарлықтай әсер етумен сипатталатын өзін-өзі бағалауды жетілдіру – психологияның маңызды зерттеу бағыттарының бірі. Өзін-өзі бағалаудың жеткіліксіздігі – бұл қоғамдағы әлсіз бейімделу және тұлғаның көптеген психоэмоционалды проблемалары және басқа да жағымсыз тенденцияларға әкеледі. Бұл жағдайда балалардың өзін-өзі бағалауын арттыру бойынша жұмыс жүргізу маңызды. Зерттеулер арт-терапия балалардың эмоционалды және әлеуметтік дамуына ықпал ете отырып, олардың сенімділігі мен өзін-өзі қабылдауын арттырудың тиімді әдісі екенін растайды.

Арт-терапия балаларға өз сезімдерін білдіруге және білуге мүмкіндік береді. Бұл қазіргі заманғы білім беру және әлеуметтік қиындықтар жағдайында үлкен рөлге ие. Арт-терапевтік әдістерді психикалық денсаулық мамандары мен білім беру мекемелерінің тәжірибесіне біріктіру балалардың психологиялық әл-ауқатын жақсарта отырып, жеке және топтық дамудың бірегей мүмкіндіктерін жасайды.

Осылайша, осы саладағы қосымша зерттеулер мен тәжірибелер арт-терапияның әсер ету механизмдерін түсінуді тереңдетуге және оны қолдануды кеңейтуге, бұл өз кезегінде балалар үшін қолдау көрсететін және жағымды орта құруға ықпал етеді.

#### Әдебиеттер

1. Silauskian V. Effects of art therapy in 9-10 years self-esteem in children with speech and language disorders: a master's thesis. Lithuanian University of Health Sciences. Vilnius Academy of Arts. – 2011. – 141 p.

2. Huang C. Self-concept and academic achievement: A meta-analysis of longitudinal relations. *Journal of School Psychology*. – 2011, 49(5). – P. 505-528.
3. Malchiodi C.A. *Expressive Therapies*. – New York: Guilford, 2005. – 158 p.
4. Арт-терапия мүмкіндіктері: Оқу-әдістемелік құрал / Г.А.Ергалиева., А.А.Жантуреева., Т.Т.Мақсотова - Орал: М.Өтемісов атындағы БҚМУ РБО, 2016. – 110 б.
5. Petruilytė A. Bendrojo ugdymo mokyklų, kuriose sustiprintas meninis ugdymas, mokinių kūrybiškumas ir mokymosi sekmė. *Ugdymo psichologija*. – 2011, 22. – P. 48-54.
6. Bandura A. *Social Foundations of Thought and Action: A Social Cognitive Theory*. Englewood Cliffs. – NJ: Prentice Hall, 1986. – 205 p.
7. Нечаенко И.Я. Особенности самооценки у подростков // *Современные тенденции развития науки и технологий*. – 2016. – № 5-6. – С. 150-152.
8. Бердібаева С.Қ. «Интеллект-адамның творчестволық іс-әрекетінің шарты ретінде» // *Хабаршы №2*. – Алматы, 2006. – Б. 9-10.
9. Протасова А.А., Иванова В.А. Программа развития адекватной самооценки младших школьников методами арт-терапии // *Современные тенденции развития науки и технологий*. – 2015. – № 2-5. – С. 128-131.

## АРТ-ТЕРАПИЯНЫҢ ТҰЛҒАНЫҢ МАЗАСЫЗДЫҒЫН ТӨМЕНДЕТУГЕ ӘСЕРІ

Тленчиева Н.С., Әділша М.Н.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті  
Алматы, Қазақстан

*Бұл мақалада арт-терапияның мазасыздықты төмендетуге әсері қарастырылады. Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың зерттеулері негізінде арт-терапияның мазасыздық деңгейін төмендетудегі ролі мен практикалық қолданылуы талданады. Арт-терапия эмоционалдық күйді жақсартуда маңызды психотерапиялық әдіс ретінде көрсетіледі.*

**Түйін сөздер:** *Арт-терапия, мазасыздық, эмоционалдық күй, психотерапия, зерттеу.*

*В статье рассматривается влияние арт-терапии на снижение уровня тревожности. На основе исследований казахстанских и зарубежных ученых анализируется роль арт-терапии в снижении уровня тревожности и её практическое применение. Арт-терапия рассматривается как важный психотерапевтический метод, улучшающий эмоциональное состояние.*

**Ключевые слова:** *арт-терапия, тревожность, эмоциональное состояние, психотерапия, исследование.*

*This article examines the impact of art therapy on reducing anxiety. Based on studies by Kazakhstani and international researchers, the role of art therapy in lowering anxiety levels and its practical applications are analyzed. Art therapy is presented as a significant psychotherapeutic method that improves emotional well-being.*

**Keywords:** *art therapy, anxiety, emotional state, psychotherapy, research.*

Бүгінгі таңда мазасыздықтың деңгейі әлем бойынша артуда және бұл жағдайды емдеу үшін әртүрлі психотерапиялық әдістер қолданылуда. Мазасыздық — адамның физикалық және психологиялық жағдайына әсер ететін күрделі күй. Осындай әдістердің бірі — арт-терапия. Арт-терапия адамның шығармашылық процесі арқылы өз сезімдерін білдіруге көмектесіп, эмоционалдық күйін жақсартуға ықпал етеді. Бұл әдіс адамның мазасыздықты төмендетуге және психологиялық күйді тұрақтандыруға қабілетті екенін шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулері растайды.

Шетелдік ғалымдар арт-терапияның мазасыздықты төмендетудегі тиімділігін зерттеу барысында маңызды нәтижелерге қол жеткізді. Мысалы, 2016 жылы Джоан Келлер өзінің зерттеуінде арт-терапияның мазасыздық пен стрессті төмендетуге көмектесетінін анықтады. Оның еңбегінде студенттер мен жасөспірімдер арасында жүргізілген эксперименттер

көрсетілген, онда арт-терапия сеанстарынан кейін мазасыздық деңгейі айтарлықтай төмендеген [1].

Сонымен қатар, 2017 жылы Сара Джонс арт-терапияны психотерапияның қосымша әдісі ретінде қолдану арқылы мазасыздықты төмендетуге бағытталған зерттеуін жариялады. Оның айтуынша, өнер арқылы эмоцияларды білдіру адамның ішкі жан дүниесін түсінуге және мазасыздықтан арылуға көмектеседі [2].

2018 жылы Элизабет Вуд арт-терапияның балалар мен жасөспірімдер арасындағы эмоционалдық және психологиялық әл-ауқатты арттырудағы рөлін зерттеді. Зерттеу нәтижелері бойынша, өнер жасау арқылы балалар өз эмоцияларын дұрыс түсініп, мазасыздықты төмендетуде елеулі жетістіктерге жеткен. Вудтың зерттеуі жасөспірімдер арасында арт-терапияның мазасыздыққа әсер ету механизмдерін тереңірек түсінуге мүмкіндік береді [3].

2019 жылы Кэти Гудвина арт-терапияны университет студенттері арасында зерттей отырып, оқу стрессін басқаруға көмектесетінін анықтады. Зерттеу барысында арт-терапия сеанстары студенттердің стресстік жағдайларын жеңілдетіп, эмоционалдық тұрақтылығын арттырған. Гудвинның жұмысы арт-терапияның білім беру жүйесінде қолданылу мүмкіндіктерін қарастыруға үлес қосады [4].

Сонымен қатар, 2020 жылы Дженнифер Хан арт-терапия мен мазасыздықты зерттеу тақырыбында жеке жұмыстар жүргізді. Оның зерттеуі арт-терапияның денсаулық сақтау ұйымдарында психологиялық көмек ретінде қолдану тиімділігін көрсетті. Зерттеу нәтижелері көрсеткендей, арт-терапия қатысушылар арасында мазасыздық деңгейін төмендетуге ғана емес, сонымен қатар жалпы психологиялық тұрақтылықты арттыруға да көмектеседі [5].

Бұл зерттеулер арт-терапияның психологиялық қызмет көрсету саласындағы маңыздылығын және жастар арасындағы мазасыздықты төмендету мүмкіндіктерін айқындайды. Сонымен қатар, әртүрлі мәдениет пен қоғамда арт-терапияның әсерін зерттеу арқылы тиімді әдістер мен тәсілдерді анықтауға болады. Арт-терапияның мазасыздықты азайтудағы болашағы зор. Зерттеулер мен тәжірибелердің жинақталуы, сондай-ақ жаңа әдістемелердің енгізілуі арқылы бұл салада үлкен жетістіктерге жетуге болады. Қазақстанда арт-терапияны мектептер мен жоғары оқу орындарында тиімді пайдалану жастардың психологиялық саулығын нығайтуға мүмкіндік береді.

Қазақстанда арт-терапияның қолданылуы соңғы жылдары кеңінен танылып келеді. Осы бағыттағы зерттеулер психикалық денсаулықты қолдауда арт-терапияның тиімділігін көрсетеді.

Лаура Нұрқасымова 2018 жылы жасөспірімдер арасында арт-терапияның мазасыздықты төмендетуге әсерін зерттеп, оның тиімділігін дәлелдеді. Нұрқасымова жасаған зерттеу нәтижелері бойынша, арт-терапия сеанстарынан кейін жасөспірімдер арасындағы мазасыздық деңгейі айтарлықтай төмендеген. Бұл зерттеудің маңызды тұсы, арт-терапияның жасөспірімдердің психикалық жағдайына оң әсер ететінін көрсетеді [6].

Бұдан бөлек, Жанар Мүсілімова мен Айман Жанмұханова 2020 жылы студенттердің эмоционалдық бұзылыстарын арт-терапия арқылы түзету әдістерін зерттеді. Зерттеу барысында олар студенттердің академиялық стресске және емтихан алдындағы мазасыздыққа қарсы тұруына арт-терапияның оң әсерін анықтады. Бұл зерттеу студенттердің психологиялық денсаулығын қолдауда арт-терапияның маңыздылығын айқындайды [7].

Арт-терапияның жастар мен студенттер арасындағы мазасыздықты төмендетудегі рөлін түсіну үшін, осы зерттеулердің нәтижелерін ескеру қажет. Болашақта арт-терапияның практикада кеңінен қолданылуы, оның тиімділігін әрі қарай дәлелдеу мен дамытуға мүмкіндік

береді. Арт-терапияның басты артықшылығы — оның сөзбен байланысқа түсу қиындықтары бар адамдар үшін тиімділігі. Адамдар өз сезімдерін өнер арқылы білдіре отырып, ішкі жан дүниесін ашып, қорқыныш пен мазасыздықтан арылуға мүмкіндік алады. Бұл әдісті қолдану шығармашылық ойлау процестерін белсендіреді, нәтижесінде адамның эмоционалдық жағдайы жақсарады.

Мысалы, 2019 жылы Карен Блок арт-терапияның жарақаттан кейінгі стресстік бұзылыстары (PTSD) бар адамдарға оң әсер ететінін көрсеткен зерттеуін жариялады. Оның зерттеуінде арт-терапия сеанстарының мазасыздық пен депрессияны жеңілдетуде маңызды рөл атқаратыны дәлелденді [8].

Арт-терапияның мазасыздықты азайтудағы тиімділігі ғылыми зерттеулермен дәлелденген. Бұл әдістің болашағы әлеуетті мүмкіндіктермен және кеңеюмен байланысты. Бүгінгі таңда жастар арасындағы стресстің өсуі, психикалық денсаулық мәселелері мен қоғамдағы жалғыздық сезімі арт-терапияның маңыздылығын арттыруда. Арт-терапия мектептер мен университеттерде енгізу жастардың эмоциялық дамуын қолдауға, өздерін жақсы сезінуге және стрессті жеңуге көмектеседі. Шығармашылық процестер арқылы жасөспірімдер өз эмоцияларын білдіруге мүмкіндік алады. Атап айтқанда, Қазақстанның білім беру жүйесінде арт-терапияның қолданылуы жастардың психикалық денсаулығын жақсартуға ықпал етуі мүмкін.

Клиникалық тәжірибеде арт-терапияның қолданылуы психотерапияның дәстүрлі тәсілдеріне тиімді балама ретінде ұсынылуда. Зерттеулер арт-терапияның психикалық бұзылыстарды емдеудегі рөлін көрсетеді, оның ішінде мазасыздық, депрессия және стресс. Клиникалық мамандар мен психотерапевттер арт-терапияның тиімділігін арттыру үшін шетелдік зерттеулермен ынтымақтастық жасауы қажет.

Арт-терапияны дамыту үшін ғылыми зерттеулер мен инновациялық жобаларды қолдау маңызды. Өнер мен психикалық денсаулық арасындағы байланыс туралы білімді арттыру арт-терапияның жаңа әдістерін әзірлеуге мүмкіндік береді. Зерттеулердің нәтижелері жаңа терапиялық әдістер мен құралдарды дамытуға ықпал етуі мүмкін, бұл мазасыздықты төмендетуде арт-терапияның тиімділігін арттырады. Арт-терапияның қоғамдық денсаулық сақтау жүйесінде қолданылуы да маңызды. Қоғамдық денсаулық сақтау бағдарламаларында арт-терапияны қолдану мүмкіндіктері зерттеледі. Мысалы, арт-терапияның семинарлары мен мастер-кластар адамдардың стресстің алдын алуына, эмоциялық сауықтыруына және өздерін жайлы сезінуіне көмектеседі.

Шетелдік және қазақстандық ғалымдардың зерттеулері арт-терапияның мазасыздықты төмендетудегі маңызды әдіс екенін дәлелдейді. Өнер арқылы өзін-өзі көрсету адамға эмоцияларын жақсы түсінуге және оларды өңдеуге мүмкіндік береді, бұл ақырында мазасыздық деңгейін азайтады. Қазақстанда арт-терапия әсіресе жасөспірімдермен және студенттермен жұмыс істеуде қолданыла бастады, және бұл әдістің болашағы зор.

#### Әдебиеттер

1. Keller, J. *Art Therapy and Anxiety Reduction*. New York: Routledge, 2016, p. 45.
2. Jones, S. *Expressive Therapies and Anxiety in Adolescents*. Los Angeles: Sage Publications, 2017, p. 67.
3. Wood, E. *Art Therapy in Child and Adolescent Mental Health*. London: Jessica Kingsley Publishers, 2018. p. 92.
4. Goodwin, K. *Art Therapy and Academic Stress: A Study of College Students*. New York: Springer, 2019. p. 34.
5. Han, J. *Art Therapy in Healthcare: A Review of Current Research*. Chicago: Routledge, 2020. p. 78.
6. Нұрқасымов Л. *Жасөспірімдермен психокоррекциялық жұмыс әдістері*. Алматы: ҚазНПУ, 2018, 55-бет.
7. Жанмұханова А., Мүсілімова Ж. *Арт-терапияның студенттерге психологиялық әсері*. Block, K. *Art Therapy for PTSD and Anxiety Disorders*. Los Angeles: Sage Publications, 2019, p. 112.. Қарағанды: ҚарМУ, 2020, 88-бет.

### III СЕКЦИЯ \* III – SECTION

## ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚ ЖӘНЕ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ӘЛ-АУҚАТ МӘСЕЛЕСІ: ӘДІСНАМАДАН БАСТАП ПРАКТИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРҒА ДЕЙІН

## ПРОБЛЕМА ПСИХИЧЕСКОГО ЗДОРОВЬЯ И ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО БЛАГОПОЛУЧИЯ: ОТ МЕТОДОЛОГИИ К ПРАКТИЧЕСКИМ ТЕХНОЛОГИЯМ

## THE PROBLEM OF MENTAL HEALTH AND PSYCHOLOGICAL WELL- BEING: FROM METHODOLOGY TO PRACTICAL TECHNOLOGIES

### ОҚЫТУ ПРОЦЕСІНДЕ БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ КӨШБАСШЫЛЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУ

Азамат А.А.

№1 Алматы қазақ гуманитарлық-педагогикалық колледжі  
Алматы, Қазақстан

Мақалада оқыту процесінде білім алушылардың бойындағы өзін-өзі тану және өзін-өзі рухани-шығармашылық тұрғыда жетілдіруге басқару қабілеттері сонымен қатар ерекше қабілеттерін қалыптастыруда және оны дамытудағы әдістерін қамтиды. Білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру қажеттілігі мен олардың көшбасшылық проблемасының жеткіліксіз дамуы арасындағы қарама қайшылықтардың орын алуын анықтайды. Білім алушылардың бойындағы көшбасшылық қабілеттерін зерттей келе, психология педагогикалық ұсынымдар жасап, білім алушылардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту үшін көшбасшылықты маңызды жауапкершілік ретінде қарастыру, өз жобаларын құрып, оны ұйымдастыруда, шешімдер қабылдауға және таңдау жасауға дайын болу керектігін, сонымен қатар, білім алушылардың қоғамға тез және мақсатты түрде бейімделіп кетудегі жеке қасиеттерін қалыптастыруға бағдарлану қажеттігін, педагогикалық тұрғыдан өзін-өзі дамытуда жаңа дағдылар мен тәсілдерді меңгеруі керектігін қарастырады.

**Кілт сөздер:** психология, көшбасшылық, білім алушылар, білім-беру, жеке тұлға, жастар, ерекше қасиеттер, өзін-өзі дамыту, қоғам.

Способность студентов к самопознанию и самоуправлению для духовного и творческого самосовершенствования в процессе обучения связана с развитием специальных способностей, например, лидерских качеств. В статье вскрыто противоречие между необходимостью формирования у студентов лидерских качеств и недостаточной разработанностью проблемы лидерства в подготовке студентов. Изучив лидерские способности студентов, авторы разрабатывают рекомендации и рассматривают необходимость развития ответственности в лидерских качествах студентов, быть готовыми создавать и организовывать собственные проекты, принимать решения и делать выбор, а также качества студентов, позволяющих быстро и целенаправленно адаптироваться в обществе, приобретать новые навыки и подходы в педагогическом саморазвитии.

**Ключевые слова:** психология, лидерство, учащиеся, образование, личность, молодежь, особые качества, саморазвитие, общество

The article the ability of students to self-knowledge and self-management for spiritual and creative self-improvement in the learning process also includes methods for the formation and development of special abilities. Determines the

*existence of contradictions between the need to form students ' leadership skills and the insufficient development of their leadership problem. Having studied the leadership abilities of students, psychology develops pedagogical recommendations and considers the need to consider leadership as an important responsibility for the development of students ' leadership abilities, be ready to create and organize their own projects, make decisions and make choices, as well as the need to focus on the formation of personal qualities of students to quickly and purposefully adapt to society, acquire new skills and approaches in pedagogical self-development.*

**Keywords:** *psychology, leadership, learners, education, personality, youth, special qualities, self-development, society*

"Әр оқушы – әлеуетті көшбасшы. Олардың көшбасшылық қабілеттерін дамыту - біздің ұжымдық болашағымызға салынған инвестиция. Нағыз көшбасшылар тумайды, олар қалыптасады. Ал қалыптасу ерте жастан басталады" Қазіргі қоғам өсіп келе жатқан тұлғаға ерекше талаптар қояды. Бүгінгі таңда жеке тұлғаны дамытудың тиімді әдістерін іздеу және әлеуметтік белсенді жастардың көшбасшылық қабілеттерін қалыптастыру, қоғамға тез және мақсатты түрде қосыла алатын, әлеуметтік және өндірістік мәселелерді шешудің жаңа жолдарын тез табатын әлеуетті көшбасшыларды тәрбиелеу мәселесі өткір тұр. Көшбасшылық- бұл мақсатқа жету үшін басқалардың күш-жігерін барынша арттыратын әлеуметтік ықпал ету процесі. Бұл қауымдастықтың немесе топтың иерархиясындағы үлкендікке немесе позицияға ешқандай қатысы жоқ; сондықтан әркім өзінің көшбасшылық қасиеттерін пайдалана алады. Әркімнің ықпалы бар. Әр адам өзін-өзі басқара алады. Дегенмен, көптеген жастар көшбасшылық қасиеттерін жаттықтыру және шыңдау үшін басшылық пен кеңестікті қажет етеді. Жас кезінен бастап бірқатар көшбасшылық дағдылар мен әдістерді үйрену білім алушыларға өмірде керемет бастама бере алады, өзіне деген сенімділікті дамытады және жалпы психикалық жағдайды жақсартады. Қазіргі еңбек нарықтарының қажеттіліктеріне жауап беретін маман даярлау үшін кәсіби құзіреттіліктің бір бөлігі бола алатын жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағдарлану қажет. Көшбасшылық - жеке адам мен қоғамның болашағын қалыптастыру үшін маңызды болып табылатын көп қырлы дағды. Көшбасшылық педагогика, психология, әлеуметтануда және саясаттануда кең таралған ұғым. Бұл проблема қазіргі заманда өзекті мәселенің бірі болып табылады, себебі білім алушылар шешім қабылдауға, жеке өмірінде өз орнын табуға мүмкіндік береді. Көшбасшылыққа бейімділік ерте балалық шақтан дамиды. Мектептегі өмір кезеңінде оқушыларға көшбасшылық қабілеті және жеке қасиеттері өмірдің келесі кезеңдерінде дами алады және дамуы керек. Даму кезеңі студенттік яғни жеткіншектік жаста дамуының маңыздылығы байланысты. Дегенімен, практикамызда колледж білім алушылары және мектеп оқушыларының арасында өздерінің жеке көріністері бойынша инициативті емес, қандай да бір қабілеттерге ие емес, өз пікірін білдіруге тырыспайтын және әлеуметтік мәртебеге қол жеткізетін білім алушылар бар. Сондықтан, мектептегі және колледждегі жастарға көшбасшылық ұмтылыстарын дамытуға, демек, барлық әлеуметтік салаларда бәсекеге қабілеттілік пен жетістікке жетуге көмектесу үшін белгілі бір ұйымдастырушылық және психологиялық-педагогикалық іс-шаралар қажет.

Көшбасшылық сапалар тек басшылық қызметтегілермен шектелмейді; олар білім алушылардың жан-жақты дамуына ықпал ететін маңызды қасиеттер. Білім берудің қалыптасу жылдарында білім алушылардың жеке басы, құндылықтары мен көзқарастары қалыптасатын шешуші кезеңде болады. Осы кезеңдегі көшбасшылық концепциялармен танысу оларға тиімді қарым-қатынас, ынтымақтастық және проблемаларды шешу үшін негіз береді - академиялық шекаралардан асатын және өмірдің кең контекстінде табысқа жету үшін маңызды дағдылар. Оқушылардың көшбасшылық қасиеттерін анықтау әрең байқалатын, бірақ мағыналы мінез-құлықты тануды қамтиды. Эмпатия, қарым-қатынас дағдылары және белсенді болуға дайын студенттер көбінесе көшбасшылық әлеуеттің алғашқы белгілерін көрсетеді. Білім алушылардың көшбасшылық қасиеттерін анықтау әрең байқалатын, бірақ мағыналы мінез-құлықты тануды қамтиды. Эмпатия, қарым-қатынас дағдылары және белсенді болуға дайын білім алушылар көбінесе көшбасшылық әлеуеттің алғашқы белгілерін көрсетеді. Бұл

қасиеттерді тәрбиелеу білім алушылар көшбасшылық рөлдерді игере алатын, топтық іс-шараларға қатыса алатын және өз идеялары мен пікірлерін білдіруге деген сенімділікті дамыта алатын қолайлы орта құруды қамтиды.

*Білім алушылар үшін көшбасшылық қабілетінің маңыздылығы:*

Білім беру ұйымдарында көшбасшылық дағдыларын үйрету бірнеше себептерге байланысты өте маңызды, өйткені бұл білім алушылардың тұтас дамуына айтарлықтай үлес қосады және оларды өмірдің әртүрлі аспектілерінде табысқа жетуге дайындайды. Міне, білім беру ұйымдарындағы көшбасшылық дағдыларын оқытудың маңыздылығын көрсететін негізгі ойлар:

**Жеке даму:** көшбасшылық қабілетінің білім алушылар өздерін жақсы түсінуге мүмкіндік береді. Шешім қабылдауды, жауапкершілікті және қарым-қатынасты қажет ететін іс-шаралар арқылы студенттер өзін-өзі тану мен өзіне деген сенімділік сезімін дамытады. Көшбасшылық қабілеті өміршеңдікке, бейімделгіштікке және қиындықтарға оң көзқарасқа ықпал етеді, жеке даму үшін өте маңызды өсу көңіл-күйіне ықпал етеді.

**Қарым-қатынас дағдылары:** көшбасшылыққа үйрету вербалды және вербалды емес қарым-қатынас дағдыларын дамытады. Білім алушылар өз идеяларын нақты айтуға, басқаларды белсенді тыңдауға және өз ойларын тиімді тұжырымдауға үйренеді.

**Ынтымақтастық және топтық жұмыс:** көшбасшылыққа үйрету ынтымақтастық пен топтық жұмыстың маңыздылығын көрсетеді. Білім алушылар әртүрлі адамдармен үйлесімді жұмыс істеуді, әртүрлі көзқарастарды бағалауды және ұжымдық мақсаттарға үлес қосуды үйренеді. Ынтымақтастық қабілеті қазіргі жұмыс орнында өте маңызды, мұнда топтық жұмыс пен ынтымақтастық көбінесе сәттіліктің ажырамас бөлігі болып табылады.

**Мәселелерді шешу және шешім қабылдау:** көшбасшылық дағдылар білім алушылар жағдайларды сыни тұрғыдан талдауға, негізделген шешімдер қабылдауға және мәселелерді тиімді шешуге үйретеді. Бұл дағдыларды беруге болады және өмірдің әртүрлі аспектілерінде құнды.

**Бастама және жауапкершілік:** көшбасшылыққа үйрету студенттерді белсенді және белсенді болуға шақырады. Олар мүмкіндіктерді анықтауға, мақсат қоюға және өз әрекеттері үшін жауапкершілікті алуға үйренеді. Бастама мен жауапкершілік сезімін дамыту білім алушыларды болашақта жұмыс орнында да, қоғамда да көшбасшылық рөлдерге дайындайды.

**Этикалық көшбасшылық және құндылықтар:** көшбасшылыққа үйрету студенттерге этикалық құндылықтар мен принциптерді үйрету үшін алаң ұсынады. Олар басшылық лауазымдарда адалдық пен жанашырлықтың маңыздылығын біледі. Этикалық көшбасшылықты түсіну қоғамға оң үлес қосатын жауапты және әлеуметтік саналы азаматтарды тәрбиелеу үшін өте маңызды.

**Болашақ мансапқа дайындық:** жұмыс берушілер көшбасшылық қасиеттерді жоғары бағалайды. Көптеген мамандықтар жауапкершілікті өз мойнына алуға, басқаларды шабыттандыруға және қиын тапсырмаларды орындауға қабілетті адамдарды талап етеді. Білім беру ұйымдағы көшбасшылық дағдыларын үйрету білім алушыларды әртүрлі кәсіби салаларда сұранысқа ие дағдылар мен көзқарастардың негізін қамтамасыз ете отырып, болашақ мансапқа дайындайды.

**Жаһандық азаматтық:** көшбасшылық білім көбінесе әртүрлі мәдениеттерді, жаһандық мәселелерді және әлемнің өзара байланысын түсінуге ықпал ететін жаһандық перспективаны қамтиды. Әлем азаматтарының көшбасшылық қасиеттерін дамыту жаһандық проблемаларды шешу және мәдениетаралық өзара түсіністік пен ынтымақтастыққа жәрдемдесу үшін маңызды мәнге ие.

**Сенімділікті арттыру:** көшбасшылыққа үйрету сенімділікті арттыруда шешуші рөл атқарады. Көшбасшылық пен шешім қабылдауға мүмкіндік беретін студенттер күрделі



мәселелерді шешуге қажетті өзіне деген сенімділікті біртіндеп дамытады. Сенімділік-бұл оқу үлгеріміне, әлеуметтік өзара әрекеттесуге және жалпы әл-ауқатқа оң әсер ететін негізгі атрибут.

Қауымдастық және әлеуметтік әсер: көшбасшылық дағдылар студенттерге өз қауымдастықтарына оң әсер етуге мүмкіндік береді. Сервистік жобалар мен қоғамдастық өміріне қатысу арқылы студенттер басқалардың әл-ауқатына қосқан үлесінің құндылығын біледі. Әлеуметтік жауапкершілік сезімін ояту студенттерді қоғамды жақсартуға үлес қосатын белсенді, белсенді азамат болуға шақырады.

*Студенттердің көшбасшылық қасиеттерін дамыту жолдары*

Балалардағы көшбасшылық дағдыларды дамыту мақсатты оқытудың, эмпирикалық оқытудың және қолайлы орта құрудың үйлесімін қамтиды. Міне, білім алушыларға көшбасшылық дағдыларды дамытуға көмектесетін бірнеше әдістер, сонымен қатар мысалдар:

Шешім қабылдау мүмкіндіктерін беріңіз: білім алушыларға кезек-кезек ойын таңдау, топ жобасының тақырыбын таңдау немесе әңгіме үшін кітап таңдау сияқты шешімдер қабылдауға мүмкіндік беріңіз. Оларды өз таңдауларын түсіндіруге және басқалардың көзқарасын ескеруге шақырыңыз.

Ынтымақтастық пен топтық жұмысты ынталандыру: ортақ мақсатқа жету үшін білім алушылармен бірлесіп жұмыс істеуді талап ететін топтық жобаларды тағайындаңыз. Қарым-қатынастың, бір-бірінің идеяларын тыңдаудың, әркімнің үлесін мойындаудың және бағалаудың маңыздылығын атап өтіңіз.

Тиімді қарым-қатынасты дамыту: балалардың өзін-өзі көрсетуге, белсенді тыңдауға және сындарлы кері байланыс беруге машықтанатын рөлдік ойын сценарийлері сияқты қарым-қатынас дағдыларын дамытатын әрекеттерді қосыңыз. "Көрсету және айту" сияқты көпшілік алдында сөйлеу мүмкіндіктері де қарым-қатынасқа деген сенімділікті арттыра алады.

Өзіңіздің позитивті имиджіңізді қалыптастырыңыз: әр білім алушының ерекше күштері мен талантарын көрсететін іс-шаралар өткізіңіз. Бұл арнайы "назар аударатын" іс-шаралар кезінде көркем шығармаларды, жетістіктерді немесе арнайы дағдыларды көрсетуді қамтуы мүмкін, бұл өзін-өзі тану мен өзін-өзі тануды қалыптастыруға ықпал етеді.

Мақсат қоюды үйрету: білім алушыларға қол жеткізуге болатын қысқа және ұзақ мерзімді мақсаттар қоюға көмектесу. Басқатырғышты шешу, жаңа дағдыларды игеру немесе бағалауды жақсарту болсын, мақсат қою, олармен жұмыс істеу және оларға жету процесі мақсат пен жетістік сезімін оятады.

Рөлдік модельдеу: көшбасшылық қасиеттерді өз әрекеттеріңізбен көрсетіңіз. Эмпатия, жауапкершілік және өміршеңдік сияқты қасиеттерді модельдеу. Балалар көбінесе бақылау арқылы үйренеді, сондықтан оң көшбасшылық қасиеттерді көрсету күшті әсер етуі мүмкін.

Мәселелерді шешуді ынталандыру: шығармашылық мәселелерді шешуді қажет ететін тапсырмаларды немесе сценарийлерді ұсыну. Бұл гипотетикалық мәселенің шешімін әзірлеуді, ойын кезінде жанжалдарды шешуді немесе сыныпты жақсарту жобасына арналған идеяларды миға шабуыл жасауды қамтуы мүмкін.

Көшбасшылық мүмкіндіктерін жасаңыз: сыныптағы көшбасшы, күнтізбе сақтаушы немесе пікірталас жүргізушісі сияқты көшбасшылық рөлдерді Кезекпен таратыңыз. Бұл әр оқушыға көшбасшылық міндеттерін сезінуге мүмкіндік береді және топта жалпы жауапкершілік сезімін қалыптастырады.

Эмпатия мен әлеуметтік хабардарлықты ынталандыру: балаларды кітап кейіпкерлерінің сезімдерін талқылау, қоғамдық жұмыстар жобаларына қатысу немесе басқалардың тәжірибесі туралы ойлау сияқты эмпатияға ықпал ететін іс-шараларға тарту. Әр түрлі көзқарастарды түсіну Тиімді көшбасшылықтың маңызды аспектісі болып табылады.

Көшбасшылық адамзат сияқты ескі. Ол барлық жерде – үлкен және кіші ұйымдарда, бизнесте және дінде, кәсіподақтар мен қайырымдылық ұйымдарында, компаниялар мен университеттерде бар. Көшбасшылық, оның барлық мақсаттары мен міндеттері үшін кезкелген ұйымның бірінші белгісі болып табылады. Көшбасшылық болу үшін топтардың болуы қажет, ал топтар пайда болған жерде көшбасшылық пайда болады. Қоғамға өз бетінше шешім қабылдауға қабілетті, оларды жүзеге асыру үшін жауапкершілікті алуға дайын, өз қызметінің мақсаттарын нақты анықтай алатын, оған қол жеткізудің нұсқаларын болжай алатын, барысы мен нәтижелерін талдай алатын, қиындықтарды жеңе алатын, сондай-ақ басқа адамдармен қарым-қатынас-ты дұрыс құра алатын білікті және белсенді мамандар қажет. Командада жұмыс істеу, яғни көшбасшылық қасиеттерді көрсету.

Қорыта айтқанда, студенттер көшбасшылық қасиеттерді қарапайым деңгейден алуы керек. Бұл бәсекеге қабілетті әлемде көпшіліктен ерекшелену өте маңызды. Әр студенттің көшбасшылық қасиеттері бар. Сондықтан мектептер үшін тереңірек қазып, олардың қасиеттерін алдыңғы қатарға шығаруға мүмкіндік беру маңызды. Көшбасшылық студенттері ең бастамашыл, олар тапсырманы бірінші болып орындайды, олар өзіне сенімді, көп күледі, өздеріне риза болып көрінеді, бәріне қызығушылық танытады. Сонымен, өзіне деген сенімділік, бастамашылдық, жан-жақты қызығушылық дегеніміз – адамның ішкі белсенділігін анықтайтын және оның кедергілерді жеңу, жаңа жолдарды табуы, жеке шығармашылық қабілеттерін көрсе-тіп қана қоймай, басқа адамдарды шығармашылық мәселелерді шешуде біріктіретін қабілетін сипаттайтын интегративті қасиеттер. Әлеуметтік орта көшбасшылықтың даму деңгейіне әсер етеді. Адамдардың жақсы көшбасшы бола алмауының басты себебі – өзіне деген сенімділіктің болмауы. Басқалардың өзін тыңдап, түсінетініне сенімді бола алмауы. Сондықтан сыныпта, колледжде, университетте, жалпы ортада көшбасшылық қасиеттері әлсіз оқушылар мен студенттер өзін-өзі толық көрсете алатындай жағдай жасау керек.

#### Әдебиеттер

1. Psihodiagnostika: kolleksiya luchshih testov/ sost. Istratova O.N., Eksatusto T.V. – Rostov-naDonu: Feniks. 2003. – 375 s.
2. Sergeeva T.S. Razvitie liderskih kachestv studentov // Professional'noe obrazovanie. Stolica. № 9/2010. – 40-41 s.
3. Evtihov O.V. Trening liderstva [Tekst]: monografiya / O.V. Evtihov. – SPb.: Rech', 2007. – 256 s.
4. Konysheva L.N. Formirovanie liderskih kachestv studentov posredstvom uchastiya v deyatelnosti organov samoupravleniya [Tekst]: dis. ... kand. ped. nauk / L.N. Konysheva. - Kirov, 2009. – 190 s.
5. Чубарова Ю.Е. Формирование социокультурной компетенции как основы межкультурного общения студентов в условиях диалога культур Профессиональная наука, 2016. – С. 36 - 45.
6. Фундаментальная работа и практика. Том 1 - №4. – Томск, 2010

## ИССЛЕДОВАНИЕ ОСВЕДОМЛЕННОСТИ СТУДЕНТОВ О МЕНТАЛЬНОМ ЗДОРОВЬЕ

**Алимбаева Р.Т., Умуркулова М.М., Альгожина А.Р., Мухамедкаримова Д.Ф.**  
Карагандинский университет имени академика Е.А.Букетова  
Караганда, Казахстан

*В статье рассматривается осведомленность студентов о ментальном здоровье. Приводятся результаты контент-анализа. Были выделены следующие категории, которые характеризуют ментальное здоровье с точки зрения студентов: психическое состояние, психологическое и эмоциональное благополучие.*

**Ключевые слова:** *здоровье, ментальное здоровье, студент, психологическое здоровье, стрессоустойчивость.*

*Бұл мақалада студенттердің психикалық денсаулық туралы хабардарлығы қарастырылады. Мазмұнды талдау нәтижелері берілген. Оқушылардың көзқарасы бойынша психикалық денсаулықты сипаттайтын келесі категориялар анықталды: психикалық күй, психологиялық және эмоционалдық салауаттылық.*

**Түйін сөздер:** *денсаулық, психикалық денсаулық, студент, психологиялық денсаулық, стресске төзімділік.*

*This article examines students' awareness of mental health. The results of the content analysis are presented. The following categories were identified that characterize mental health from the point of view of students: mental state, psychological and emotional well-being.*

**Keywords:** *health, mental health, student, psychological health, stress tolerance.*

**Введение.** Современный человек живет в быстроменяющихся условиях, среди повсеместного распространения цифровых технологий, роботизации и умных гаджетов. Он обращает свое внимание на здоровье в случае переосмысления привычного образа жизни.

Здоровье – важнейшее условие работоспособности и гармоничного развития человеческого организма. Понятие здоровья в современной науке рассматривается не только как отсутствие болезни, недомогания, болезненного состояния, физических ограничений, но и как состояние полного социального, физического и психического благополучия.

Здоровье – бесценное достояние не только каждого человека, но и всего общества. Необходимым условием социального постоянства, предсказуемости процессов, разворачивающихся в обществе, выступает здоровье включенных в него людей. Здоровье – есть основное условие и залог полноценной и счастливой жизни. Оно помогает человеку выполнять намеченные планы, успешно решать основные жизненные задачи, преодолевать трудности, а если придется, то и выдерживать значительные перегрузки. Этим объясняется непреходящая актуальность проблем здоровья и факторов, его определяющих, для научного знания вообще и человека в частности.

Отношение к здоровью является одним из важнейших, но пока еще в недостаточной степени разработанных вопросов безопасности жизнедеятельности. Существующие виды отношения к здоровью находят выражение в действиях, поступках, переживаниях, суждениях людей о тех причинах, явлениях и условиях, которые определяют их физическое, психическое и социальное благополучие. Здоровье индивида позволяет ему в полной мере состояться как личность, а для общества здоровье его населения выступает неперенным ресурсом. Всеобъемлющая полнота жизни человека определяется уровнем его здоровья.

При изучении научных концептуальных трудов, посвященных дефиниции «здоровья», было выделено «социальное здоровья»; «здоровый образ жизни», «профессиональное здоровье», «психическое здоровье», «психологическое здоровье», «ментальное здоровье».

При рассмотрении перечисленных характеристик термина «здоровья», их можно объединить в модели-концепции:

– медицинскую (здоровье трактуется как отсутствие болезней или их симптомов), в которой учитываются только медицинские признаки и характеристики. С этой точки зрения здоровье трактуется как отсутствие болезней или их симптомов;

*The article discusses the latest approaches to mental health, including mobile applications for monitoring mood and psycho-emotional state, programs with elements of artificial intelligence for psychological counseling and diagnosis, digital technologies such as biofeedback and virtual reality to correct anxiety and depressive states.*

**Keywords:** mental health, emotion management, therapy, technology.

**Кіріспе.** Ұстаздар қауымына арнап сөйлеген сөзінде Қ. Тоқаев: «Қазіргі жаһандану дәуірінде жаңа технологияның қарқынды дамуы өмірімізге түбегейлі өзгерістер әкелді. Адам капиталына, білім саласына қойылатын талаптар мүлдем өзгеше. Сапалы білім қарқынды дамудың басты шартына айналды. Біз қазіргі заманның жаңаша талаптары мен үрдістеріне әрқашан сай болуымыз керек» деген[1].

Психикалық денсаулық және психологиялық саулық қазіргі қоғамда маңызды мәселе ретінде қарастырылады. Жыл сайын әлемде психикалық денсаулық мәселелері қарқын алып, олардың шешімін табу қажеттілігі де күшейіп келеді. Бұл мәселелер адамның өмір сапасын төмендетіп қана қоймай, әлеуметтік және экономикалық жағдайға да елеулі әсер етеді. Сондықтан психологиялық саулықты сақтаудағы инновациялық әдістер мен технологиялар ерекше маңызға ие болып отыр.

Денсаулық адам қызметінің барлық салаларында ағза мен ортаның өзара іс-қимылының үйлесімділік дәрежесімен айқындалады және жеке адамның тұтастай қоғамның өмір салтымен қамтамасыз етіледі. Денсаулық- бұл аурудың немесе физикалық ақаулардың болуы ғана емес, толық физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқат жағдайы да болып есептеледі[1, б. 57]. Психикалық денсаулық-бұл жалпы психикалық жайлылықпен сипатталатын, мінез – құлықты барабар реттеуді қамтамасыз ететін биологиялық және әлеуметтік сипаттағы қажеттіліктерге байланысты адамның психикалық саласының жағдайы. Бүгінгі денсаулық психологиясы – психологтардың арнайы дайындығын көздейтін перспективалық, тез дамып келе жатқан білім саласы деп айтуға болады.

**Негізгі бөлім.** Адамзаттың бүкіл тарихы сөзсіз әртүрлі аурулардың пайда болуымен, таралуымен және жойылуымен байланысты деп айтуға болады. Қоғамда «денсаулық» және «ауру» туралы идеялар қалай қалыптасып, өзгеріп, барған сайын әлеуметтік-мәдени сипатқа ие бола отырып, дамығанымен және жойылуымен науқастардың өздері туралы көзқарастар, сондай-ақ олармен қарым-қатынас пен тәсілдері өзгерді [2, б. 47]. Адамдар әрдайым аурудың себептерін анықтауға және оның мағынасын анықтай отыра әртүрлі құралдарды қолдана

отырып, одан қорғану жолдарын іздеді. Психикалық денсаулық және психологиялық әл-ауқат саласында инновациялық әдістер мен технологияларды қарастырған ғалымдардың зерттеулері психикалық денсаулықты жақсартудың жаңа жолдарын табуға және психологиялық әл-ауқатты арттыруға бағытталған.

Егер психологиялық ғылымның қалыптасу тарихына үңілсек, онда психика мен тұлға автономды біртұтас тақырыптар ретінде өзінің қалыптан тыс көріністерінің арқасында ғылыми зерттеудің тақырыбына айналғанын көруге болады. Адамның қайғы-қасіретін жеңілдету үшін осы психикалық бұзылулардың құпия себептерін ашуға тырысқан психотерапевт дәрігерлер психиатриялық құбылыстардың әртүрлілігін ғылыми тұрғыдан түсіндіруге арналған алғашқы теорияларды ұсынды. Олардың қатарына З.Фрейд, А.Адлер, К.Г.Юнгтің ілімдерін жатқызуға болады. Басқаша айтқанда, психопатология тұлғаның көптеген іргелі психологиялық теорияларын құрудың бастауы болды. XX ғасыр үнемі аурудың, патологияның, азаптың полюсіне ауысып отырды. Тұлғаишілік интеграция факторларын және психиканың толыққанды жұмыс істеуінің қажетті шарттарын анықтауға бірнеше рет әрекет жасалғанымен, бұл мәселеде бірлік пен айқындыққа қол жеткізілмеді, сондықтан денсаулық пен салауатты тұлға мәселесі әлі күнге дейін ғылыми емес, дүниетанымдық және философиялық болып қала берді.

Өз заманының көрнекті ғалымдарының бірі – У.Джеймс, ол жеке тұлғаның мәселелеріне ерекше назар аударды. Ол танымдық элемент тұлғаның эмпирикалық болмысы дей отырып, оларды жекелеп бөліп көрсетті, тұлғаның құрылымында бірнеше бөліктердің – физикалық, әлеуметтік және руханилықтың бөлінуі үлкен маңызға ие болды. У.Джеймс миды зерттеуден және танымдық процестер мен эмоцияларды дамытудан бастап, тұлғалық қиындықтарды зерттеулерге дейін көптеген мәселелермен айналысты. Адамның белсенділігі туралы айта отырып, ғалым психика оның практикалық қызметіне көмектеседі, әлеуметтік бейімделу процесін оңтайландырады және кез-келген іс-әрекетте жұмыс істеу мүмкіндігін арттырады.

К.Уилбер интегралды психологияны дамытқан ғалымдардың бірі. Ол адамның рухани, психологиялық және физикалық дамуының күрделі құрылымын зерттеді. К.Уилбер психикалық денсаулықты жақсартуда адамның барлық аспектілерін ескеруді ұсынады. Ол технология мен медитация, нейрофидбек секілді инновациялық әдістердің психологиялық әл-ауқатты қолдаудағы рөлін зерттеді. Р.Дэвидсон психикалық денсаулық пен ми функцияларының өзара байланысын зерттеді. Оның зерттеулері медитацияның миға және эмоциялық реттеуге оң әсер ететінін көрсетеді. Р.Дэвидсонның пікірі бойынша, технологиялар психологиялық әл-ауқатты жақсартуда маңызды рөл атқара алады. Мысалы, ол эмоциялық күйді бақылау үшін мобильді қосымшаларды қолдануды және эмоционалдық интеллектіні дамыту үшін жасанды интеллектіні пайдалану мүмкіндіктерін қарастырды.

Аталмыш зерттеушілердің негізгі идеялары психикалық денсаулықты жақсарту үшін дәстүрлі терапияны инновациялық технологиялармен біріктіру тиімді нәтиже беретіндігімен шарттасады. Мұндай құралдар арқылы психологиялық қолдау көрсету кеңейіп, психикалық әл-ауқатты арттыруға мүмкіндік туады. Психологиялық саулық адамға ішкі үйлесімге жетуге және стресстік жағдайлармен күресуге көмектеседі. Көптеген зерттеулер көрсеткендей, психикалық денсаулық пен психологиялық саулықты сақтау тек жеке адамның ғана емес, сонымен қатар оның қоршаған ортасының да жалпы саулығына тікелей байланысты [3,6.87].

Сонымен қатар технологиялық прогрестің дамуы психикалық және психологиялық денсаулықты сақтау әдістерін жетілдіруге мүмкіндік беріп отыр. Соңғы жылдары цифрлық технологиялар, мобильдік қосымшалар және интернет-платформалар психологиялық қызмет көрсету саласында кеңінен қолданылып жүр. Интернет-платформалар психологиялық қызметтерге жеке тоқталатын болсақ. Телемедицина – бұл қашықтықтан медициналық және психологиялық көмек көрсету әдісі. Психикалық денсаулық саласында бұл әдіс кеңінен

қолданылып келеді. Онлайн-кеңес берулер психотерапевт пен пациент арасында қашықтықтан байланыс орнатып, олардың арасындағы кедергілерді жояды. Психологиялық көмек алу үшін енді кеңсеге барудың қажеті жоқ, кез келген адам үйден шықпай-ақ онлайн-сессиялардан өте алады. Бұл әсіресе шалғай аймақтарда тұратын немесе уақыт тапшылығына ұшыраған адамдар үшін өте тиімді [4, б. 64]

Сондай-ақ психикалық денсаулықты қолдауға бағытталған мобильдік қосымшалардың саны артып келеді. Бұл қосымшалар медитация, тыныс алу жаттығулары, стресспен күресу және эмоцияларды басқару құралдары ретінде қолданылады. Мысалы, Headspace, Calm сияқты қосымшалар миллиондаған пайдаланушылардың арасында танымалдылыққа ие болып отыр. Бұл қосымшалар адамдарға күнделікті күйзелістермен күресуге, өз эмоцияларын бақылауға және ішкі тыныштықты табуға көмектеседі.

Виртуалды шындық (VR) технологиялары психологиялық терапияда ерекше орын ала бастады. Олар әсіресе үрейлермен (фобиялармен) және жарақаттық стресспен күресуде тиімді. Виртуалды шындық арқылы пациенттер шынайы өмірдегі үрей тудыратын жағдайларды қауіпсіз ортада бастан кешіреді. Бұл технологияны қолдану пациентке жаңа тәжірибе алуға мүмкіндік береді және фобияларды жеңуге мүмкіндік береді.

Биофидбэк – адамның дене көрсеткіштерін бақылау арқылы оның денсаулық жағдайын жақсартуға бағытталған технология. Бұл әдіс арқылы адамның жүрек соғысы, тыныс алу жиілігі немесе бұлшықеттердің кернеуі сияқты көрсеткіштер бақыланады. Биофидбэк терапиясы адамның өз ағзасын бақылап, өз эмоцияларын басқару қабілетін арттырады. Мұндай әдіс күйзелісті, бас ауруын, ұйқысыздықты және басқа да психосоматикалық мәселелерді шешуге көмектеседі. Технологиялық жаңалықтармен қатар, психологиялық денсаулықты қолдауға арналған жаңа терапевтік әдістер де пайда болуда. Когнитивті-мінез-құлық терапиясы бұл психикалық денсаулық мәселелерін шешуде тиімді әдіс. Бұл терапияның мақсаты – адамның теріс ойларын, сенімдерін және мінез-құлықтарын оң бетбұрысқа өзгерту. Қазіргі уақытта когнитивті мінез-құлық терапиясы онлайн платформаларда және мобильдік қосымшаларда да қол жетімді. Когнитивті-мінез-құлық терапиясы пациенттерге өзін-өзі реттеу дағдыларын үйретіп, теріс ойлар мен эмоцияларды өзгертуге себеп болады [4, б. 48].

Ақыл-ойды тәрбиелеу және эмоциялық интеллект психологиялық саулықты сақтауда маңызды рөл атқарады. Бұл арқылы адамдар өз эмоцияларын бақылауды және оларды дұрыс бағытта қолдануды үйренеді. Ақыл-ойды тәрбиелеу медитация, йога және тыныс алу жаттығулары арқылы жүзеге асырылады. Эмоциялық интеллектіні дамыту өзгелермен тиімді қарым-қатынас орнатуға, стрессті басқаруға және қиындықтарға төзімді болуға көмектеседі. Психологиялық денсаулықты қолдаудың болашағы инновациялық әдістер мен технологиялардың психологиялық саулықты сақтауда үлкен рөл атқарады. Болашақта бұл саланың дамуы күшейіп, жаңа тәсілдер мен құралдар пайда болады деп күтілуде. Мысалы, жасанды интеллект (AI) психологиялық диагностика мен терапияда қолданылып, әрбір пациентке жеке тәсіл ұсыну мүмкіндігін арттырады [5, б. 86].

Сонымен қатар, генетикалық зерттеулер психикалық денсаулық қиындықтарын алдын алуға бағытталған жаңа әдістерді дамытуға көмектеседі. Бұл саладағы жаңа зерттеулер адамдардың психологиялық денсаулығын жақсартуға мүмкіндік беретін биологиялық факторларды анықтауға бағытталады. **Қорытынды:** Психикалық денсаулық пен психологиялық саулық адам өмірінің маңызды аспектілері болып табылады. Оларды сақтау және нығайту үшін инновациялық әдістер мен технологиялар қазіргі қоғамда кеңінен қолданылады. Телемедицина, мобильді қосымшалар, виртуалды шындық және биофидбэк сияқты жаңа технологиялар адамның психологиялық денсаулығын қолдауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар, когнитивті-мінез-құлық терапиясы және ақыл-ойды тәрбиелеу секілді әдістер жеке тұлғаның өзін-өзі реттеу және басқару қабілетін арттырады. Инновациялар психикалық

денсаулық саласына еніп, оны қолжетімді әрі тиімді етіп отыр. Бұл әдістер әсіресе әртүрлі психикалық аурулардың алдын алу, ерте диагностика жасау және оларды емдеуде маңызды рөл атқарады. Мысалы, цифрлық платформалар арқылы көмек көрсету қолжетімділікті арттырады, ал виртуалды шындық терапиясы қорқыныштармен күресуде жаңа мүмкіндіктер ашып отыр. Психикалық денсаулықты қолдаудың болашағы өте перспективалы болып табылады. Ғылыми зерттеулер мен технологиялық жетістіктер бұл саланы дамытып, адам өмірінің сапасын жақсартуға бағытталған жаңа құралдар мен тәсілдер ұсынып келеді. Генетикалық зерттеулер, жасанды интеллект және нейротехнологиялар адамның психикалық жағдайын терең түсінуге және жеке терапия тәсілдерін қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша, психикалық және психологиялық денсаулықты сақтау – бұл жеке адамның ғана емес, қоғамның жалпы әл-ауқатына әсер ететін маңызды аспект. Инновациялық технологиялар мен әдістердің қолданылуы адамдардың өмір сапасын жақсартуға бағытталған үлкен қадам болып табылады. Сондықтан бұл салаға одан әрі көңіл бөліп, ғылыми және технологиялық жетістіктерді қолдану арқылы психикалық саулықты қолдау аса маңызды.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: «Bilim және Ǵylym!» атты тамыз конференциясының пленарлық отырысында сөйлеген сөзі. - 2019ж.
2. Бабаев, С. Б. Жалпы және тұлғалық психология [Мәтін] : оқулық / С. Б. Бабаев. – Алматы : NURPRESS, 2013. – 352 б.
3. Бұзаубақова, К. Ж. Білім берудегі инновациялық технологиялар. [Мәтін] : оқу құралы / К. Ж. Бұзаубақова. - Тараз : ТарМПИ, 2014. - 324 б.
4. Бақтыбаев, Ж. Ш. Білім берудегі АРТ - технологиялар : оқу құралы / Ж. Ш. Бақтыбаев, Ұ. Б. Төлешова, Ж. Әбдіқадырқызы. - Алматы : Қазақ университеті , 2020. - 98 б.
5. Бимагамбетова, Г.А. Заманауи білім берудегі инновациялық технологиялар : оқу құралы / Г.А. Бимагамбетова . - Алматы : EDP HUB , 2024. - 190 б.
6. Омарова, Р. Адамның психикалық энергиясының құпия мүмкіндіктері [Мәтін] : рухани-танымдық құрал / Р. Омарова. - Астана : "Prosper Print" ЖШС, 2016. - 104 б.

## ҒЫЛЫМИ ЗЕРТТЕУЛЕР НЕГІЗІНДЕГІ ПСИХИКАЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҚТЫҢ ТҮЛҒА ҮШІН МАҢЫЗЫ

**Макашқулова Г.Б., Серикова А.М.**  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз, Қазақстан

*Мақалада психикалық денсаулықтың тұлға үшін жаһандық маңызы мен оның жалпы әл-ауқатқа әсері қарастырылады. Психикалық денсаулықтың адам өміріндегі рөлі мен жастар арасында психикалық денсаулықтың жай-күйі талданады. Психикалық денсаулықтың негізгі компоненттері, оның әлеуметтік, экономикалық және мәдени аспектілермен байланысы зерттеледі. Психикалық денсаулыққа әсер ететін факторлар - стресстік жағдайлар, әлеуметтік изоляция, ақпараттық технологиялардың ықпалы және өмір сүру салты қарастырылады. Психикалық денсаулықты сақтау мен нығайту мақсатында ұсыныстар берілді*

**Түйін сөздер:** психикалық денсаулық, әл-ауқат, тұлға, стресс, өмір сүру салты

*В статье рассматривается глобальное значение психического здоровья для человека и его влияние на общее самочувствие. Анализируется роль психического здоровья в жизни человека и состояние психического здоровья среди молодежи. Изучаются основные компоненты психического здоровья, его связь с социальными, экономическими и культурными аспектами. Рассматриваются факторы, влияющие на психическое здоровье - стрессовые ситуации, социальная изоляция, влияние информационных технологий и образа жизни. Даны рекомендации по сохранению и укреплению психического здоровья.*

**Ключевые слова:** психическое здоровье, благополучие, личность, стресс, образ жизни



*The article examines the global importance of mental health for humans and its impact on overall well-being. The role of mental health in human life and the state of mental health among young people is analyzed. The main components of mental health, its relationship with social, economic and cultural aspects are studied. The factors affecting mental health are considered - stressful situations, social isolation, the influence of information technology and lifestyle. Recommendations for the preservation and strengthening of mental health are given.*

**Keywords:** mental health, well-being, personality, stress, lifestyle

**Кіріспе.** Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаев «Бәрімізді, әсіресе жастарды «Бұдан әрі қалай өмір сүреміз?» деген сұрақ мазалайды. Осындай кезеңде біздің дүниетанымымыз бен болмысымыз қазіргі заманның талаптарына сай болуы қажет. Яғни, тарихи тұрғыдан жаңғыртылған құндылықтарға бет бұруымыз керек», – деп, бүгінгі таңда қоғамның сенімі жастарға артылып отырғанын ерекше атап өтті [1]. Мемлекет заман талабына сай психикалық әл-ауқаты бар жастарды қажет етеді. Адамдардың сау психикалық жағдайы олардың жұмысына, өнімділігіне және экономикалық белсенділігіне тікелей әсер етеді.

Жеке адамның және бүкіл қоғамның тұрақты дамуы мен өмір сүру сапасын қамтамасыз ететін негізгі аспектілерді жаһандық маңызды шарт ретінде қарастылады. Қазіргі заман әртүрлі қиындықтарға толы: дамудың қарқындылығы, экономикалық қиындықтар, әлеуметтік және саяси мәселелер өршіп тұр. Дүние жүзіндегі 4 адамның шамамен 1-і өмір бойы психикалық немесе неврологиялық бұзылулардан зардап шегеді және бұл көрсеткіш жыл сайын артып келеді. Депрессия, мазасыздық, жарақаттан кейінгі стресс сияқты психикалық аурулар адамның жеке өміріне ғана емес, сонымен қатар оның кәсіби қызметі мен әлеуметтік белсенділігіне де кері әсер етеді. Осы факторларды ескере отырып психикалық денсаулықтың әр тұлға үшін маңыздылығы жан-жақты талдану көзделеді.

Денсаулық — бұл адамның физикалық, психикалық және әлеуметтік әл-ауқатының күйі. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының анықтамасына сәйкес: «Денсаулық ұғымы аурудың жоқтығын ғана емес, сонымен қатар ерік-жігердің, психикалық тұрақтылықтың және өмір сүру жағдайларына бейімделу қабілетінің болуын қамтиды». Қоғамның және жалпы елдің даму деңгейі мен әл-ауқатының әлеуметтік өлшемі ретінде шешуші рөл атқаратынын атап айтып өткен жөн [2, б. 23].

Психикалық денсаулық - бұл адамның өз әлеуетін жүзеге асыруға, өмірлік күйзелістермен күресуге, өнімді жұмыс істеуге және қоғамға үлес қосуға қабілетті әл-ауқат жағдайы, ол эмоционалды, психологиялық және әлеуметтік әл-ауқатты қамтиды. Психикалық денсаулық тек психикалық бұзылулардың болмауымен шектелмейді. Бұл адамның өзгерістерге бейімделу, өзіне және айналасындағыларға оң көзқарасты сақтау, басқа адамдармен үйлесімді қарым-қатынасты сақтау қабілетін қамтитын ұғым. Психикалық денсаулық дегеніміз:

1. Эмоционалды әл-ауқат қырынан қарағанда, психикалық денсаулық біздің әлемді қабылдауымызға, стрессті басқаруға және басқалармен қарым-қатынас орнатуға әсер етеді. Психикалық денсаулығы жақсы адам өмірлік қиындықтарды жеңіп, өзінің танымдық және эмоционалдық ресурсын тиімді пайдалана алады.

2. Функционалды өнімділік тұрғысынан қарағанда, психикалық сау адамдар өз қызметінде өнімді. Олар жұмыс тапсырмаларына жақсырақ назар аударады, тезірек шешім қабылдайды және шамадан тыс жүктеме мен стресстік жағдайларға төзімділікті көрсетеді.

3. Әлеуметтік қатынастар тұрғысынан қарағанда, салауатты психикалық күй жеке өмірде де, кәсіби салада да маңызды тұлғааралық қарым-қатынасқа ықпал етеді. Психологиялық қиындықтарға тап болған адамдар оқшауланудан және қарым-қатынас мәселелерінен зардап шегуі мүмкін [3, б. 55].

Психикалық денсаулық жалпы өмір сапасының негізі болып табылады. Бұл бақытты қабылдауға, өмірге қанағаттануға және күнделікті әрекеттерден ләззат алуға әсер етеді. Психикалық денсаулығы мықты адамдар өмірге оптимистік көзқараспен қарайды, бұл

олардың жалпы әл-ауқатына оң әсер етеді. Психикалық денсаулықты қолдау зорлық-зомбылық, қылмыс, тәуелділік және баспанасыздық сияқты әлеуметтік мәселелердің алдын алуға көмектеседі.

**Негізгі бөлім.** Психология ғылымында тұлғаның дамуы күрделі, сатылы процесс ретінде қарастырылады, оны тұрақты және сын кезеңдер арқылы сипаттайды. Белгілі бір кезеңдерде тұлғаның қалыптасуы оның психологиялық денсаулығымен тығыз байланысты. Адамның психикалық денсаулығы үш негізгі компонент арқылы қарастырылады: психикалық аурулардың болмауы, психиканың қалыпты дамуы, жалпы қолайлы жағдай. «Психологиялық денсаулық» ұғымына жаһандық ғалымдар түрліше сипат берген. Мәселен, А. Маслоу өзін-өзі жетілдіре алатын адамды психологиялық тұрғыдан сау тұлға деп санайды, ал Э. Фромм мұндай тұлғаны «өнімді тұлға» деп атайды, К. Роджерс болса «толыққанды жұмыс істейтін тұлға» деп есептейді [4, б. 33].

Гуманистік көзқарас тұрғысынан психикалық денсаулықты Г. Олпорт, А. Маслоу, К. Роджерс зерттеді, антропологиялық көзқарастың негіздерін В.И. Слободчиков, Е.И. Исаев, А.В. Шувалов, Г.А. Цукерман қалыптастырды. Адамның психикалық денсаулығы оның эмоционалдық жағдайымен, сондай-ақ өмір сапасымен тікелей байланысты. «Ағымдағы психологиялық әл-ауқат» және «Идеалды психологиялық әл-ауқат» ұғымдары ажыратылады, мұндағы «идеал» адамның өзінің өмірлік болмысын бағалаудың әмбебап өлшемі ретінде қарастырылады.

Л. Выготскийдің зерттеулері жеке тұлға мен психикалық денсаулықты қалыптастырудағы әлеуметтік орта мен мәдени факторлардың маңыздылығын көрсетеді. Ол сондай-ақ қоршаған ортамен өзара әрекеттесу процесі бұзылған немесе бұрмаланған жағдайда психикалық бұзылулар пайда болуы мүмкін деп тұжырымдады. Бұл оның идеяларын психикалық денсаулық пен әлеуметтік жағдайлар арасындағы байланысты түсінуге өзекті етеді.

Психологиялық тұрғыдан сау адам қиын жағдайларда мазасыздық немесе апатия күйіне түспейді, керісінше, олардың қайталануын болдырмау үшін мәселелерді шешудің жолдарын белсенді түрде іздейді. Өмірлік сынақтарға төзімділік қиындықтарды жеңуге күш салуды талап етеді. Психологиялық денсаулық адам мен қоршаған орта арасындағы тепе-теңдікке негізделген, оның негізгі көрсеткіші сәтті әлеуметтік-психологиялық бейімделу болып табылады. Сыртқы әлеммен үйлесімділік рухани құндылықтармен, өзін-өзі дамытумен және жеке өсуге деген ұмтылыспен тығыз байланысты. Психологиялық тұрғыдан сау адам саналы түрде рухани дамуға ұмтылады, бұл А. Шуваловтың пікірінше, рухани денсаулықтың көрінісі [5, б. 97].

Жоғарыда берілген анықтамаларды қорытындылай келе, психикалық денсаулық өмірдің жоғары сапасын қамтамасыз етуде маңызды рөл атқаратынын түсінеміз. Теңдестірілген эмоционалды күй эмоционалды тұрақтылыққа, үйлесімді қарым-қатынасқа, кәсіби қызметтегі өнімділікке және жалпы әл-ауқат жағдайына ықпал етеді. Адам қоршаған ортамен байланысқа түсу кезінде түрлі эмоционалды шиеленістерге тап болады. Стресс - психикалық денсаулық пен жалпы әл-ауқатқа айтарлықтай әсер ететін әртүрлі жағдайлар мен оқиғалардың әсерінен пайда болатын күнделікті өміріміздің сөзсіз бөлігі.

Ашу - жеңіл тітіркену мен қанағаттанбаудан бастап, қатты ашуға дейінгі эмоциялардың кең ауқымын қамтиды. Бұл күйлер эмоциялардың қарқындылығымен ғана емес, табиғатымен де ерекшеленеді. Қысқа мерзімді ашуды реніш ретінде білдіруге болады, бұл әділдік сезімімен байланысты, ал ашу шыдамдылық таусылғанда пайда болады. Ашу қауіпті, өйткені, тіпті сөзбен ғана білдірілсе де, оны көбінесе осы эмоцияны тудырған адамға зиян келтіру ниетін қоздырады. Стрестен эмоционалды босату көбінесе ашу сияқты жағымсыз эмоциялардың көрінісі арқылы жүреді. Депрессия - физикалық белсенділіктің бұзылуымен және тітіркендіргіштерге реакциямен, сондай-ақ есте сақтау, сөйлеу және зейін қою


проблемаларымен бірге жүретін эмоционалдык құлдыраудың ұзаққа созылған күйімен сипатталатын психикалық ауру.

Өзінің психикалық денсаулығына әр адам ең алдымен өзі жауапкершілік алуы тиіс. Жеке жауапкершілік қажеттіліктерді білуден және үнемі өзін-өзі күтуден басталады. Медитация секілді зейін практикасы стресс пен эмоцияны басқаруға көмектеседі. Америкалық ғалым, стрессті азайту клиникасының негізін қалаушы Джон Кабат-Зинн - зейін практикасының бастаушыларының бірі. Оның Mindfulness-Based Stress Reduction (MBSR) бағдарламасы саналы болу арқылы стрессті азайтуға бағытталған. Оның теориясы бойынша, зейін адамға қазіргі сәтке шоғырлануға көмектеседі, болашақ туралы алаңдаушылықты және өткен туралы депрессиялық ойларды азайтады, бұл жалпы психикалық денсаулықты жақсартуға ықпал етеді [6, б. 47].

Олай болса, денсаулықты саналы түрде жақсартудың жолдарын эксперименттік зерттеу мақсатында анықтаушы, қалыптастырушы және бақылаушы эксперимент студенттер арасында ұйымдастырылды. Диагностикалық зерттеу мақсатында келесі әдіс қолданылды:

Студенттердің психологиялық денсаулық деңгейін зерделеуге арналған Бек депрессия шкаласы (BDI) – депрессияның деңгейін бағалау сауалнамасы алынды. Сауалнамада жалпы 29 сұрақ ұсынылды, гугл диск платформасы арқылы онлайн форматта жүргізілді. Сауалнаманың нәтижелерін талдау барысында, төмендегі көрсеткіштер анықталды:

«Көңіл-күйім тұрақты, жиі өзгермейді» – 16 (45,71%), «жиі өзгеріп тұрады, себебін түсіне алмаймын» – 14 (40%) және «көбінде көңілсіз жүремін» – 5 (14,29%) деп жауап берген (1-сурет).



Сурет 1 - Сауалнамаға жауап беру көрсеткіші

Жастардың арасында басым көпшілігі өз көңіл-күйлері тұрақты болатынын түсініп, назар аудара алатын студенттер болғанымен, көңіл-күйлері неге өзгергенін түсіне алмай, қиналатын жастар баршылық екенін байқатты. Сонымен қатар, көбінде көңілсіз жүретін студенттер де кездеседі. Бұл студенттердің арасында көңіл-күйін бақылай алуға, тұрақтылығын сақтауға әрекет ете алмайтын қиындықтар да бар екендігін байқатады. Сауалнама нәтижелерін жинап, төмендегідей талдау жасалды:

1. Мәліметтерді статистикалық өңдеу: Қатысушылардың жауаптарын пайыздық көрсеткіштерге аудару.
2. Орташа мәндерді есептеу: қатысушылардың орташа стресс деңгейін анықтау.
3. SWOT талдау (Стрессті басқару бойынша):

Күшті жақтар (Strengths)	Әлсіз жақтар (Weaknesses)
- Қатысушылардың кейбіреуі стрессті басқаруды жақсы меңгерген	- Стрессті басқару қабілеттерінің кейбіреулерде нашар болуы

- Қолдау көрсететін әлеуметтік ортаның болуы	- Жүйелі түрде психологиялық қолдау көрсетудің болмауы
<b>Мүмкіндіктер (Opportunities)</b>	<b>Қауіптер (Threats)</b>
- Психологиялық тренингтерді ұйымдастыру	- Стресстің созылмалы сипат алуы
- Арттерапиялық немесе медитациялық әдістерді енгізу	- Стресстің физикалық денсаулыққа теріс әсері

Психикалық денсаулық пен әлеуметтік орта арасында тығыз байланыс бар. Позитивті әлеуметтік байланыстар мен қолдау жүйелері психикалық денсаулықты нығайтады [6, б. 44].

Жоғарыда келтірілген зерттеу нәтижелері негізінде қоғамдағы психологиялық денсаулық мәселелері туралы қажетті ақпаратты тарату және ассоциалды мінез-құлықтың алдын алу мақсатында, студенттердің психологиялық сауаттылығын арттыруға бағытталған іс-шараларды өткізу қажеттілігі анықталды. Нәтижелер мен SWOT талдау негізінде төмендегідей ұсыныстар беріледі:

1. Қалауларына орай стрессті басқаруға арналған топтық немесе жеке тренингтерді ұйымдастыру.

2. Медитация және тыныс алу жаттығуларын енгізу- бұл әдістер стрессті тиімді азайтуға көмектеседі.

3. Дене белсенділігін арттыру- тұрақты спортпен айналысу психологиялық жағдайды жақсартады.

4. Әлеуметтік қолдау жүйесін нығайту- қатысушыларға қиын жағдайларды талқылау үшін қолдау топтары мен достарға жүгіну маңызды.

Осыған байланысты, келесі бөлімде психологиялық денсаулықты саналы түрде қалыптастыру әдістерінің жүйесі іріктеліп ұсынылды.

Диагностикалық эксперимент нәтижесінде анықталған көрсеткіштерді түзету және дамыту мақсатында «Психологиялық денсаулықты саналы түрде жақсарту» атты кешенді тренингтік сабақ жоспары әзірленіп, келесі бөлімдерге негізделеді: эмоционалды интеллект дағдылары, өзінді өзгерт, қиындықтарды мүмкіндікке айналдыру, жетістікке жету мотивациясы.

Жоспарға негізделген тренингтер жиынтығы эмоционалды интеллектіні дамыту, тұлғалық өсу, қиындықтарды жеңе білу, жетістікке жету мотивациясын арттыруға және қатысушылардың өзін-өзі тануы мен психологиялық саулығын жақсартуға бағытталған. «Эмоцияны интеллектуалды басқару» жаттығуы.

Мақсаты: Эмоцияларды тану және оларды басқару дағдыларын дамыту, эмоционалды интеллектті жетілдіру.

Теориялық бөлімде «Эмоциялар деген не? Олардың адам өміріндегі рөлі және эмоциялық интеллект түсінігі» талқыланады, практикалық бөлімде «Эмоциялар картасы» жаттығуында қатысушылар әртүрлі жағдайларда қандай эмоция сезінетін, қалай басқарылатыны талқыланып, тәжірибелерімен бөліседі.

Қорытынды: қатысушылар эмоцияларды тану мен оларды конструктивті түрде басқару дағдылары игеріледі.

«Өзінді өзгерту өз қолыңда» жаттығуы

Мақсаты: Өзін-өзі дамытуға деген сенімділікті арттыру, ішкі мотивацияны ояту және өмірлік мақсаттарға қол жеткізу жолдарын үйретеді.

Теориялық бөлімде өзін-өзі өзгерту жолдары, адамның жеке өсуі және өзін-өзі жетілдіру философиясын меңгереді, практикалық бөлімде қатысушылар «Өзгерістер картасы» жаттығуында өмірде қандай өзгерістер қажет екенін және оны қалай жүзеге асыруға болатынын жоспарлайды.

- Қорытынды: қатысушылар өздерін жетілдіру жолдарын түсініп, алғашқы қадамдарды жасауға дайын болады.

«Қиындықтарды мүмкіндікке айналдыр» жаттығуы

Мақсаты: Қиындықтармен күресу қабілетін арттыру, өмірлік қиындықтарды мүмкіндіктер ретінде қарастыру.

Теориялық бөлімде қиындықтардың мәні, стрессті оң көзқараспен қабылдау, қиындықтарды мүмкіндіктерге айналдыру тәсілдері туралы түсінік беріледі, өздерінің өмірлік қиын жағдайларын айтып, оны оң нәтижеге қалай айналдыруға болатынын талқылайды. Практикалық бөлімде кейстерді талқылау арқылы табысқа жеткен адамдардың мысалдарын қарастырады.

Қорытынды: Қатысушылар қиындықтарды тек сынақ ретінде ғана емес, жаңа мүмкіндіктер деп қабылдауға үйренеді. Жаттығулардан кейін қатысушылар эмоционалдық жағдайды тиімді басқара білу, қиындықтарды жеңіп шығу, өз-өзін жетілдіру және мақсатқа жетуге деген мотивацияны арттыру дағдыларын игереді. Бұл тренингтер студенттердің психологиялық саулығын нығайтуға және олардың өмірлік белсенділігін арттыруға бағытталған.

«Интеллект-карта (ой картасы)» жаттығуы

Ой картасын құрудың мақсаты: ойды ретке келтіру, олардың толық бейнесін көру және жаңа ассоциациялар табу. Т. Бьюзеннің әдісіне сүйене отырып, интеллект-карта ойлау процесін жақсартуға және ой еркіндігін арттыруға көмектеседі. Бұл карта орталықтан басталып, кішігірім бөліктерге бөлініп, радиалды түрде таралатын құрылым. Қатысушылар өздерінің интеллект-картасын жасап, талдау жүргізеді. Әр қатысушы өз ойларымен бөлісіп, рефлексиялық талдау жасады (2-сурет).



Сурет 2 - Жетістікке жетудің интеллект-картасы

Зерттеу нәтижелерінің негізінде жастардың психологиялық денсаулығын қалыптастырып, қолдауды қамтамасыз ету үшін психологиялық-педагогикалық көмек көрсету мақсатында қосымша ұсыныстар ұсынылды. Бұл ұсыныстар жастарға эмоциялық тұрақтылықты сақтауға және тұлғалық дамуға бағытталған.

Сондай-ақ, жастардың психикалық саулығын жақсартып, өмірде табысқа жетуге көмектесетін оқуға және көруге арналған құнды материалдар ұсынылады.

Фильмдер:

- «Королева Катвы» (Фиона Мутези);
- «Пеле: Король футбола» (футболдың аңызы жөнінде).

Кітаптар:

- Мырзагелді Кемел «Ақыл қалта»;
- Элияху Голдрат «Цель. Процесс непрерывного совершенствования»;
- Тони Роббинс «Власть над собой».

**Қорытынды.** Психикалық денсаулық қоғамның экономикалық және әлеуметтік әлауатымен тікелей байланысты. Оңтайлы психикалық жағдайы бар адамдар жұмыста өнімдірек, қиындықтарды жақсы жеңеді және өзгерістерге оңай бейімделеді. Психикалық денсаулыққа қамқорлық қылмыс пен зорлық-зомбылық деңгейін төмендетуде де маңызды рөл атқарады, өйткені көптеген психикалық бұзылулар уақытында емделмеген жағдайда агрессивті мінез-құлық пен қоғамға қарсы әрекеттерге әкелуі мүмкін.

Психикалық денсаулық-толыққанды және бақытты өмірдің негізі. Қазіргі әлем жағдайында оның маңыздылығын елемеу енді мүмкін емес, өйткені жеке адамның өмірі ғана емес, жалпы қоғамның дамуы да психикалық әл-ауқатқа байланысты. Психикалық денсаулықты жақсартуға бағытталған жаһандық күш-жігер үкімет, ұйымдар, жұмыс берушілер және әр адам деңгейінде бірлескен іс-қимылды қажет етеді. Тек осылай ғана қоғам құруға болады, онда әр адам өзімен және басқалармен үйлесімді өмір сүре алады, қазіргі заманның қиындықтарын жеңе алады. Бүгінгі жастар – ертеңгі еліміздің болашағы. Сол себепті де жастардың денсаулығын саналы түрде жақсартуға психологиялық-педагогикалық ықпал ету болашақ ұрпақтың жарқын келешегін қолдау болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев: Республикалық «Ана тілі» газетіне арнайы сұхбат. – А., 2019ж.
2. Заочинский, М.С. Диагностика психического здоровья студентов // Инновации. Наука. Образование. – 2021. – № 27. – С. 1632-1636.
3. Румянцева, Л.В. Психическое здоровье и его влияние на учебную деятельность студентов // Современные проблемы науки и образования. – 2020. – № 2. – С. 45-50.
4. Васильева О.С., Филатов Ф.Р. Психология здоровья человека: эталоны, представления, установки: Учеб. пособие для вузов. М.: Академия, 2003. -352с.
5. Кенжебаев Е. Жасөспірімдердің психикалық денсаулығын қолдау // Қазақстандағы психологиялық зерттеулер. – 2020. – Т. 8, № 2. – Б. 50-56.
6. Смаилова Г. Психикалық денсаулық және әлеуметтік орта // Жастар және қоғам. – 2021. – № 7. – Б. 38-44.

## ЖОО БІЛІМ АЛУШЫЛАРДЫҢ ПЕРФЕКЦИОНИСТІК ҚАБІЛЕТТЕРІНІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

**Махашова П.М., Абдырахимова А.Н.**  
М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті  
Тараз, Қазақстан

*Бұл мақалада білім алушылардың қарым-қатынас, мақсатқа жету жолдары және тұлға қасиеттеріндегі перфекционизмнің оң және теріс жақтары қарастырылған. Перфекционизм – өзге тұлғалардың критерийлері мен сенімдерін қанағаттандыру мақсатында құралған қабілет болып табылады.*

*Сонымен қатар, перфекционизм мотивациялық күш ретінде жақсылыққа ұмтылу мен кемшіліктерді қабылдау арасындағы тепе-теңдік психикалық денсаулықтың маңызды аспектісі ретінде қарастырады.*

**Түйін сөздер:** перфекционизм, позитив, диагностика, абстракция, депрессия, стресс

*В этой статье рассматриваются отношения, пути достижения целей и плюсы и минусы перфекционизма в личностных качествах обучающихся. Перфекционизм-это способность, созданная с целью удовлетворения критериев и убеждений других лиц.*

*Кроме того, перфекционизм как мотивационная сила рассматривает баланс между стремлением к добру и принятием недостатков как важный аспект психического здоровья.*

*Ключевые слова: перфекционизм, позитив, диагностика, абстракция, депрессия, стресс*

*This article examines relationships, ways to achieve goals, and the pros and cons of perfectionism in students' personal qualities. Perfectionism is an ability created to satisfy the criteria and beliefs of others.*

*In addition, perfectionism as a motivational force considers the balance between striving for goodness and accepting shortcomings as an important aspect of mental health.*

*Keywords: perfectionism, positivity, diagnosis, abstraction, depression, stress*

**Кіріспе.** Психологияда перфекционизм, белгілі бір кезеңдегі құбылыс ретінде қарастырады, өйткені перфекционизм жетістікке ұмтылумен байланысты, көбірек жұмысқа мұқият қарау, сондай-ақ жоғары фокус пен зейінді жетілдіруге байланысты. Көптеген ғалымдардың зерттеулерінде Н.Г. Гарониан, Р. Фрост перфекционизм мен өзін-өзі бағалау деңгейінің өзара байланысын, қарым-қатынас туралы деңгейі мен әлеуметтік бейімделу деңгейін қарастырған.

Перфекционизм – психологияда адамның мінсіздігі мен ұмтылуға деген қамқорлығымен сипатталатын кең тұлғалық қасиет. Бұл қабілеті бар тұлғалар өзгелерден қателіктерді тез табады және тым сынайды.

Перфекционизм – бұл психикалық жеке қасиет болып табылады. Перфекционистік қабілеті бар тұлға іс-әрекетті орындау барысында өте көп уақыт пен энергияны талап етеді[1].

Перфекционизмнің құрылымы туралы идеяларды дамытуға канадалық зерттеушілер П.Хьюит пен Г. Флитт (1990) негізгі үлес қосты. Олар келесі параметрлерді қамтитын перфекционизмнің өзіндік көп өлшемді моделін ұсынды:

- «Мен» – бағытталған перфекционизм;
- Басқа адамдарға бағытталған перфекционизм;
- Жалпы әлемге бағытталған перфекционизм;
- Әлеуметтік тағайындалған перфекционизм.

1) «Мен» – бағытталған перфекционизм жоғары талаптар, үнемі өзін-өзі бағалау және өзін-өзі жетілдіру, сондай-ақ әртүрлі адамдарда қарқындылығы бойынша өзгертін кемелдікке ұмтылу мотиві;

2) Басқа адамдарға бағытталған перфекционизм, жалпы ортадағы маңызды адамдардың ерекше қасиеттерін бағалау;

3) Жалпы әлемге бағытталған перфекционизм, бәрі дәл, ұқыпты, дұрыс болуы керек және барлық проблемалар уақтылы шешілуі керек;

4) Әлеуметтік тағайындалған перфекционизм-маңызды басқалардың талаптарын қанағаттандыру мақсатында қажеттілігін көрсетеді. Бұл бағыттың маңыздылығы эмоционалды экспрессивтілік (ЭЭ) тұжырымдамасы шеңберіндегі психоәлеуметтік болжаушыларын зерттеумен расталады.

Перфекционистер қол жетпейтін мақсаттарға жету үшін мәжбүрлі және тоқтаусыз күш салады. Олар өзін-өзі бағалауын жетістіктер арқылы көреді және шындыққа жанаспайтын мақсаттарға жету үшін өздеріне қысым жасайды[2,256].

**Негізгі бөлім.** Перфекционизмі бар адамдар іс-әрекеттері әрқашан жоғары деңгейде болуы керек деп ойлайды. Кейбір адамдар перфекционизмді салауатты мотиватор деп қателеседі, бірақ олай емес. Перфекционизм ұстанған адам өзіне тым көп талаптар қойғандықтан, өзін бақытсыз сезінуі мүмкін.

Перфекционизм, әрине, абстракция, шындықта мүмкін емес. Оған шектен тыс ұмтылу кейінге қалдыруға, «өте жақсы немесе ештеңе» туралы қатаң ойлауға, өзгемен салыстырулар және шығармашылықтың болмауы сияқты жағымсыз нәтижелерге әкелуі мүмкін.

Перфекционизмнің эмпирикалық зерттеулеріндегі негізгі бағыттарға мыналар жатады:

- 1) перфекционизмнің психологиялық құрылымын анықтау;

2) диагностикалық әдістемелерді әзірлеу;

3) перфекционизм мен депрессия арасындағы байланысты зерттеу. Перфекционизмнің құрылымы туралы идеяларды шетелдік ғалымдардың екі тобы әзірледі.

Перфекционизмге ұмтылу мен кемелдікті талап етудің арасында айырмашылық бар. Бейімделгіш немесе позитивті перфекционистер мақсаттар қояды, жоғары қасиеттерге ие және табысқа жету үшін тынымсыз еңбек етеді.

Перфекционизм жастарда да, ересектерде де болады. Балалар мен жасөспірімдер көбінесе мектептегі жұмыстарында, спорт, үйірмелер, қоғамдық жұмыстар және жұмыс сияқты іс-шараларда шамадан тыс жетістікке жетуге мәжбүр болады. Бұл сәттілікке деген құмарлыққа әкелуі мүмкін. Сайып келгенде, бұл оған жету қабілетіне кедергі келтіреді.

Перфекционистік қасиеттері бар адамдар әдетте жоғары талаптарға ие. Бұл талаптар өмірдің кез келген саласына қатысты болуы мүмкін, мысалы:

- Спорттық немесе көркем орындау;
- Оқу жетістіктері;
- Мансаптық немесе қаржылық жетістік;
- Ұйымшылдық, тазалық, уақытылы орындау немесе тәртіп;
- Физикалық келбеті;
- Фитнес және денсаулық;
- Қарым-қатынас және отбасы;
- Моральдық немесе діни кодексті сақтау[3,31-40].

Осының ішінде оқу жетістіктеріне тоқталсақ, перфекционизмнің білім алушыға жағымды және жағымсыз жақтары болады. Біріншіден, оқуда әрдайым үздік болуға ұмтылады, берілген тапсырманы немқұрайлы қарамай, мән беріп оқиды, қосымша ізденеді. Мұғалім бергеннен бөлек, өзі артығымен дайындалады. Жоғары көрсеткішке жету үшін материалды жақсылап меңгеріп, мүлт кетпеуге тырысады. Осылайша, білім алушы перфекционизмнің арқасында білім саласында биіктен көрініп, жетістіктерге жетеді. Ұстаздардың сүйікті шәкіртіне айналады. Шәкірттің перфекционизм арқылы білім алуы өз ықтиярымен немесе ата-анасының күштеп, талап етуінен болады. Екінші нұсқасы ұзаққа бармайды әрі салмағы ауыр. Ата-ана баласынан мінсіз нәтижені күтпей, керісінше сол нәтижеге жетуі үшін баласына жағдай жасауы шарт[4,304].

Перфекционизмнің оң және теріс жақтары

Оң жақтары:

- Жоғары талаптар мен қабілеттерді жетілдіруге ұмтылу оқуда, мансапта және жеке жобаларда сәтті нәтижелерге әкелуі мүмкін.

- Перфекционистер көбінесе еңбекқор, тәртіпті және жауапты жұмысшылар болып табылады.

Теріс жақтары:

- Перфекционистер көбінесе стресстен, мазасыздықтан, сәтсіздік сезімінен зардап шегеді және депрессияға ұшырауы мүмкін.

- Мінсіздікті орнату басқаларға шамадан тыс талаптар қою арқылы басқалармен қарым-қатынасты бұзуы мүмкін.

Зерттеу нәтижелері «Perfectionism: Theory, Research, and Treatment» – Авторлары Гордон Флетт және Пол Хьюитт кітабына негізделген, яғни өзіне бағытталған перфекционизм – 40%, басқаларға бағытталған перфекционизм – 30%, ал әлеуметтік перфекционизм – 30% құрайды. Қорытынды нәтижелер сурет – 1 қарастырылған.





Сурет 1 – Перфекционизмнің түрлері

**Кесте 1 - Перфекционистік қабілеттері бар білім алушылардың ерекшеліктері**

Ерекшеліктер	Сипаттамасы
Жоғары талаптар	Білім алушылар өздеріне өте жоғары талаптар қояды және соларға жетуге тырысады
Стресстің артуы	Перфекционизм стресстің жоғарылауына және уайымға алып келеді
Қателіктерге сыни көзқарас	Қателіктер жеке сәтсіздіктер ретінде қабылданады, бұл қатты эмоционалдық реакция тудыруы мүмкін
Жауапкершіліктің артуы	Перфекционист білім алушылар барлық аспектілер үшін өздерін жауапты сезінеді
Тапсырмаларды аяқтауда қиындықтар	Перфекционизм тапсырмаларды аяқтауға қиындық тудырады, өйткені олар үнемі жұмыстарын жетілдіріп отырады
Жоғары мотивация	Перфекционист білім алушыларда жоғары мотивация бар, бұл оларды белсенді әрекетке ынталандырады.

Ғалымдардың зерттеуінше, перфекционизм деңгейі жоғары білім алушыларда депрессия, жалпы мазасыздық, күнделікті стресс, әлеуметтік мазасыздық және айналадан оңашаланудан да көруге болады[5,276].

**Қорытынды.** Перфекционизм – адамның өз іс-әрекеттері мен жетістіктеріне өте жоғары стандарттар қойып, кез келген кемшілікті немесе сәтсіздікті қабылдауда қиындық тудыратын психологиялық құбылыс.

Перфекционизм психикалық денсаулыққа теріс әсер етіп, өнімділікті төмендетуі мүмкін. Адамдар көбіне сәтсіздіктерді қабылдауда қиындықтарға тап болып, өздерінің жетістіктерін бағалауда объективтілікке жетпейді.

Перфекционизммен күресу үшін өзін-өзі қабылдау, шынайы мақсаттар қою, психологиялық көмек алу және стресс басқару әдістерін қолдану маңызды. Перфекционизмді түсіну мен басқару өмір сапасын арттыруға және психикалық денсаулықты нығайтуға көмектеседі.

Перфекционизм адамның жеке өміріне, жұмысына және әлеуметтік қарым-қатынастарына теріс әсер ете алады. Сондықтан, перфекционизмді түсіну мен басқару маңызды болып табылады.

#### Әдебиеттер

1. Ясная В. А., Зурабова А. М. Апробация методики измерения перфекционизма Р. Слейни «Почти совершенная шкала» // Матер. междунар. молодежного науч. форума «Ломоносов-2011: связь времен и поколений». М., 2014 г.
2. Тал Бен-Шахар. Парадокс перфекциониста - «Манн, Иванов и Фербер», 2017. - С. 256. - ISBN 978-5-91657-754-9
3. Гаранян Н.Г. Перфекционизм и психические расстройства (обзор зарубежных эмпирических исследований) // Терапия психических расстройств 2019 - № 1 - с. 31-40
4. Соколова Е.Т. Общая психотерапия. М.: Тривола, 2007, 304 с.
5. Hewitt P., Flett G., Ediger E. Perfectionism and depression: longitudinal assesment of a specific vulnerability hypothesis // J-l of Abnormal Psychology. 2016. V. 105. № 2. P. 276-280.

## ВЛИЯНИЕ ЛИЧНОСТНЫХ И СОЦИАЛЬНЫХ ХАРАКТЕРИСТИК НА ПОНИМАНИЕ ПОНЯТИЙ «ЛЮБОВЬ, БРАК, СЕМЬЯ» У ПРЕДСТАВИТЕЛЕЙ РАЗНЫХ ПОКОЛЕНИЙ

Мухамедгалиева А.М., Кабакова М.П.

Казахский национальный университет имени аль-Фараби  
Алматы, Казахстан

*В статье рассматривается, как личностные и социальные характеристики формируют понимание таких понятий, как «любовь», «брак» и «семья» в разных поколениях. Цель исследования — выявить ключевые различия и общие черты восприятия этих понятий в зависимости от поколенческих факторов, включая возраст, социально-экономический статус и культурный фон. Через анализ релевантной литературы и эмпирических данных исследование подчеркивает эволюцию этих понятий и их значимость в современном обществе.*

**Ключевые слова:** любовь, брак, семья, поколенческие различия, социальные характеристики.

*Бұл мақалада әртүрлі ұрпақтар өкілдерінің "махаббат", "неке" және "отбасы" ұғымдарын түсінуге тұлғалық және әлеуметтік сипаттамалардың қалай ықпал ететіні қарастырылады. Зерттеудің мақсаты – жас, әлеуметтік-экономикалық мәртебе және мәдени тұрғы сияқты ұрпақтық факторларға байланысты осы ұғымдарды қабылдаудағы негізгі айырмашылықтар мен ортақ ұқсастықтарды анықтау. Әдебиеттерді шолу мен эмпирикалық зерттеулер арқылы бұл зерттеу осы ұғымдардың қалай өзгергенін және олардың қазіргі қоғамдағы маңыздылығын көрсетеді.*

**Түйін сөздер:** махаббат, неке, отбасы, ұрпақтық айырмашылықтар, әлеуметтік сипаттамалар.

*This article explores how personal and social characteristics shape the understanding of the concepts of "love," "marriage," and "family" across different generations. It aims to identify key differences and commonalities in perceptions based on generational factors, including age, socio-economic status, and cultural background. Through a review of relevant literature and empirical research, this study highlights the evolving nature of these concepts and their significance in contemporary society.*

**Key words:** love, marriage, family, generational differences, social characteristics.

**Введение.** Любовь, брак и семья – это ключевые концепции, имеющие глубокие корни в человеческой культуре и психологии. Эти понятия изучаются с разных сторон: философами, лингвистами, социологами, психологами и многими другими представителями гуманитарных наук. У каждого поколения возникают свои представления о любви, браке и семье, что обуславливается рядом личностных и социальных факторов. Одной из актуальных задач является исследование того, как эти характеристики влияют на понимание указанных понятий у представителей разных возрастных групп.

Понятия "любовь", "брак" и "семья" являются основополагающими для человеческих отношений и социальных структур. Однако эти понятия не статичны; они эволюционируют с течением времени и подвержены влиянию различных личных и социальных характеристик. В данной работе рассматривается, как различия между поколениями влияют на понимание этих понятий, в частности среди представителей поколения X, миллениалов и поколения Z. Изучение этих восприятий имеет важное значение, поскольку оно проливает свет на изменяющиеся социальные нормы и ценности, предоставляя информацию о том, как личные переживания и социальные контексты формируют индивидуальное понимание этих концептов.

#### Теоретическая основа

Данное исследование опирается на несколько теоретических основ для понимания взаимосвязи между личными и социальными характеристиками и восприятиями любви, брака и семьи. Ключевые теории включают:

**Теория социальной идентичности:** Эта теория утверждает, что индивиды формируют свое чувство идентичности на основе социальных групп, к которым они принадлежат. Генерационная идентичность может значительно влиять на то, как люди воспринимают и интерпретируют такие понятия, как любовь и брак.

**Культурный релятивизм:** Эта перспектива подчеркивает важность культурного контекста в формировании ценностей и убеждений. Понимание любви, брака и семьи может существенно варьироваться в зависимости от различных культур и исторических периодов.

**Теория привязанности:** Эта психологическая основа объясняет, как ранние отношения с опекунами могут влиять на будущие отношения. Представители разных поколений могут демонстрировать различные стили привязанности, основываясь на семейных структурах, с которыми они сталкивались в годы своего формирования.

#### Методология

Данное исследование использует методику смешанных методов, сочетая количественные и качественные исследовательские подходы. Для измерения многомерных значений понятий любви, брака и семьи будет применен метод семантического дифференциала среди трех генерационных когорт: поколения X (1965-1980), миллениалов (1981-1996) и поколения Z (1997-2012). Для оценки личностных характеристик будет использован опросник Большой пятерки, в то время как проективный семантический метод позволит исследовать субъективные представления этих понятий.

Выборка из 90 респондентов будет разделена поровну между тремя возрастными группами, обеспечивая сбалансированное представительство по полу, семейному положению, уровню образования и опыту отношений. Сбор данных будет осуществляться через опросы и интервью, что позволит провести всесторонний анализ генерационных восприятий.

#### Результаты и обсуждение

Предварительные результаты исследования указывают на заметные различия в понимании любви, брака и семьи среди различных поколений.

#### Любовь:

По мнению Артемьевой [Артемьева, 2015, с. 23] любовь представляет собой сложный психологический феномен.

Поколение X склонно воспринимать любовь как преданное партнерство, часто основанное на традиционных ценностях и эмоциональной стабильности. Они подчеркивают важность лояльности и поддержки в отношениях. Миллениалы проявляют более гибкое понимание любви, часто ставя на первое место личное удовлетворение и эмоциональную связь. Они более открыты к переосмыслению любви в нетрадиционных отношениях.

Поколение Z, находясь под влиянием социальных медиа и глобальной взаимосвязанности, склонно рассматривать любовь через призму индивидуализма и самовыражения, акцентируя внимание на важности психического здоровья и совместимости.

**Брак:**

Для поколения X брак рассматривается как социальная норма и важный этап в жизни. Они часто воспринимают его как долгосрочное обязательство, основанное на общих ценностях. Леонтьев отмечает, что брак выполняет важные социальные функции [Леонтьев, 2016, с. 45].

Миллениалы более скептически относятся к традиционному браку, рассматривая его как одну из множества опций для личных отношений. Они чаще всего отдают предпочтение сожителству или долгосрочным партнерствам без официального заключения брака.

Поколение Z еще более склонно ставить под сомнение традиционные нормы брака, акцентируя внимание на значимости личного выбора и равенства в отношениях.

**Семья:**

Поколение X часто определяет семью в традиционных терминах, ценя стабильность и структуру. Они могут придерживаться консервативных ролей в рамках семейной единицы.

Миллениалы, находясь под влиянием изменяющихся гендерных ролей и разнообразных семейных структур, зачастую принимают более широкое определение семьи, включая выбранную семью и однопарентские домохозяйства. Согласно исследованиям Ушаковой, современное общество вносит коррективы в традиционные представления о семье [Ушакова, 2018, с. 89].

Поколение Z придает большое значение эмоциональным связям в семейной динамике, ставя на первое место поддержку и понимание, а не традиционные роли.

**Заключение**

Понимание понятий "любовь", "брак" и "семья" значительно зависит от личных и социальных характеристик, которые варьируются в разных поколениях. По мере того как социальные нормы продолжают эволюционировать, меняются и значения, приписываемые этим концепциям. Данное исследование подчеркивает необходимость дальнейших исследований о том, как восприятия разных поколений могут информировать современные практики в области психологии, консультирования по вопросам отношений и семейных исследований.

Полученные результаты акцентируют внимание на важности признания разнообразия опытов и ценностей, формирующих понимание индивидуумами основных человеческих концептов. В условиях постоянных изменений определений любви, брака и семьи крайне важно взаимодействовать с этими трансформациями для углубленного понимания человеческих отношений в быстро меняющемся мире.

#### Литература

1. Артемьева Е. Ю. Психологические аспекты любви. – М.: Наука, 2015. – 256 с.
2. Брудный А. А. Кросс-культурные исследования семьи и брака. – М.: Российская академия наук, 2020.
3. Ительсон Л. Б. Психология семьи: исследования и практические рекомендации. – Екатеринбург: Урал ун-т, 2017.
4. Леонтьев А. Н. Психология брака. – СПб.: Питер, 2016. – 320 с.
5. Нагибина Н. Л. Гендерные аспекты любви и семьи: культурный контекст. – Р-н-Д.: Феникс, 2018.
6. Петренко В. Ф. Психология любви и семейных отношений. – СПб.: РГПУ им. А. И. Герцена, 2021.
7. Ушакова О. Н. Традиции и современность в семье. – Казань: Татполиграф, 2018.
8. Ушакова Т. Н. Любовь и брак в современном обществе: социологический анализ. – Казань: Казан. ун-т, 2018.
